ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ

ғылыми-танымдық журналы



1-2026



Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.

Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №1-2026
ISSN: 3106-4485

Бас редактор:
Эльмира Абдукамалова

Жауапты редактор:
Тазагүл Қабыкенқызы

Редакторлар:
Аягоз Султанова
Батырхан Сәрсенхан

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фототілші:
Қанат Мусин

Редакцияның мекенжайы:
010000, Астана қаласы
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме
Байланыс телефондары:
+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады
Пішімі 205х275 мм. Офсеттік басылым 4+4
Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

«Астана қаласының жас мүгедектері»
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Е 489, 6
Тел.: 8 701 251 90 17

МАЗМҰНЫ

Музей жаңалықтары....4

Тұлға

Ж. Таймагамбетов. Акишев Кемаль Акишевич у истоков становления казахстанской археологии....9
Д. Шимирбекова. Шоқан Уәлиханов зерттеулеріндегі діни дүниетаным мәселесі....14
А. Ихашова. Поэт, композитор Шашубай Кошкарбаев: традиционное и инновационное в казахской литературе и искусстве....18
З. Исина. Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би....23

Құнды жәдігер

С. Жылқыбаева. Қолдың сәні – білезік....31
А. Құрақбайқызы. Қазақтың дәстүрлі танымындағы қамшының қасиеті....33
А. Нысантаева. Тұрмыстық тігін машиналар....37
Д. Тауасарова. Шыныаяқ пішініндегі мәдени синтез....40

Мәдени мұра

Н. Елкей. Мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудағы музей ісінің рөлі....43
А. Ибрагимова. Қазақ халқының қысқы ойындары....48
Р. Нишанбаева. Өнердің өрелі биігі – айтыс....50

Бабалар мұрасы

Д. Рахимқызы. Тастан табылған сыр – оғыз өркениетінің белгісі....52
О. Максат. Научная реставрация артефактов, найденных в курганах....53
Д. Тоқтаров. Ботайдан басталған ғылымға жол....59
Ә. Шаимова. Сүйектегі өрнек, тарихтағы өнеге: Ботай мәдениетінің мұрасы....62

Музей тынысы

Б. Сәрсенхан. Музей – өткен мен бүгіннің көпірі....65
К. Исабаева. Almaty Museum of Arts (Музей современного искусства Алматы)....67
Л. Диханбаева. Музей мен жасанды интеллекттің тоғысуы....72

Ғажайып әлем

М. Ермекбаева. «Аңыз әлемінде» – ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіретін ертеңгілік....76

Мәдени жады

Л. Мырзашева. Дәстүрлі киімнің трансформациясы: тарихи және заманауи үрдістер....80
А. Смайлова. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави – символ культурной памяти....86

Тұрмыс тағылымы

К. Сегізбайұлы. Қазан түбіндегі сақар иісі....89

Сауалнама

Көрісу дәстүрі – татулықтың ошағы....92

ҚР Ұлттық музейі мен Мажарстан Ұлттық музейі меморандум бекітті



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы мен Мажарстан Ұлттық музейінің директоры Жигмонд Габор халықаралық ғылыми, мәдени және музейлік байланыстарды дамытуға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар, ҚР Ұлттық музейінің делегациясы көп жылдан бері ынтымақтастық орнаған Мажарстанның Жаратылыстану тарихы музейінің жұмысымен танысты. Музей директорының кеңесшісі Андраш Биро мәдени нысанның тарихымен таныстырып, толыққанды мағұламат берді.

Сапар барысында музей директоры Берік Әбдіғалиұлы мен экспозиционер-маман Марина Лачкова музей экспозицияларымен танысып, Антропология институтында ұйымдастырылған экскурсияға қатысты.

Шара барысында Мажарстандық әріптестердің зерттеу инфрақұрылымы және жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобалары таныстырылды. Аталған кездесулер ғылыми-зерттеу саласындағы әріптестікті кеңейтіп, тәжірибе алмасу мен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, екі ел арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға оң серпін бермек.

Айта кету қажет, Мажарстанның Жаратылыстану тарихы музейінің антропологтары Әбілхаир хан және Кейкі батырдың (Ұлттық музейдегі) келбетін жасаған. Ол жұмыс бас сүйектерінен бастап толық ғылыми зерттеу негізінде дайындалған.

Ұлттық музей «Жылдың үздік музейі» атанды



«Адырна» ұлттық порталының дәстүрлі байқауының 2025 жылғы жеңімпаздары анықталды. Байқау қорытындысы бойынша ҚР Ұлттық музейі «Жылдың үздік музейі» аталымына лайық деп танылды.

Марапатты Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса музей директорының орынбасары Сайран Дүйсеновке табыстап, Ұлттық музейдің ел руханиятын нығайтуға қосып келе жатқан сүбелі үлесін ерекше атап өтті.

ҚР Ұлттық орталық музейінде «Алтын Орда» жаңа көрме залы ашылды



2026 жылғы 10 ақпанда Аида Балаева Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейіндегі «Алтын Орда» жаңа көрме залымен танысты. Экспозиция қазақ мемлекеттілігінің бастауы болған тарихи маңызды кезеңдердің біріне арналған.

Экскурсия барысында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі музей экспозицияларын ұйымдастырудағы терең әрі ғылымға негізделген тәсілдерді атап өтіп, Алтын Орда мұрасын келер ұрпаққа кеңінен насихаттаудың маңызына тоқталды.

Жаңа зал ашудағы басты мақсат – көпшілікті XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орданың тарихымен, мәдениетімен таныстыру, оның қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретіндегі рөлін көрсету және қоғамның тарихи санасын қалыптастыру.

Көрмеде музей қорынан алынған 200-ге жуық жәдігер ұсынылған.





XIII–XIV ғасырлардағы қалалық мәдениет бөлімінде сол дәуір тұрғындары мен билеушілері қолданған тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік әшекейлер қойылған. Сондай-ақ Алматы облысы Шеңгелді ауылы маңынан табылған, Шағатай әулетінің жоғары көшпелі ақсүйектеріне тиесілі салтанатты киімдердің, жібек маталарының фрагменттері және сол кезеңнің материалдық мәдениеті мен саяси құрылымын сипаттайтын өзге де экспонаттар ұсынылған.

«Қаңлы археологиялық деректер негізінде» атты көрме



2026 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты бірлесіп тарих ғылымдарының докторы, профессор Александр Николаевич Подушкиннің екі томдық «Қаңлы мемлекеті б.д.д. II ғ. – б.д. IV ғ. археологиялық деректер негізінде» және «Тарихи және этномәдени контекстегі Қаңлы мемлекеті (б.д.д. II ғ. – б.д. IV ғ.)» ғылыми монографиясының тұсаукесерін өткізді.

Бұл іргелі еңбек – ғалымның жарты ғасырға жуық зерттеу жұмысының нәтижесі. Монографияда археологиялық деректер негізінде Қаңлы мемлекетінің саяси, экономикалық және рухани өмірі жан-жақты сараланып, бұрын жүйеленбеген мәліметтер ғылыми айналымға енгізілді. Еңбекте сәулет және фортификация, керамика, өнер, діни-нанымдық жүйе, сондай-ақ протосоғды жазба ескерткіштері кеңінен қарастырылады.

Тұсаукесер рәсіміне отандық және шетелдік ғалымдар офлайн және онлайн форматта қатысты. Монографияны автордың өзі таныстырды.

Кітапта жарияланған 2000-нан астам археологиялық артефакт музей қорында сақтаулы. Іс-шара аясында «Қаңлы жаңа археологиялық деректер негізінде» атты көрме ұйымдастырылып, Арыс-Бадам, Өгем, Ақтөбе Қызылкөл және басқа да ескерткіштерден табылған бірегей қыш бұйымдар, қару-жарақ, әшекейлер, культтік заттар мен палеолингвистикалық материалдар көпшілік назарына ұсынылды.

Тұсаукесер отандық археология ғылымы үшін маңызды оқиғаға айналып, ежелгі Қаңлы тарихын зерделеудегі маңызды қадам болды.

«XIX-XX ғасырлардағы еуропалық кескіндеме» көрмесінің ашылуы



2026 жылдың 3 ақпанында Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейінің Орталық көрме залында «XIX-XX ғасырлардағы еуропалық кескіндеме» көрмесінің ашылуы өтті.

Көрмеде еуропалық өнердің екі ғасырын қамтитын түрлі көркемдік мектептер мен бағыттардың көрнекті өкілдері саналатын шеберлердің жеке коллекцияларынан алынған 20-дан астам кескіндеме туындысы көпшілік назарына ұсынылды.

Көрме коллекционерлерге, өнертанушыларға, көркемдік білім беру мекемелерінің студенттеріне, суретшілерге және XIX-XX ғасырлардағы еуропалық өнердің тарихи-мәдени маңызын бағалайтын кең көрермен қауымына арналған.

Бірегей шарада еуропалық кескіндеменің сан қырлы әлемімен жақын танысуға, дәуір рухын сезінуге және бір кеңістікте тоғысқан көркем шеберліктің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік берілді.

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл

Ұлттық музейде Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен «Дана» жобасы аясында ақын, қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына арналған «Жырлайды жүрек» атты поэзия кеші өтті.



Кешке Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Менеджмент, бизнес және білім колледжі, М.Тынышбаев атындағы Астана ALT көлік колледжінің студенттері, сонымен қатар М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-лицейі, Ә.Бөкейхан атындағы Бином мектеп-лицейі, №73 мектеп-лицейінің оқушылары қатысты.

Жұртшылық назарына музей қорындағы ақынның жеке заттары, қолжазбалары әрі еңбектерінен көрме ұсынылды. Көрме арқылы жастар ғасыр ақынының болмысын тереңірек тануға мүмкіндік алды.

Ән, жыр, би, театрландырылған қойылымды қамтыған шығармашылық кеш жас ұрпақтың өнерге деген ерекше ықыласын танытты.

Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, музейдегі жәдігерлерді насихаттап, рухани тәрбие беруді мақсат тұтқан ауқымды шара тағылымды кешке ұласты.

«Өзбекәлі Жәнібеков – ұлт мәдениетінің жанашыры» атты тарихи-танымдық шара өтті

Тарихи-танымдық шара Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Ерсаев Мирболат Бижанұлының алғы сөзімен басталды. Мирболат Бижанұлы өз сөзінде, Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының Наурыз мейрамымен қайта қауышуына, Тайқазанды қайтарып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру және музей ашу жұмыстарына бастамашыл болған тұлғаның игі істерін жас ұрпаққа үлгі өнеге екендігін айтып өтті. Шара барысында Өзағаның мұрындық болуымын ашылған жаңа театрда еңбек жолын бастаған ҚР еңбек сіңірген артисі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Сердеш Қажымұратов сөз сөйлеп, 1971-1973 жылдары облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы қызметін атқарып жүріп, Торғай өңірін танымастай өзгерткеніне тоқталса, «Зерек» оқу орталығының мүшесі Светлана Дүйсенбаева 2023 жылы Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» атты кітабы жарық шыққанын, бұл кітапта Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ мәдениеті мен руханиятына өлшеусіз үлес қосып, кеңестік идеологияның қылышы қылпып тұрған тар кезеңінде ұлттық құндылығымызды қызғыштай қорығанын, басын қалай бәйгеге тіккені туралы баяндады.



Ботай мәдениеті: халықаралық пәнаралық ғылымдағы жаңа тұжырымдар

Қазақстан археологиясындағы ең бірегей мұралардың бірі – Ботай мәдениеті бүгінгі таңда әлемдік ғылымның назарын өзіне аударып отыр. Осы орайда 2026 жылғы 15 қаңтарда «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Ғылыми-зерттеу бөлімінің ұйымдастыруымен онлайн форматта «Ботай мәдениетін қазіргі кезеңде халықаралық археологиялық зерттеу және оның болашағы» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті.

Ауқымды ғылыми басқосуға отандық және шетелдік жетекші ғалымдар қатысты. Атап айтқанда, іс-шараға «Ботай» музей-қорығының директоры Сабина Амирова, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтынан отандық археолог-ғалымдар – Талғат Мамиров, Меруерт Қиясбекқызы, Досбол Байғунақов, Мамбет Шағирбаев, Ұлыбритания Эксетер университетінің профессоры, әлемге танымал археолог Алан Оутрам, сондай-ақ Ресей Ғылым академиясының Материалдық мәдениет институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Наталья Николаевна Скакун, сондай-ақ Ботай музей-қорығының ғылыми қызметкерлері белсене қатысты.



Кездесу барысында Ботай мәдениетін кешенді зерттеу, халықаралық ғылыми жобаларды бірлесе жүзеге асыру және археологиялық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері кеңінен талқыланды. Ғалымдар Ботай ескерткішінің тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл адамзат тарихы үшін маңызын атап өтті.

Дөңгелек үстел жұмысы барысында отандық және шетелдік археолог-ғалымдар соңғы жылдары жүргізілген далалық және зертханалық зерттеулердің нәтижелерімен бөлісіп, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Іс-шараның негізгі бөлігінде профессор Алан Оутрам «Ботай мәдениеті және жылқыны қолға үйрету мәселесі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады.

Профессор Алан Оутрам өз зерттеулерінде Ботай қонысының жылқыны ең алғаш қолға үйреткен мәдени орталықтардың бірі екенін ғылыми дәлелдер арқылы көрсетіп, бұл жаңалықтың әлемдік археологиядағы орнына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Ботай мәдениетін терең зерттеу адамзат өркениетінің дамуын жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дөңгелек үстел барысында Ботай мәдениетін зерттеудегі өзекті мәселелер, халықаралық ғылыми нәтижелер және болашақтағы зерттеу бағыттары талқыланды.

Отандық және шетелдік археолог-ғалымдар алдағы уақытта бірлескен экспедициялар ұйымдастыру, заманауи ғылыми әдістерді қолдану және жас ғалымдарды халықаралық археологиялық зеттеулер мен зертханалық жұмыстарға тарту мәселелеріне басымдық беру қажеттігін атап өтті.

Халықаралық деңгейде өткен мұндай ғылыми кездесулер Қазақстанның бай археологиялық мұрасын әлемге танытуға, ұлттық ғылымның беделін арттыруға және жаһандық ғылыми қауымдастықпен байланысын нығайтуға зор мүмкіндік береді.

Ботай мәдениеті – өткен мен бүгінді жалғаған алтын көпір. Оны зерттеу – тарих алдындағы ортақ жауапкершілік.

ТҰЛҒА

АКИШЕВ КЕМАЛЬ АКИШЕВИЧ У ИСТОКОВ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ АРХЕОЛОГИИ

Жакен ТАЙМАГАМБЕТОВ,
Национальный музей РК

Становление и развитие казахстанской археологии неразрывно связано с именем выдающегося ученого-археолога Кемаля Акишевича Акишева. Все то, что достигнуто сегодня археологами Казахстана, я имею в виду не только создание самостоятельного Института археологии им. А.Х. Маргулана, многочисленные археологические экспедиции и зарубежные научные связи, издание востребованной научной продукции, нельзя рассматривать без упоминания К.А. Акишева, ибо он – один из немногих отечественных ученых, кто стоял у истоков становления археологии Казахстана.

Родился Кемаль Акишевич в 1924 году в Баянаульском районе Павлодарской области, рано осиротел и воспитывался в доме Каныша Имантаевича Сатпаева [1].

В 1942 году, после окончания средней школы, был направлен в Воронежское училище связи, и после краткосрочного обучения попал на фронт. Получив ранение, в 1944 году был демобилизован. Закончил исторический факультет Казахского государственного университета (ныне – Казахский национальный университет им. Аль-Фараби), и с этого момента до конца своих дней его жизнь неразрывно связана с археологией.

Впервые судьба свела меня с Кемалем Акишевичем в 1977 году, когда, после окончания 3 курса КазГУ, я решил участвовать в разведочных работах палеолитического отряда Х.А. Алпысбаева Шульбинской археологической экспедиции Института истории, археологии и этнографии АН КазССР, возглавляемой А.Г. Максимовой. Тогда и познакомился с руководителем отдела первобытной археологии Кемалем Акишевичем Акишевым, хотя до этого много слышал о нем, как о ведущем археологе в стране, первооткрывателе «Золотого человека» в кургане Иссык. Он напутствовал нас на работы на р. Иртыш. На первый



взгляд он показался мне немногословным и суровым на вид. Не думал тогда, что когда-то буду работать вместе с ним, в одном отделе, впоследствии в одном Институте археологии им. А.Х. Маргулана.

До окончания исторического факультета в 1979 году, я по вызову за подписью К.А. Акишева, был распределен на работу в отдел первобытной археологии, как раз к нему. После прохождения офицерских сборов, в ноябре, я приступил к должностным обязанностям лаборанта. Теперь ежедневно встречался не только с Кемалем Акишевичем, но и с другими известными археологами. Не прошло и трех месяцев работы, как Кемаль Акишевич посоветовал поехать в Новосибирск и пройти стажировку у именитого специалиста по палеолиту, академика АН СССР Алексея Павловича Окладникова. Он уже тогда думал о том, что нужно готовить специалистов не только в области средневековья, бронзы и железа, но и в области каменного века. Ведь после преждевременной кончины Х.А. Алпысбаева в Казахстане не было квалифицированных специалистов-палеолитчиков. Так я попал в Институт истории, филологии и философии СО АН СССР [2].

Вернувшись из аспирантуры в начале 1984 года, я приступил к обязанностям младшего научного сотрудника. И хотя Кемаль Акишевич был руководителем отдела первобытной археологии, руководство Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР все вопросы, касающиеся археологии, решало только с ним. По сути он был руководителем всех трех отделов археологии, а впоследствии, еще отдела Новостроечной экспедиции, хотя там были свои руководители (К.М. Байпаков, С.М. Ахинжанов, Б.Н. Нурмухамбетов).

В конце 1989 года я вновь уехал в Новосибирск и поступил в трехгодичную докторантуру, но в начале 1991 года был отозван, чтобы принять участие в организации и становлении самостоятельного Института археологии в должности заместителя директора по научной работе. И здесь как никогда нужен был совет мудрого и опытного наставника, специалиста-археолога, каким и был Кемаль Акишевич.

У истоков развития археологии Казахстана стояли представители еще старой русской интелигенции, востоковеды и историки – В.В. Бартольд, В.В. Радлов, П.И. Лерх, а также представители передовой советской археологии из Москвы и Ленинграда – М.Е. Массон, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, М.П. Грязнов, С.С. Черников, П.И. Борисковский, А.П. Окладников, Л.Р. Кызласов, В.М. Массон и др.

Начиная с 1946 года, с момента создания Академии наук Казахской ССР и организации Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, отделом археологии под руководством А.Х. Маргулана были проведены многочисленные археологические экспедиции во все регионы Казахстана. Впервые, будучи студентом 2 курса, Кемаль Акишев участвовал в экспедиции А.Х. Маргулана, а впоследствии каждое лето он проводил в Центрально-Казахстанской и Южно-Казахстанской археологических экспедициях. А уже самостоятельные экспедиции он начал проводить с 1954 года уже как кандидат исторических наук, а годом позже Кемаль Акишевич возглавил отдел археологии. Отмечу, что Кемаль Акишевич – первый археолог, защитивший диссертацию по археологии Казахстана. В эти годы Кемалем Акишевичем и его предшественниками были получены огромные доказательства и материалы по археологии, позволяющие ставить и решить принципиальные вопросы древней и средневековой истории Казахстана, создана научная база, подготовлены научные кадры по различным направлениям археологии и т.д. Итогом стала «Археологическая карта Казахстана», изданная в 1960 году [3].

В это время проводили научные исследования А.Х. Маргулан, А.Г. Максимова, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, М.К. Кадырбаев, Х.А. Алпысбаев, Г.А. Кушаев, Ф.Х. Арсланова, А.М. Оразбаев и др.

Именно в этот период происходило формирование центра археологической науки в Казахстане под руководством Кемаля Акишевича; ему удалось объединить представителей разных школ в единую команду, которые занимались различными направлениями в археологии, от каменного века до средневековья. Ставка делалась на талантливую молодежь, способную решать самые сложные задачи, включая проведение самостоятельных полевых работ.

Начиная с 70-х годов прошлого столетия в отделе археологии Института истории,



археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР сложилось новое поколение археологов: К.М. Байпаков Л.Б. Ерзакович, Б.Н. Нурмуханбетов, С.М. Ахинжанов, М.С. Мерщиев, С.Ж. Жолдасбаев, В.А. Грошев, Ж.К. Курманкулов, Т.В. Савельева, А.К. Акишев, Е. А. Смагулов, Б. Адильгиреев, Ю.А. Мотов, палеозоологов – Л.А. Макарова, Т.Н. Нурумов; нумизматов – Р.З. Бурнашева, В.Н. Настич; реставраторов – В. И. Садомсков, К. Итенов, Э.Ф. Кузнецова, Т.М. Тепловодская, О.В. Кузнецова; музееведов Р.А Бектуреева, а с 80-х годов – Ж.К. Таймагамбетов, Ю.И. Трифонов, З.С. Самашев, А.С. Ермолаева, С.А. Берденов, А.М. Досымбаева, М. Касенов и др.

По всей республике работали различные отряды Южно-Казахстанской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Центрально-Казахстанской, Новостроечной археологических экспедиций, возглавляемых известными археологами.

Благодаря усилиям К.А. Акишева центр археологии устанавливает научные связи с рядом ведущих зарубежных исследовательских организаций США, Франции, Японии и т.д. Организуются совместные экспедиции с американскими специалистами для изысканий на территории Южного Казахстана.

По инициативе К.А. Акишева было организовано несколько крупных выставок «Золотого человека» за рубежом, издана книга «Курган Иссык» высокого качества, что по тем временам было редким явлением.

Для К.А. Акишева было характерным внедрять в центр археологии все новое, ведь по его инициативе в с. Шаульдер была построена современная по тем временам археологическая база, о которой упомянуто выше.

Сложение основного состава археологов позволило К.А. Акишеву поставить вопрос перед руководством Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Валиханова о выходе Центра археологии из Института и создании самостоятельного Института археологии.

Отдельного здания для Института не требовалось. Археологи давно облюбовали здание на Ленина (Достык), 44, которое после открытия «Золотого человека» отдали под музей.

Создание в 1991 году самостоятельного Института было подготовлено всем ходом развития археологической и исторической науки в Казахстане, которая связана с

изучением истоков развития народа, его далекому прошлому, культурному наследию как части мировой цивилизации.

Постановлением Кабинета Министров Казахской ССР № 496 от 28 августа 1991 года и Постановлением Президиума АН КазССР № 73 от 6 сентября 1991 года на базе археологического центра Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова был создан самостоятельный Институт археологии. Единогласным решением ему было присвоено имя выдающегося ученого археолога, историка, этнографа, востоковеда, филолога, академика Алькея Хакановича Маргулана, ушедшего из жизни в начале 1982 года.

Директором Института был назначен доктор исторических наук К.М. Байпаков, а я был отозван из учебы в докторантуре Института истории, филологии и философии СО АН СССР г. Новосибирска и стал его заместителем по научной работе.

Это было очень сложное время, который пришелся на распад огромного государства под названием Советский Союз, вследствие чего нарушены были не только политические и экономические связи, но и научные контакты с различными центрами. Само собой отошли «присутственные» дни, сотрудники ежедневно находились на работе. Мы стали ежедневно видеться друг с другом. В этот период К.А. Акишев сделал все возможное, чтобы вместе с преданными своему делу археологами сохранить кадры и продолжить намеченные по плану научные исследования, в том числе проводить полевые работы. Несмотря на слабое финансирование, Институт выполнял фундаментальные и прикладные исследования, выпускал научные издания, сохранены были международные связи. В этом была немалая заслуга К.М. Байпакова, как директора Института археологии им. А.Х. Маргулана и непререкаемого авторитета старейшины археологии Кемаля Акишевича Акишева. Мы были поглощены внутренними и внешними проблемами нового Института, коллектива, поэтому, находясь в одной комнате с директором, своевременно находили решение той или иной проблемы. По долгу службы мне приходилось вникать в проблемы не только в научные вопросы археологии, но и в различные организационные и хозяйственные проблемы Института. Ценные советы ежедневно подавал Кемаль Акишевич и мы ощущали его постоянную поддержку.

Отдел первобытной археологии (рук. К.А. Акишев) располагался по левую сторону от входа в Институт, отдел средневековой археологии (К.М. Байпаков) – в правой стороне, а в середине длинного, как пенал, помещения располагалась лаборатория археологической технологии (С.М. Ахинжанов, впоследствии Ж.К. Курманкулов).

Работы Института наладились, все сотрудники были заняты работой, научные интересы у нас были самые разнообразные и в хронологическом порядке охватывали все направления археологии, от каменного века и до палеоэтнографии. И самой главной заслугой Кемаля Акишевича явилось создание высококлассной команды археологов, способной решать и воплощать самые любые идеи и планы.

Уже к 2000 году в Институте работали 6 докторов наук – К.М. Байпаков, К.А. Акишев, Ж.К. Таймагамбетов, В.А. Грошев, А.Н. Марьяшев, Т.В. Савельева, а в областных центрах – В.Ф. Зайберт, С.Ж. Жолдасбаев, М.Е. Елеуов, А.Н. Подушкин.

Ранней весной, в начале марта, на полевые работы на юг Казахстана одним из первых выезжала экспедиция под руководством Кемаля Акишевича. Это можно было заметить, когда появлялся Кемаль Акишевич в штормовке и берете, на своем знаменитом Уазике и с счастливой улыбкой на лице, а мы с доброй завистью провожали его, выстроившись в колонну на крыльце Института. Через неделю, другую выезжали и другие археологи.

Почти все молодые археологи проходили обязательную стажировку на полевых работах средневекового городища Отырар. Стационарный лагерь ЮККАЭ находился в нескольких километрах от городища Отырар и занимал огромную, огороженную территорию в центре с. Шаульдер. Здесь были созданы все условия для работы в жарком климате, предусмотрены просторные и светлые лаборатории, столовая, добротные 2-квартирные дома с несколькими комнатами и всеми удобствами для начальников экспедиции и отрядов, общежития для сотрудников и рабочих, гаражи для автомашин и другой спецтехники.

И хотя я приезжал работать на городище

Отырар, то по истечении нескольких дней Кемаль Акишевич приглашал меня к себе, расспрашивал о планах и рекомендовал съездить на разведочные работы по поиску памятников каменного века. Он думал о проблемах всей археологии Казахстана. Перед каждым выездом в предгорья Каратау, напутствовал мне на какие детали и вопросы нужно обратиться в первую очередь: «Нужно искать погребенные стоянки эпохи палеолита, ибо они дадут более полную информацию о жизни первобытных людей».

В 1993 году, когда я проводил исследования на палеолитической стоянке им. Ч.Ч. Валиханова, Кемаль Акишевич на своем знаменитом «Уазике» приехал, чтобы удостовериться, что помимо открытых в свое время Х.А. Алпысбаевым 5-ти культурных слоев, я нашел шестой, на глубине 7,20 см. Его интересовало все – культурные слои, артефакты, геологические отложения, террасы реки Арыстанды и т.д. Несмотря на то, что у него своя экспедиция, он несколько дней провел у меня в лагере, знакомясь с другими обнаруженными памятниками каменного века. Я был вдохновлен тем, что патриарх казахстанской археологии обратил внимание на мои раскопки и ознакомился с ходом работ.

Кемаль Акишевич несколько раз говорил мне: «Жакен, найдем время, мы поедем с тобой на Сарысу, в Центральный Казахстан, и я покажу тебе место, где на поверхности, в большом количестве залегают каменные орудия». Но, как всегда, времени всегда не хватало, все откладывали на «потом», так и не смогли мы поехать с ним на Сарысу.

Я был заместителем директора по научной работе с января 1991 года и до сентября 1999 года. В эти годы Институт участвовал в разработке программ фундаментальных исследований, определивших приоритетные направления развития современной археологической науки Казахстана. В результате проведенных комплексных исследований, выявления новых памятников был разработан широкий пласт проблем, способствующих воссозданию конкретной исторической реальности в социально-экономическом, политическом, этнокультурном аспектах [4]. И в этом – немалая заслуга Кемаля Акишевича.

В 2000 году Кемаль Акишевич переехал в Астану, в новую столицу Казахстана. Здесь, в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева он открыл научный центр, лабораторию археологии и занялся исследованием памятников историко-культурного наследия, степной цивилизации Центрального Казахстана. Подтверждением послужило открытие яркого памятника средневекового времени Бозок вблизи столицы[5].

Сегодня Институт археологии им. А.Х. Маргулана КН МНВО РК, имея филиал в г. Астане и научные центры в некоторых областях Казахстана, является координирующим центром археологических исследований в республике. Создание единого и крупного научного центра – одна из идей, воплощенных в жизнь, о чем мечтал Кемаль Акишевич Акишев, и его дело продолжается благодаря многочисленным ученикам.

Литература:

1. Хабдулина М.К. Беззаветное служение археологии. //Мобилизованный археологией Акишев Кималь Акишевич. Астана, 2004. С. 9-23.

2. Таймагамбетов Ж.К. Память о моем учителе, академике АН СССР Окладникове Алексее Павловиче // Археология Казахстана. №2, Алматы, 2020. С.123-144

3. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. 449 с.

4. Байпаков К.М. Институт археологии им. А.Х.Маргулана. Алматы, 1998.49 с.

5. Акишев К.А. Бузук – средневековое городище на реке Ишим // Маргулановские чтения. Жезказган, 2000.

ТҮЙІНДЕМЕ *Мақалада Кемел Ақышұлы Ақышевтың өмір жолы, қызметі көрсетілген. Сонымен бірге археолог-ғалымның елімізге сіңірген орасан еңбегі баяндалған.*

SUMMARY *The article examines the role of the outstanding archaeologist K.A. Akishev in the formation and development of Kazakhstan archaeological science, drawing on the author's personal recollections and an analysis of his scholarly and organizational activities.*

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Данагүл ШИМИРБЕКОВА,
Шоқан Уәлиханов атындағы
«Алтынемел» мемориалды музейі

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (Мұхаммед-Ханафия – туғандағы аты, 1835–1865) - XIX ғасырдың ортасындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Шоқан Уәлихановтың ғұмыры қысқа болғанымен, атқарған қызметі мен артында қалдырған мұрасы аса құнды әрі мол. Ғалымның зерттеулері бес томдық «Шығармалар жинағына» [1] топтастырылған. Бұл еңбектер Ресей мен Орта Азия халықтарының рухани мұрасына айналып, өзге мемлекеттерге де кеңінен танылып, ғасырлар бойы өз маңызын сақтайтыны сөзсіз.

Шоқан Уәлихановтың шығармашылығы сан қырлы. Ол өмірдің әртүрлі саласында еңбек етіп, ғалым, ағартушы, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, шығыстанушы, саяхатшы, географ әрі филолог ретінде танылды. Оның көзқарастарының идеялық негізі қоғамдық құбылыстарға, қазақ халқының қоғамдық-саяси дамуының тарихы мен болашағына, сондай-ақ діни қатынастарға қатысты ой-пікірлерінен аңғарылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей қоғамының таптық құрылымындағы өзгерістермен және ұлы реформалар дәуірімен ерекшеленді. Елде жүзеге асырылған реформалар әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық салаларды жаңғыртуға, буржуазиялық қоғамдық қатынастардың дамуына жол ашуға бағытталды. Әлеуметтік әрі идеологиялық қайшылықтар күшейіп, дәстүрлі қоғамдық тәртіп түбегейлі өзгеріске ұшыраған осы кезең XX ғасырдағы революциялардың алғышартына айналды.

Реформалар оңай жүзеге асқан жоқ: олар қоғам ішіндегі саяси күштердің қақтығысымен, түрлі идеологиялық және саяси қозғалыстардың, революционерлер мен ағартушылардың белсенді іс-әрекетімен қатар өрбіді. Осындай қоғамдық-саяси жағдайда қазақ жерінен шыққан көрнекті



тұлға – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов тарих сахнасына шықты. Зерттеушілер әлеуметтік-саяси құрылымдардың қалыптасуы мен қоғамның рухани өмірінің ерекшеліктерін зерделей отырып, бұл кезеңге бірнеше рет назар аударды.

Тарихқа жүгіну, одан құнды деректерді саралап алу және қоғамның тарихи дамуын ғылыми тұрғыдан зерделеу – гуманитарлық ғылымдардың маңызды міндеттері. Зерттеу бағыттарының бірі – сол кезеңдегі көрнекті қоғам қайраткерлерінің мұрасын деректанулық тұрғыдан талдау. Осындай тұлғалардың қатарында Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов айрықша орын алады.

Адам дүниеге келеді, өмір сүреді және өмірден өтеді, яғни әлемге еш белгі қалдырмай кететіндер бар. Алайда уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, мәңгілікке сақталатын есімдер бар. Солардың бірі – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Ол ұлы ағартушы, талантты ғалым, саяхатшы, тарихшы әрі қоғамдық-саяси қайраткер ретінде халық жадында мәңгі сақталды. Оның жан-жақты ғылыми және қоғамдық қызметі қазақ халқының ғана емес, өзге халықтардың да тарихында маңызды рөл атқарды.

Оның этнография мен фольклортану саласындағы кең білімі, географиялық жаңалықтары, іскерлік қоғамдық-саяси қызметі, қоғамдағы адамның өмір жолы туралы терең ойлары – данышпанның философиялық пайым-пікірлері әрқашан таң қалдырады.

Бұл туралы А.С. Мансурова былай деп жазады: «Шоқан Уәлиханов қазақ даласында білімнің маңызы мен халыққа білім берудің қажеттілігі туралы озық ой-пікірлерді жерлестері арасында алғашқылардың бірі болып таратуға кірісіп, халықтар достығын нығайтуда игі қызмет атқарды» [2, 17]. Оның ғылыми еңбектері мен шығармашылығы әлемдік мәдениет мұрасына айналды. Оның еңбектері мен ауқымды саяхаттары ерекше мәнге ие, өйткені олар ғылыми қоғамдастық үшін теориялық тұрғыдан маңызды. Шоқан Уәлиханов өз миссиясын орындау барысында Орталық Азия халықтары, зерттелмеген жерлер және белгісіз мәдениет ескерткіштері туралы құнды бақылаулар мен мәліметтер қалдырды.

Ағартушының қолжазба мұрасына терең және жан-жақты зерттеу жүргізілді. 1950 жылдардың ортасынан бастап белгілі кеңес академигі Әлкей Марғұлан басшылығымен қазақ ағартушысы туралы материалдар жинау басталды, ал 1984-1985 жылдары Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904-1985) — археолог-ғалым, тарихшы және шығыстанушы, қазақстандық археология мен этнография мектебінің негізін қалаушы ретінде танымал. Ол Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасын жинаумен айналысып, жүйелі арнайы зерттеу жүргізген алғашқы тұлға болды [3, 414]. Әлкей Марғұлан бес томдық шығармалар жинағының редакторы ғана емес, сонымен қатар «Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі» [4, 160] және «Шоқан және Манас» [5, 116] атты монографиялардың авторы. Ол Шоқан Уәлихановтың алғашқы өмірбаяндық материалдарын және қазақ ағартушысының негізгі іргелі еңбектерін жариялады.

Мәселен, профессор Ж.А. Ермекбай өзінің мақаласында Уәлихановтың қызметі мен мұрасының тағдыры туралы былай жазды: «Тамаша ғалым, саяхатшы және қоғам қайраткері Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ауқымды әдеби мұрасы ұзақ уақыт бойы көпшілікке белгісіз болып қалды. Оның баспаға шықпаған шығармаларының тағдырына алаңдаған досы әрі Омбы кадет корпусындағы жолдасы Г.Н. Потанин өткен ғасырдың аяғында Уәлихановтың қолжазбалары қолға түскенде ғылым үшін алаңдаушылық білдірді. Григорий Николаевичтің осы нұсқауларын ескере отырып, Қазақстан ғалымдары соңғы жылдары архивтердегі қолжазбаларын мұқият іздестірді. Нәтижесінде бірқатар белгісіз материалдар табылды» [6, 22-30].

Көптеген зерттеулер қазақ ғалымының еңбегіне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Шоқан Уәлихановтың мұрасы – ең алдымен, ұлы ағартушының жасаған теңдесі жоқ көркем әрі ғылыми туындысы, ол жылдан-жылға зерттелуде, сондай-ақ жаңа ғылыми мәселелер қойылып, ғылыми айналымға жаңа нақты деректер енгізілуде.

Осылайша, Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасы толықтырылып,

ұлы ағартушының белгілі идеяларының дұрыстығын растайтын жаңа тұжырымдамалардың барлығы ғылыми айналымға енгізілді. Солардың бірі – Шоқан Уәлихановтың зерттеулеріндегі діни дүниетаным мәселесі жөніндегі қағидаттар.

Қазақ қоғамындағы діни дүниетаным мәселесі бойынша қазақ ағартушысы Шоқан Уәлихановтың қызметі зор болды. Ш. Уәлиханов Шығыс Түркістанның «жағдайы туралы бағалы материалдарды» жинап, сол аймақ халықтарының рухани және материалдық мәдениетімен, діни-дүниетанымдық көзқарастарымен танысуға мүмкіндік берді. Бұл мақалада біз қазақ халқының көне діни дүниетанымы мен архаикалық ғұрыптарының негіздерін тарихи-танымдық тұрғыдан түсіндіру мақсатында тек «шамандық» және «тәңіршілдік» идеологиясына ғана тоқталамыз.

Ш. Уәлихановтың пайымдауынша, «Тәңір» - жоғарғы билеуші, оның құдайлық мәні мен жоғары қасиетін ешкім өзгерте алмайды. Ол айтып отырған «тәңіршілдік» дәуірінде пайда болған көптеген наным-сенімдер бүгінге дейін жетіп отыр. Мысалы, «Тәңір жарылқасын», «Тәңірдің қарғысы атсын» және басқа да ұғымдар сол дәстүрдің қалдықтары болып табылады.

Қазақ қоғамындағы діни менталитет халықтың діни санасының генезисі проблемасының құрамдас бөлігі ретінде синкретизмге, түрлі культтер мен діни жүйелердің органикалық бірігуіне ерекше мән берген. Осылайша, діни синкретизм жаңа және ескі діни жүйелердің қабаттасуы мен араласуынан, олардың органикалық бірігуінен қалыптасып, ислам элементтері мен исламға дейінгі дәстүрлердің, сондай-ақ ежелгі наным-сенімдердің қалдықтарының үйлесімін білдіреді.

Діни дүниетанымның ең алғашқы архаикалық қабаты – көшпелілердің көне культі, мифтері және наным-сенімдері. Бұл туралы Е.У. Байдаров былай деп жазады: «Тарихи байлық пен ұлттық ой тоғысып, бірін-бірі байытып, ұлттық философияның іргетасын, қазақ философиясының айрықша белгісін құрайды. Қазақтардың ежелгі діни-идеологиялық кешені ғылыми тұрғыдан алғаш рет Ш. Уәлиханов зерттеген. Оның «Тәңір» (Құдай) атты мақаласы ерекше назар аударуға тұрарлық. Ш. Уәлиханов қазақтардың дәстүрлі дүниетанымына деген зор қызығушылығының нәтижесінде қысқа ғұмырының соңына қарай бұл тақырыпқа қайта оралып, «Қырғыздардағы шамандықтың ізі» атты көлемді мақаласын арнап, онда шамандықты қазақ халқының дәстүрлі көзқарастары мен ежелгі әдет-ғұрыптарының жиынтығы ретінде қарастырған» [7, 99–100].

Ш. Уәлихановтың «Қырғыздардағы шамандықтың іздері» атты мақаласында шамандық табиғаты туралы түсінік беріліп, оны мұсылман нанымдарын қазақтардың ежелгі көзқарастарымен араластыруға негіз болған құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше, шамандық – адамның санасын таңғалдырған және қуанышқа бөлеген сыртқы табиғи құбылыстардың әсерінен туындаған, дін ретінде әлі зерттелмеген тақырыпты қалыптастырды. Ол бұл туралы былай жазды: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім өте таңқаларлық ғажайыптар және түсініксіз құпияға толы. Табиғат пен адам! Айтыңызшы, табиғат пен адамнан бөлек қандай ғажайып және жұмбақ болуы мүмкін?» [8].

Ш. Уәлиханов қазақтар арасында тәңіршілдік пен мұсылмандықтың қосылуына алғашқылардың бірі болып назар аударды. Ол былай деп жазды: «…шамандық қазақтар арасында мұсылмандық наным-сенімдермен араласып, бірігіп, біртұтас сенім қалыптастырды. Олар әулиелердің қабірлеріне құрбандық шалып, бақсыларға сенген, мұсылман қожаларын құрметтеген, отқа табынып, бақсылар аруақтармен бірге мұсылман періштелерін шақырып, Алланы мадақтады» [8, 49].

Қазақ қоғамындағы діни сана-сезімнің эволюциясында оның сапалық ерекшелігі және Тәңір культі төңірегінде айналадағы дүние туралы түркі ұғымдарының топтастырылуы айқын байқалады. Сондықтан дәстүрлі түркі нанымдары мен идеялары, яғни түркілік тәңіршілдік, қазақ қоғамындағы діни дүниетанымда ерекше орын алады.

Зерттеудің маңызды бөлігі Шоқан Уәлихановтың зияткерлік мұрасы құрамындағы тарихи дереккөздердің

жекелеген түрлерін талдау болды, оған негізінен жол жазбалары мен очерктер жатады. Негізгі міндет - дереккөздердің аталған түрлеріне қатысты шығармалардың мазмұнын талдау және түсіндіру. Саяхат жазбалары дереккөздердің ең кең тобын құрап, осы жұмыстардың ғылыми құндылығын арттырады, олар қазақ ағартушысының саяхаты кезінде жазылған. Ал очерктерде Шоқан Уәлихановтың ең озық идеялары бейнеленген және олар ұзақ уақыттан кейін де өзектілігін жоғалтпайды.

Көрнекті қазақ ағартушысы 30 жыл өмір сүрді, оның шамамен 10 жылы ғылыми жұмысқа арналды. Шоқан Уәлиханов осындай қысқа ғұмырында жүзден астам еңбегі бар үлкен мұра қалдырды. Әрине, бұл шығармалар проблемаларды қоюдың өзіндік ерекшелігімен, зерттеу сұрақтарының өзектілігімен және дарынды сипаттау стилімен ерекшеленеді. Көптеген еңбектерінің әлі күнге дейін ғылыми-теориялық маңызы бар және зерттеу нысаны болып табылады.

Бұл мұра ғылыми әлемге тарихтың, географияның, этнографияның және басқа салалардың маңызды қырларын ашты. Шоқан Уәлихановтың тұлғасын және оның шығармаларын жан-жақты зерделеу барысында одан әрі зерттеудің айтарлықтай перспективалары бар екеніне әлі де негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. / Ч.Ч. Валиханов. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984-1985.

2. Мансурова А.С. Роль Ч.Валиханова в историческом наследии народов Средней Азии и Казахстана // Известия Национальной Академии наук. Серия общественных и гуманитарных наук. №1(293). 2014. – с. 17-22.

3. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. Вступительная статья А.Х.Маргулана. – М.:Главная редакция восточной литературы, издательства «Наука», 1986. – 414 с.

4. Маргулан А.Х. Жизнь и деятельность Чокана Валиханова. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. – 160 с.

5. Марғұлан А.Х. Шоқан және Манас. – Алма-Ата, Жазушы баспасы. 1971. – 117-б.

6. Ермекбай Ж.А., Абусеитова М.А. Чокан Валиханов: исследования и домыслы // «История Казахстана: инновационные концепции и периодизация как приоритет научного прзнания» материалы международной научно-практической конференции. Алматы, 2023. С.22-30.

7. Байдаров Е.У. Ч.Ч.Валиханов как исследователь религиозно-мировоззренческого наследия казахов // «Новые исследования Тувы» электронный информационный журнал. – №1. 2014. – С. 99-105.

8. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов / Собрание соченений в 5-ти томах. Т.4. – Алма-Ата: Главная редакция Каз.Сов. энциклопедии, 1985. С. 48-70.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются взгляды Шокана Уалиханова на духовное мировоззрение, религиозные представления в его работах, выявляется их историческая основа и подчеркивается актуальность.

SUMMARY

The article examines Shokan Ualikhanov's views on religious worldview, religious beliefs in his works, identifies their historical basis, and highlights their relevance.

ПОЭТ, КОМПОЗИТОР ШАШУБАЙ КОШКАРБАЕВ: ТРАДИЦИОННОЕ И ИННОВАЦИОННОЕ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И ИСКУССТВЕ

Асыл ИХАШОВА,
Балхашский городской историко-краеведческий музей

Творчество Шашубая Кошкарбаева занимает особое место в истории казахской литературы и искусства как яркий пример синтеза традиционного фольклорного наследия и новаторских тенденций, обусловленных социально-политическими изменениями первой половины XX века. Его поэтическое и музыкальное наследие формировалось на рубеже двух эпох – дореволюционной и советской, что предопределило двойственность художественного мышления и тематического круга произведений.

К началу XX века литературно-музыкальное искусство Казахстана опиралось на богатые вековые традиции устного народного творчества. Накануне Октябрьской революции 1917 г. оно было подготовлено к дальнейшему своему росту в условиях зарождающейся советской системы. С начала 1920-х гг. наблюдался процесс укрепления традиционных стилей, жанров, как в казахской музыке, так и музыке других этносов. Подобные явления были характерны для искусства песенного исполнения, методов написания и передачи музыки, игре на народных инструментах. Однако установление советской власти и проведение политики «интернационализации» привели к существенным изменениям в национальной культуре. К 1940–1950-м годам традиционный фольклорный тип казахской литературы в значительной степени утратил свои позиции, уступив место литературе советского образца. Национальное музыкальное искусство не могло не оказаться под мощным влиянием политики советского руководства, оказавшись «в тисках» партийных регламентов и идеологических предписаний.

Изменения затронули не только тематическое наполнение произведений, но и саму систему художественного образования. В частности, была пересмотрена традиционная терминология домбрового исполнительства, внедрены методики, основанные на европейской музыкальной системе, что повлияло на характер исполнения и восприятия национального музыкального искусства. Новая система образования изменила традиционную терминологию домбры и пения: исконно казахские слова, обозначавшие прежние кюи, такие как «шерту», «тарту», «толғау», «сөйлету», были исключены, и вместо них был насильственно вставлен экстремальный перевод славянского корня «ойнау» (это слово до сих пор «живёт» в лексиконе наших преподавателей домбры). Казахский народ, несмотря на провозглашенную политику «интернационализации», пытался всячески сохранить свою самобытную культуру. Идея создания «общей» национальной лишь по форме, но не по содержанию культуры, становилась в стране и республике широко пропагандируемой. Таким образом, разработанная и предлагаемая в качестве государственной программы национальная политика приобретала схематичный характер, когда из-за близости 11 языков, традиций могли «объединить» казахов и татар, русских, украинцев и белорусов, бухарцев, персов и турков и другие народы и в данном русле продолжать уже «общую» культурную программу. Идеями новой советской культуры были проникнуты все сферы общественной жизни, в том числе уклад и быт населения. Проводилась политика замены традиционной национальной культуры на советскую, причем последняя должна была стереть все национальные особенности, представляемые отныне населению как устаревшие в условиях современной жизни. «Неконфликтный подход», столь характерный для советского периода, наносил заметный отпечаток на освещение в научной литературе истории национальных процессов в СССР.

В период голода 1932 года и последующих репрессий 1937-1938 годов, когда население сокращалось, степь опустела, а страна находилась в состоянии упадка, сталинская политика заполнила Сарыарку представителями других национальностей, что привело к мощному промышленному подъёму. В этой ситуации массовое искусство в стране также развивалось в ином направлении (казахская музыка считалась народной, а не профессиональной) и представители прежнего исконного искусства были исключены из этого уклада. Правда были и те, кто, отчаявшись, приспособился к новой эпохе, чтобы не убить свой талант. Блестящий певец Кали Байжанов, некогда соперничавший с Амре Кашаубаевым, стал петь в русском хоре, Манарбек Ержанов стал солистом оперы, а его односельчанин – Абикен Хасенов был вынужден работать драматическим актёром. Традиция кюя была разрушена и там, где он преподавался, появились певческие школы. Изменилась и политика преподавания домбры, появилась методика, основанная на системе русской балалайки. Новое поколение домбристов, знавших ноты, стало исполнять западноевропейских композиторов и русские народные песни. Таким образом, после смены поколения традиция казахского искусства перешла в совершенно иное, чуждое русло, традиционная исполнительская манера была разрушена и только домбристы, исполнявшие на сцене «Светит месяц» и «Коробейники», считались профессионалами с открытым мышлением (к примеру, Магауия Хамзин, выросший на кюях Таттимбета, также исполнял «Турецкий марш» В.А. Моцарта).

Переход от устной народной традиции к институционализированной советской культуре сопровождался трансформацией жанров, форм и способов бытования искусства. В этом контексте фигура Шашубая Кошкарбаева представляет научный интерес как свидетель и активный участник культурных процессов, определивших дальнейшее развитие казахской литературы.

Жизненный путь и становление акына

Шашубай Кошкарбаев родился в 1865 году в местности Кызылшоқы на берегу



озера Балхаш в семье бедного кочевника. Раннее сиротство и тяжелые условия жизни сформировали мировоззрение будущего акына и нашли отражение в его ранних песнях и стихах. Уже в подростковом возрасте Шашубай проявил себя как талантливый импровизатор, участвуя в айтысах и открыто выражая социальную критику.

Детство и юность, проведённые в степях Сарыарки, оказали значительное влияние на тему его произведений. Природные образы, мотивы родной земли, а позднее – тема индустриального развития Прибалхашья стали важными составляющими его творчества. Источником вдохновения для Шашубая Кошкарбаева служили казахский фольклор и эпические произведения устной традиции. В его поэзии прослеживается сознательное обращение к художественным приёмам поэтов прошлого, эпическая интонация, ритмика и образность, характерные для народного мировосприятия.

Шашубай Кошкарбаев в годы Великой Отечественной войны

Особое значение в творческой биографии

Шашубая Кошкарбаева имеет период Великой Отечественной войны, песни которого имели огромную агитаторскую и идеологическую силу. На первый взгляд несовместимые понятия «война» и «культура» оказались прочно связаны, моральный дух людей во многом повышался благодаря воодушевленному поэтическому слову. В начавшиеся тяжёлые военные годы акын Шашубай испытывал глубокое волнение, не поддаваясь старости, ощущал себя на одной стороне с солдатами на передовой, выражая через свои внутренние переживания и эмоции высокую ответственность поэта в критический момент. Искусство айтыса, прекратившееся из-за тягот голода и последовавших за ним политических репрессий, возродилось в тяжёлые военные времена, способствовало подъему патриотического духа народа и стало мощным художественным инструментом, мобилизующим массы на защиту Родины. Правительство Казахстана стало широко пропагандировать проведение айтысов – поэтических состязаний между известными акынами районов в рамках области, республики. Целая плеяда талантливых акынов того времени была представлена на территории всего Казахстана, среди которых был и заслуженный деятель искусств Казахской ССР Шашубай Кошкарбаев. Масштабным оказался айтыс между Семипалатинской и Карагандинской областями, проводившийся в 1943 году. Сохранившиеся архивные документы констатируют интересные факты плана разработанных мероприятий по поводу организуемого айтыса. Планировалась встреча гостей из Карагандинской области, посещение ими промышленных предприятий города; во второй день – выступление акынов в театре и организация трансляции айтыса по местному радио. Для акынов были подготовлены костюмы известным заслуженным деятелям искусств Шашубаю Кошкарбаеву (Карагандинская область), Нурлыбеку Баймуратову (Семипалатинская область), сшиты халаты из черного бархата; остальным – из хлопчатобумажной ткани. Выделено 5 лисьих шкур для головных уборов, а также гостинцы для семей акынов, продукты на дорогу. Материалы айтыса затем были опубликованы в местной печати и дано указание районным комитетам КП «ознакомить всех трудящихся области с материалами айтыса и на этой основе добиться усиления производительности труда, выполнения и перевыполнения ежедневных норм каждым тружеником тыла».

На протяжении ряда лет стихи Шашубая переводил на русский язык известный казахстанский поэт Николай Ильич Титов, который во время войны работал в редак

ции газеты «Социалистическая Караганда». В ней 15 августа 1944 года опубликовал свою зарисовку «В гостях у Шашубая». «Только что Шашеке переехал в дом, купленный для него балхашцами. В нем три комнаты, огромный огород. Шелестят молодые яблони. Зреют на грядках дыни, арбузы. Нежно лепечет арык, есть кобылица, корова, овцы. Возникает разговор о предстоящем айтысе между Шашубаем и джезказганским акыном Болманом.

- Шашубай балхашцев не подведет, – уверенно восклицает аксакал и показывает рукой в сторону медеплавильного завода.

- Черпая медь полной горстью, – говорит акын, – я чувствую в себе большую жизненную силу».

25 марта 1945 года газета «Казахстанская правда» поместила статью парторга Балхашского завода цветных металлов Е. Евсеева о политической работе. В ней автор сообщал, что в общежитии была организована встреча с народным акыном Шашубаем Кошкарбаевым, которая оставила глубокий след в сердцах рабочих. В том же году певцу исполнилось 80 лет, и он был награжден орденом «Знак Почета».

17 августа 1944 года Шашубай вступил в поединок с известным поэтом Болманом Кожабаевым. В состязании он поднимал вопросы организации народа на самоотверженный труд, улучшения производства оружия, продовольствия и необходимой фронту одежды. Айтыс, сплотивший людей, был немедленно переведён на русский язык Николаем Титовым и зачитан для публики. Поединок произвёл такое сильное впечатление на общественность, что его полный текст был опубликован в Карагандинской областной газете «Социалистическая Караганда» и в газете «Балхашский рабочий» в августе того же

года. На своём ярком примере акын Шашубай адаптировал древнюю традицию айтыса к условиям советской эпохи и передал эту благородную традицию таким талантливым поэтам, как Кошен, который впоследствии выступал на словесных состязаниях и достиг выдающихся результатов.

В марте 1949 года Шашубай принимал участие в Декаде казахской литературы и искусства в Москве. Несмотря на почтенный возраст, акын жизнерадостно пел:

Мне скоро будет восемьдесят восемь,
А я счастливей предков и отцов.
Та мера счастья, что всю жизнь
мы просим,
Она пришла ко мне, в конце концов,
Но было мне тогда за пятьдесят уж...

Его стихи и песни обладали значительным мобилизационным и агитационным потенциалом, способствуя укреплению морального духа населения. Возрождение айтыса в военные годы стало важным культурным явлением, поддержанным государством как форма патриотического воспитания.

Архивные материалы свидетельствуют о масштабной организации айтысов, участии в них ведущих акынов республики и широком освещении этих мероприятий в печати. Шашубай Кошкарбаев выступал в числе признанных мастеров слова, чьё творчество находило отклик у широкой аудитории.

В советский период в творчестве акына усиливаются темы труда, индустриализации, героизма и коллективного начала. При этом традиционная форма айтыса и песенного исполнения адаптируется к новым идеологическим условиям, сохраняя при этом национальную художественную основу.

Память и музейное наследие

Небольшая часть материального и документального наследия акына хранится в Балхашском городском историко-



Шашубай

Шырағым, аманбысың, ақын Болман?
Даулымын жан беттемес,соқсам оңнан.
Өленге болдырмайтын желгабызбын,
Жүлде алған сан дүрмекте талай қолдан.

Балқаштай ақ айдынның аққуымын,
Еркелеп толқынына күнде шомған.
Желпісем қанатымды дауыл тұрып,
Тітірер екпінімнен не бір қорған.
Он Болман іздеп келіп жарысса да,
Тарланмын тайтайтұғын даңғыл жолдан.
Салмақты Қоңыраттың тасындаймын,
Желіксем көктен түскен жасылдаймын.
Өленнің қырық құрқасын бір-ақ асқан,
Ілінді қармағына Шашубайдың.

Болман

Адамға ақындығын бағалаған,
Жен шығар өз күнінде шамалмаған.
Қорықпай-ақ қанатының дабылынан,
Сол көлді мен де, ақсақал жағалаған.

Мен-дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бірер таңға басылмаймын,
Барында жазғазғаным жеңілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шашубаймын.

Шашубай

Әлемге даңқы мәлім, атағы асқар,
Қатталған қойнауында қымбат тастар,
Қазыналы Қоңыратқа салғастырсақ,
Ең алып Европада болмас астар.
Алыптың аты шулы асқан шеннен,
Құралған түтас тұлға алуан күннен,
Егер де керек қылса сексен завод,
Ең уақыт тарықтырмас жейтін жемнен.

Өзім оқ, өзім бомба, өзім танк,
Өзім кен, өзім қазына, өзім алып.
Майданға көмегімнің көптігіне
Жетеді қашаннан да кезім анық.

Болман

Шашеке, енді нең бар мақтанарға
Құрғақ сөз бұта болмас паналарға.
Құз болдың, көме болдың, аққу болдың,
Ешнәрсе қалдырмастан басқаларға;
Үшсаң да мың-сан таудан ақиық боп,
Қайтсең де тең келмейсің біздің нарға
Мақтаған Қоңыратың жарты жылда,
Тоқсанға процентті жетті зорға.
Байқоңыр көмір бермей күл берді деп,
Саласың дауды қуып басын шарға.
Қаншама баптасаң да сөзбен түйреп,
Жоңсізге, сірә, Болман қозғалар ма.



Шашубай Кошкарбаұлы

Әлеңдері

Жазып алған Ә. Омарбаев.

Шашубайдың естеліктері мен шығармаларының жинағы. Балқаш, 40 жылдар. Стихи и воспоминания Шашубая. Балхаш, 1940-е годы. Литературная запись Омарбаева А.

БКМ қл 19418

краеведческом музее. Все эти материалы очень ценны для музея, но среди них есть особый экспонат – гармонь, отражающий многогранность музыкального таланта поэта. Гармонь попала в музей благодаря бывшему директору музея К.Ы.Сардарбек. В одной из своих статей К.Ы.Сардарбек пишет: «В 1973 году я посетила дом Шашубая Кошкарбаева. Когда я вошла, внуки поэта играли на черной гармони, волоча ее за собой. Мне стало очень обидно, что инструмент акына могли поломать. Я попросила невестку Шашубая сдать этот инструмент вместе с орденами и медалями в музей. Когда-то, будучи ребенком, я сидела на коленях у Шашубая и слушала его песни. Ведь поэт часто бывал в нашем доме. Моя мать была искусной швеей. Когда Шашекен отправлялся на айтыс, он специально приходил и заказывал себе одежду. Помню однажды он сказал: «Я научился играть на гармони у татар».

Экспозиция музея представлена подлинными вещами и документами акына: Удостоверение к знаку «Отличник Социалистического соревнования», Грамота Президиума Верховного Совета Каз ССР, Орден «Знак Почета», которым был награжден в 1946 году, барельеф головы акына в футляре, изготовленный к 125-летию, информационно-бумажные материалы, фотографии и газетные статьи, на страницах которых публиковались статьи о творчестве Шашубая и интересные факты из его жизни. Есть также фотография, где он с редактором газеты «Балқаш жұмысшысы», личным секретарем Шашубая Абжаном Омарбаевым, который на протяжении долгого времени переносил на бумагу многие его произведения. Благодаря А. Омарбаеву до наших дней дошло большинство произведений акына.

Творчество Шашубая Кошкарбаева является наглядным примером взаимодействия традиции и новаторства в условиях глубоких социальных трансформаций. Будучи свидетелем и участником смены исторических эпох, акын сумел адаптировать формы народного искусства к новым реалиям, сохранив при этом национальную идентичность художественного мышления. Его наследие



представляет собой важный источник для изучения процессов формирования советской казахской литературы и трансформации фольклорной традиции в XX веке. В творческом наследии Шашубая Кошкарбаева наиболее ярко отразились эти глубинные перемены определящие будущее казахской литературы на многие десятилетие вперед.

Список литературы:

1. Пинегина Л. Медный гигант. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. С. 113-115.
2. Попов Ю. Сказ о Шашубае // Балхашский рабочий. 05.05.1979.
3. Шашубай Кошқарбайұлы / Сост. Башар Ж. Балхаш: Балқаш баспаханасы, 1990. С. 46.
4. Айтыс акынов // Балхашский рабочий. 20.08.1944.
5. Попов Ю. Песни акына // Казахстанская правда. 29.06.2025.

ТҮЙІНДЕМЕ *Бұл мақалада XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әдебиеті мен өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуы ақын, композитор Шашубай Қошқарбаевтың шығармашылығы көрсетіледі.*

SUMMARY *This article presents the interaction of tradition and innovation in Kazakh literature and art of the first quarter of the 20th century through the creative legacy of the poet and composer Shashubai Koshkarbayev.*

ӘРІ КӨСЕМ, ӘРІ ШЕШЕН БАЙДАЛЫ БИ

Замзагуль ИСИНА,
«Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК ғылыми қызметкері

Кестешінің бізі - алтын,
Көрегеннің көзі - алтын,
Кеменгердің сөзі - алтын.
(халық мақалы)

Қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылған, ұлттық әдет-ғұрып пен дәстүрімізді, тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді биік деңгейге көтеруге ерекше үлес қосқан орақ тілді шешен билер аз емес, халқының қамын ойлап, ұлтарақтай жерін жатқа бермей қорғай білген батырлар, халықты ынтымақпенбірлікке, тәуелсіздікке үндеген кемеңгер ойшылдар, ақын-жыраулар, ұлы тұлғалар өтті.



XV-XVIII ғасырлардың данагөй билері мен айбынды, айтулы шешен ділмарлары біртұтас мемлекет құру жолында жан-тәнімен аянбай еңбек етті. Олар Отанын, жер-суын көздің қарашығындай сақтап, қаһармандықпен қорғады, сондай-ақ сот ғұрыптары мен заң ережелерін жетік біліп, билік, төрелік айтуға жүйрік, аузы дуалы өнер иелері болған.

Сарыарқа жерінде қазақ халқын біріктіруге баға жетпес үлес қосқан белгілі тұлғалардың ішінде Байдалы би Бекшеұлының орны бір төбе. Осы мақалада қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлерінің бірі, білікті би, ойшыл ақын, атақты шешен Байдалы би Бекшеұлы туралы ой қозғауды

жөн көрдім.

Байдалы би қазіргі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы аумағындағы Атасу өзенінің бастауында, Айдаһарлы тауының бөктеріндегі Жалпаққора қыстағында 1727 жылы дүниеге келіп, 1822 жылы 95 жасында өмірден өткен. Ол Жаңаарқа өңірін қоныс етіп, кейін Көкшетау, Баянауыл, Ерейментау аймақтарында да мекен еткен [1]. Байдалы бидің арғы тегі – Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасының Қуандық руы, Алтайдың Мойын-Бекше бұтағынан тарайды, әкесінің есімі – Бекше. Ертеде отырықшы халықтарда (парсы, грек, араб және т.б.) белгілі адамдардың есіміне туған жерінің, қаласының атауын қосып айту дәстүрі болса, ал көшпелі жұртта ру не тайпа атауын тіркестіріп атау қалыптасты. Осы дәстүрге сай қазақ халқы Байдалыны «Арғын Байдалы би» деп атаған [2.6].

Байдалының кіндігінен Деріпсал, Байқара, Сабдалы, Балтақара, Баби, Майкөз, Қостәуір атты жеті ұл тараған. Олардың ұрпақтары бүгінде бір рулы елге айналған. Байдалы әулетінің көпшілігі ата қонысы – Жаңаарқа ауданында тұрады. Атадан балаға жалғасып жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, Байдалы орта бойлы, қараторы, ажарлы кісі болған екен [2.8].

Қазақ ауыз әдебиетінде Байдалы би туралы бірқатар аңыз әңгімелер, шешендік сөздер сақталған. Солардың басым бөлігінде Байдалы ақылды шешен әрі халық қамын ойлаған қайраткер ретінде суреттеледі. Байдалы өз заманының терең білімді, халық фольклоры мен салт-дәстүрді, ата-баба заңдарын жақсы білетін адамы болғанын аңғартады. Ол жастайынан мұсылманша оқыған, сауатты болып, жасынан билер, бектер, хандар төңірегінде көбірек жүріп, солардың аталы, баталы билік сөздерінен өнеге алған.

Сол заманда ауыл-ауылды ақсақалдар билеп, рушылдық қағидалар үстем болған кез. Дәулетті адамдар «ұрпағымды көбейтемін» деп көп әйел алған. Өскен рулар аз руларға тізе батыратын заман болған. Сол дәуірден «Көп қорқытады, терең батырады» немесе «Ағайының көп болса – ешкім тимейді, көсеуің ұзын болса – қол күймейді» деген нақыл сөздер қалған.

Байдалының есімі ең алдымен шешендігі мен тапқыр билігі арқылы мәлім болды. Оның сөзге бейімділігі, шешендік қабілеті бала күнінен-ақ байқала басталған. Ауыл ішінде дау-дамай орын алса немесе түйінді мәселелерді шешу қажет кезде билер кеңесі жиналған жерде қаршадай бала олардың сөзіне қанып, шешендік танытып, әділдікке бас иіп өскендіктен, ерте жастан ел билігіне араласады.

Бір байдың жалғыз баласы тайға мініп, көрші ауылға қыдырып барады. Сонда ойнап жүрген балалардың қасына жақындай бергенде, асық атқан баланың сақасы асау аттың аяғына тиеді. Жалт берген тайдың үстіндегі баланың тақиясы ұшып кетіп, тай одан әрі үркіп, тайдан жығылған бала сол жерде жан тапсырады. Баланың құнын даулауға келгендер мен жауапкерлер керілдесіп, бір шешімге келе алмайды.

Осы дауды тыңдап тұрған Байдалы: «Ағалар, осы билікті маған беріңдерші» дейді. Көп күн дауласып жалыққан ел ағалары келісімдерін береді. Сонда жас Байдалы: «Ер құны – 100 тайлақ, оны төртке бөлу керек, өйткені біріншіден өлген баланың өзі кінәлі, екіншіден – асау тай, үшіншіден – ұшқан тақия, төртіншіден – асық атқан бала кінәлі. Сондықтан бүтін құн алмайсыздар, тек төрттен бірін ғана аласыздар» депті. Он бір жасар Байдалының осы шешіміне екі жақ та құлақ асып, дауды тоқтатқан екен. Құнықерлер төрттен бірін алып, дау-дамайды аяқтаған көрінеді [3].

Байдалы би 12 жасынан бастап ауыл арасында билік айта бастаған, бала кезінен-ақ шешендік пен өткір ақыл иесі болған. Ақыл-ойы тасып, жалыны лаулап, таңдайы тақылдап, айтқан сөзін нақылға айналдыра сөйлей білген баланы елдің есті, тәжірибелі данагөйлері бірден танып, батасын береді. Бас қосқан жерден тастамай, ақ сұңқарды баулағындай, өздерімен ертіп жүрген. Үлкен дауларға алып баратын болған. Өздері әділ шешім айта алмай, ағайындыққа бүйрек бұрылар сәттерде билікті балаға берген, содан бала бидің аты ауыл-аймаққа тез тарап кетеді.

Көп ұзамай халық Байдалы Бекшеұлын бір сөзбен айтқанда, туыстар арасындағы араздықты тоқтата алатын әділ би, шешен ретінде таңдады, әділ сот жүргізуге

қабілетті жалынды жастың сөзі өткір және анықтығымен жұртты риза етіп, қалың ел арасында жылдам тарады. Бірте-бірте ол үш жүздің ішіндегі үлкен дауларғада төрелік айта бастайды. Жағалай жатқан жалпақ ел Байдалының атына ерте қанығады, қара қылды қақ жарған қазылығына тәнті болады.

Байдалы би 12 жасында ұлы жүздің атақты биі Төле биден: «Ай маңдайлы арысым, талабың таудай екен. Осыдан кейін сен Байдалы би деп аталасың! Ауылыңның таңы бол, маңдайдағы бағы бол!» деген бата алған деген екен. Ол кездерде би атағына ие болу үшін кәмелет жасқа толудың қажеті жоқ еді. Байдалының даңқы бірте-бірте Абылай ханға да жетеді. Сырттай әділдігіне, шешендігіне және ақыл-парасатына сүйсініп жүрген Абылай Байдалыны өз ордасына шақырады [2.25].

Байдалы би атақты Абылай ханның хан кеңесінің мүшесі болып, қасындағы сегіз бидің ең беделді, бас биі атанды, ал кейін Уәли ханның би кеңесінің мүшесі, бас биі болған. Орта жүзге билік айтып, хандар саясатына бағдар беріп отырған Байдалыны билер кеңесінде Абылай хан ерекше құрметтеген. Небір шиеленіскен ел дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты даулардың шешімін Байдалы шығарып отырған. Абылай хан оның асқан шешендігін, ақылын жоғары бағалады, «Сегіз биім, сегіз бидің ішінде семіз биім» деп атағанда, бұл оның дене бітіміне емес, ақыл-парасатына, шешендік тапқырлығына қарап айтқаны анық. Абылай өте ақылды хан болған, ол ұлы Бұқар жыраудан бастап, бүкіл сегіз биін ерекше құрметтеп, елдің серкесі, орданың еркесі ретінде бағалаған.

Байдалы Бекшеұлы қиын-қыстау кезеңде өмір сүрді. Ол кезде қазақ жерін хандар мен сұлтандардың таусылмайтын араздықтары бүлдіріп, жауынгер көршілер қазақ даласын өз иелігіне алуға ұмтылған уақыт болатын. Көрнекті қоғам қайраткері, белгілі ғалым-экономист, профессор, халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, халықаралық ғылым және өндірісті ұйымдастыру тәжірибесінің академигі Рашит Саттарұлы Кареновтің зерттеулері бойынша, «Байдалы Бекшеұлын Омбыдағы патшалық әкімшілік жергілікті қазақ халқы мен билік арасында делдал ретінде көрген, ол Сарыарқа далалық билерінің атынан сөз сөйлеген. Ол өз заманының саяси қайраткерлерінің бірі болып, қажет кезде ымыраға келе білетін, дана әрі әділ би болды. Патша әкімшілік шенеуніктері арасында үлкен беделге ие болған, ол келіссөз жүргізу шеберлігімен, сауаттылығымен ерекшеленді. Атап айтқанда, ықпалды би Омбы әкімшілігінен қазақтар мен сібір казактары арасындағы жайылымдарға қатысты қақтығысты өз халқы, қазақтардың пайдасына шешуге ұмтылды, осылайша ол туыстарын ірі айыппұл төлеуден сақтап қалды. XVIII ғасырда жер мәселесі бойынша дауда көшпелі қазақтар үшін әділ шешімге қол жеткізу өте қиын болғанын атап өткен жөн. Бұл Байдалы бидің патша шенеуніктеріне үлкен ықпалын көрсетеді. Ресейлік дереккөздер Байдалыны сипаттай отырып, оның өте ақылды, адал және ашық екенін атап өткен. Байдалы Бекшеұлының маңызды мемлекеттік және қоғамдық проблемаларды шешудегі еңбегін ескере отырып, Орталық Қазақстандағы оның тегінен шыққандарға және соңынан ергендердің жерлерін өздеріне қалдырылғанын айтады» [3].

Халық арасында мынадай сөздер де сақталған: «Бұқар жырау Қалқаманұлы сөйлегенде, ол өзінің шешендігімен қара арғымақты өзен түбіне батырады, ал Байдалы би айтқан кезде ол өз сөзімен бұл арғымақты өзен түбінен алып шығады».

Дананы дана ғана таниды: ертеде бабаларымыз өзінен ақылы асқан адамның сөзін екі етпеген, егер би бұра тартып жатса, хан неге сенсін, неге көнсін? Би мен ханы халықтың қамын бірдей ойлаған заманда төрт құбылаң тең болмай ма? Ол кезде ел билегендерде бедел салыстыру болмаған, бәрі де елдің бірлігін ойлаған [3].

Хан ордасында Байдалының беделі өте жоғары болады, хан биді қатты сыйлаған, би Абылай ханның тікелей ақылшысы болып, ханның өзі де оның айтқан төрелігіне тоқтап, аса алмаған. Ел ішінде Байдалы би жайлы «Абылай аспас сары бел» деген қанатты сөз де қалған. Оның мәнісі былай: «Аралбайдан туған Бәйтелі батыр төре тұқымынан адам өлтіріп,

құнға ұшырайды. Абылай хан билерін жинап алып, құныкерге өлім жазасын тағайындағанын хабарлайды. Ханның сегіз биінің бірі – немере ағасы Байдалыға Бәйтелі жаутаңдап қарай берсе керек, сонда Байдалы би: «Несіне қарайсың, лақ құрлы жоқсың ба, бауыздайын деп жатқанда ол да бақырады ғой», - дейді. Байдалының сөзінің астарын түсінген Абылай өлім жазасын кешіріпті. «Жеті жарғыдағы» құн төлеудің нарқы атам заманнан белгілі, ал, қара бұқара төре тұқымын өлтірсе, бұдан былай екі кісінің құнын тартады, сондықтан Бәйтеліге осы жаза қолданылсын» дейді. Байдалыдан басқа билер бас шұлғып мақұлдайды. Байдалы «Тақсыр хан ием, есік алдында сіздің торы төбел тұлпарыңыз байлаулы тұр. Соның төбеліндегі түгі көп пе, жоқ, тұла денесіндегі түгі көп пе?» депті. Абылай: «Әрине, тұла денесіндегі түгі көп дейді, Байдалы би сөзін жалғап: «Олай болса төре тұқымы ат төбеліндей аз. Мен жаңа тетелес інім Жәнекеңе: «Бауыздайын деп жатқанда лақ та бақырады ғой, бақыр» дедім. Ол бақырып аруақ шақырса, ұранға шаппайтын ел болмайды, сізге қамтуыңыздағы қалың бұқара қарсы шығады. Арғысы Арғын, бергісі Мейрамның бес баласы дүрліксе, хан болып тұра алмайсыз, сондықтан адамнан адамның артықшылығы жоқ, төре тұқымына екі құн төлей алмаймыз, бір кісінің құнын төлейміз, ал құн даулап отырған адамыңыз нағыз төре болса, талша мойнымыз қылша, ал, бірақ Бәйтелінің жалалы болған адамы күңнен туған, түбі шикі, сондықтан жарты құн төлейміз» деген екен (Бекше мен Аралбай бір әкеден, Байдалы Бекшеден, Бәйтелі Аралбайдан туған, Байдалы тетелес немере інісін Жәнекең деп еркелетіп атаған, содан Бәйтелі аты ұмтылып, Аралбайдан тарайтын бір тайпа ел Жәнекең руы атанып кеткен). Сонда Абылай: «Сегіз биім, сегіз биімнің ішіндегі семіз биім» деп, Байдалының кесіміне тоқтапты. Сол даудан кейін Байдалы би «Абылай аспас сары бел» атанып кеткен екен. Көптеген қазақ ақындары Алтай мойын руының ауылдарын аралап жүріп, Байдалы бидің еңбегін өз өлеңдерінде жоғары бағалады. Дереккөздер Байдалы Бекшеұлының қызметін зерттеушілер атақты бидің қасиеттерін дәріптей отырып, оны Арғын тайпасының Алтай тектес маржан асыл тастары ретінде көрсететінін айғақтайды [1].

Байдалыны тек би деп айту аздық етеді, халық жадында Байдалы би – дуалы ауыз би, ел қамын жеген үлкен ойшыл ретінде есте қалған. Ол көрнекі ойшыл ақын болған, оның «Ағайынға қадірім жоқ – бетімді көреді, әйеліме қадірім жоқ – етімді көреді» деген сөзінің өзінде үлкен өмірлік философия жатыр. Байекеңнің ел аузында қалған мұралары – өлмейтін, мәңгі жасайтын ғибрат, өсиет пен өнегеге толы даналық сөздер, ұрпақпен бірге жасап келеді. Уақыт озғанмен, сөз тозған жоқ. «Жақсыны жатқа санама, жаманды еске санама» деген сөздің өзі даусыз шындық қой. «Жаманның құлақ мұрнын кессе де, ар-намыспен ісі жоқ» сөзі де рас. Атақты би мұндай текті сөздерді сол ар-намыспен ісі жоқ арамдардың көкірегін оятқысы келіп айтқан. Әттең, би бабамыздың ұзақ ғұмырында айтқан ғибраттары бізге толық жеткен жоқ, кезінде жиналмады, уақыт бізге ұзын дүниенің үзінділерін үзіп-үзіп жеткізген сияқты [1].

Бекше – ағайын ішіндегі аз ру, көп өскен ағайындардан қиянат көргенде: «Аздың жақсысы болғанша, көптің жаманы неге болмадым? Ақ бидайдің дәні болғанша, арпаның сабаны неге болмадым» деп, би кейде назалана толғанған екен деседі. Өзінің көзі тірісінде ел бірлігін, ағайынның татулығын, арасының ашылмауын ойлаған би ұрпағына ынтымақ пен татулыққа шақырған талай ұлағатты сөздер қалдырған. Сол нақылдарының бірінде:

Адамың өлсе қойысқан, малың өлсе сойысқан.

Қысылшаң халге келгенде, қол ұшын берген туысқан.

Ауылыңа жау тақалса, айғайласып қуысқан,

Ағайынға не жетсін!

«Алыс елде жолаушы жүргенде Байдалы Байсары деген ағайынының қазасын естіп, қос атпен күні-түні жүріп ауылына жетеді, сонда көрісіп жылауға келген жеңгесіне айтқаны (жеңгесі қияңқы, шайпау адам болса керек):

Алыс, алыс, алыс жер, қос ат берсін

жазасын,

Ер сыйламас кер қатын жесірлік берсін жазасын.

Ел сыйламас жігіттің жалғыздық берсін жазасын.

Ат сыйламас адамның жаяулық берсін жазасын.

Алыста естіп қиналдым бауырымның қазасын,

Бауырым тиыштық алдың ба, енді алмаңдар мазасын», депті [1].

Байдалы би өз заманында ешкімге сөзден есе бермеген адам болған дейді. Есесі кетіп, теңдік ала алмай жүрген төре тұқымының бір жастау азаматы би аяғын үзеңгісіне салып, атқа міне бергенде сұрақ қойыпты: «Байеке, алыс не, жақын не?» депті. Сонда би ерге көтеріле беріп: «Жақын - ажал, алыс - білімді мен білімсіздің арасы», - депті.

Тағы бір адам: «Байеке, қанат не, жанат не, сағат не, ағат не, болат не?» деп, бес сұрақ қойыпты. Сонда би ған би былай деп жауап берген екен: «Ердің күткен жақсы аты – қанат емей, немене? Тоқтышақтың терісі – жанат емей, немене? Соғып тұрған жүрегің – сағат емей, немене? Жігіттікте өткен іс - ағат емей, немене? Ауыздағы отыз тіс – болат емей, немене?»

Байдалы би заманында үлгі болардықтай теңеу, нақыл сөздерді көп айтқан, солардың ішінде:

Панасы жоқ таудан без, пайдасы жоқ байдан без,

Шөп шықпайтын сайдан без, мағынасыз ойдан без,

Жанжалы көп тойдан без.

Қырсық сөйлеп теріс баққан бейбақтарға болма кез.

Сөз ұғарлық адамға үйретуге шыдап төз.

Бұра тартқан бүлдірген ел ішінде кездессе,

Ақсақалдар оларды талқылауды құрған кез,

Соның бәрін көріп жүр маңдайдағы екі көз.

Немесе:

Биік тауға жарасар басындағы обасы,

Өзен-суға жарасар жағалай өскен қоғасы.

Ақсақалға жарасар аузындағы тобасы,

Бәйбішеге жарасар піспегі мен сабасы.

Ер жігітке жарасар ел қорғайтын найзасы,

Ел ағасына жарасар ел ұстарлық айласы.

Қыз бойжеткен кезінде шашынан көп жаласы.

Бәрінен де қиын ғой ағайынның аласы,

Мал аласы сыртында,

Ішінде болар адамның қаскүнемдік аласы.

Өмір деген қысқа ғой, ей, адамзат

Айтарым, алды-артыңа қарашы! [1].

Қазақ қоғамы сөз құдіретін әрдайым жоғары бағалаған, дауласқан даугерлерді, жауласқан ішкі жауларды бір ауыз сөзбен тоқтата білген. Шешендік өнер адамдардың қарым-қатынастарының, барлық деңгейлерінде – отбасылық, рулық, мемлекеттік – негізгі атрибуттардың бірі болып есептеледі. Сөздік қордың байлығы мен оны пайдалана білу ерекше бағаланды. Қазақи сот билігі – билер соты шешендік сөздің күші мен құдіретіне негізделген. Би – қазақ құқығы нормаларының білгірі әрі шешен болған. Шешендік өнердің бастапқы қайнар көзі, оның сақтаушысы, әрі реформаторы – соттық билікті жүзеге асырған билер еді.

Сол заманда өзіне көп мал жинаған, байлығымен қоса адамгершілігі, батырлығы бар, Қаракесектің Шаншар руынан шыққан Құнанқара деген кісі болыпты. Ол қарамағына 40-50 жігіт ұстап, ерегіскен елін шауып отырған. Сол кісі Қуандық елінен 2000 жылқы алдырып, көп уақыт теңдік бермейді. Іздеп барған қуғыншыларды сыйлап, аман қайтарып отырған, Қуандық елі күткен малын ала алмайды. Содан Қуандықтың игі жақсылары жиналып: «Ақ адал малымыз сұраусыз кете ме? Сіз барып сөйлесіңіз» деп Байдалыға салмақ салады.

Ағайынның сөзін қимай Байекең баратын болып, қасына үш адам ертіп жолға шығады. Араға 4-5 қонып, түс ауа Құнанқараның ауылына жақындайды. Құнанқара ауылының сыртында төбе басында нөкерлерімен отыр екен, анадайдан келе жатқан кісілерді көріп: «Жігіттер, қамданыңдар! Алыстан көретін, көргенін ілетін Қуандықтың қыраны – Байдалы би келе жатыр», - депті. Жолаушылар келгенде Құнанқара Байдалыны аттан түсіріп, екеуі

қазақша құшақтасып, көрісіп тұрғанда, Байдалы би: «Құнанқара, мен саған қараймын, сен құдайға қара», - депті.

Үй тігіліп, қонақ күтіледі, Байдалымен үш күн әңгімелесіп, мауқын басқан соң Құнанқара: «Байеке, маған мал керек емес, мақсатым - Сізді келтіру еді», - деген екен. Содан Құнанқара алған жылқысын өз адамдарымен жеткізіп берген екен дейді. Атақты адамдар арасында кезінде осындай ерекше сыйластық болған [1].

Аталас ағайыны Тәңірбергеннің Сапағы (17 мың жылқысы бар бай) Байдалы биді қонаққа шақырады, 2-3 күн күтіп, «Алтай-Қарпықтан шыққан би, Ақмаржан деген атты мінгізіп жіберемін» деп отырған сөзін естіген Қошан деген баласы Ақмаржанды жылқыдан ұстап мініп кетіп қалады. Осының бәрін сезіп отырған Байдалы қайтатын болады. Баласының ісіне сасқан Сапақ кермеге үш тоғыз әкеліп байлатып: «Би, келген жолыңыздың орамалы, атқосшыңыз айдай кетсін» дейді. Сонда Байдалы би Сапақтан үлкен болса керек: «Сапақжан, үш тоғызына үш ауыз сөзім бар. Қатының жаман болса, мейманың кетеді, ұлың жаман болса, жиғаның кетеді, қызың жаман болса, жеті атаңа жетеді. Алтай-Қарпық баласы аман болса, Байдалы жаяу жүрмес» деп, ештеңе алмай кетіпті [1].

Байдалының Қалыбектен туған Қараша деген немере туысы бай болыпты. Қарашаның Алқаракер деген аты қазақ даласына аты жайылған жүйрік ат екен. Ұлы жүз Дулаттың бір атақты адамына ас беруге сауын айтып, Байдалы би ел жайсаңдарын алып, асқа барады. Арнаулы тігілген үйде құрметтеп отырған жерде атшабарды хабарлаушы Байдалы отырған үйге келіп: «Би, атты қалай айдаймыз?» депті, сонда Байекең: «Даулы болсын десең, ойлы-қырлы саладан айда, даусыз болсын десең, мидай жазық даладан айда» деген екен. Сол аста Алқаракер 1000 аттың алдынан келіп, бас бәйгеге тігілген 200 жылқыны алсын деп хабарлағанда, Байдалы би: «Үлкен үйдің ошағына салдым», - деп, алмай, ас тараганша жатады. Ас тарқағанда, ас беруші ел Байдалының ниетіне риза болып, 400 жылқы айдатқан екен дейді. [2.12].

Байдалы Бекшеұлы «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қанатты сөзді өмірлік ұстанымы етті. Кемеңгер би бүкіл ел қамын ойлаған, қазақтың бірсыпыра белгілі қайраткерлеріне ақылшы аға, үлгілі ұстаз болған, қайратты, қабілетті, ерге де, елге де қамқорлық жасаған адам еді. Ол әлсіздерге болысуды, әділ болуды, қиянатқа қарсы тұруды адамдық және азаматтық парыз деп түсінген.

Алтай-Қарпықтың ішінде Байғозы батыр басқарған бір болыс тарақты елі болыпты (негізгі тарақтылар Шу бойында болған). Сол тарақтының бір адамы барымтада Алтайдың бір адамын өлтіреді. Осыған кісісі өлген жақ құн даулайды. Байдалы Байғозымен замандас, сыйлас адам болғандықтан, Байғозы: «Мен десе, осы дауға келмесін» деп Байдалыға кісі жібереді. Елдің тегеурінінен қаймыққан Байдалы дауға барады. Билік айтылып, кісі өлтіргенге 100 түйенің құны кесіледі. Байғозы өкпелеп: «Алтай-Қарпықты паналап жүрген азғантай тарақты едік, Шуға көшеміз», – дейді.

Аралары суынып қалған батыр мен би шымбайларына батыра сөйлеседі. Сонда Байдалы: «Атаның сай, атың сай – көшсең Шуға жетерсің, кетпенің сай, шотың сай – қазсаң суға жетерсің. Көш, тарақтым, көш», – дейді. Сонда Байғозы: «Мені қимай көшпе дейді екен десем, іргеңді шын аулақтатқан екенсің», – деп, Байдалының үстіне қона түседі. Екі жағында да нөкер бар, өре түрегеледі. Сонда Байдалы би: «Қозғалмаңдар, мен - жар, бұл - лақ, ойнақтап, ойыны қанған соң өзі түседі», - депті. Сонда Байғозы батыр тұра салып, мойнына таспиғын салып, жылап жіберіп: «Данышпаным-ай, елді бір қантөгістен құтқардың ғой, екі жақ болып жанжал шығатын еді», – деген екен [1].

Арғынның ұлы биі болғандықтан, Қаз дауысты Қазыбектен бата алуға Байдалы барады, ол кезде Қазыбек 74 жаста, Байдалы 18 жаста екен. Қол алысып салем бергеннен кейін Қазыбек жас жігіттің түріне қарап: «Байдалы, Байдалы деген атағы таудай болғанға бір керемет екен десем, мынауың бір көмірдей қара ғой», - депті. Сонда Байдалы ақсақалдың қолын босатпай тұрып: «Мырза, қорламаңыз көмірді - балқытатын темірді, некесізбен сөйлессең - жәбірлейді өзіңді», - деген екен.

Ондағысы - Қазыбектің Қаракесек аталып кеткен Болатқожа атасының некесіз күңнен туғанын меңзегені. Осыны сезе қойған Қазыбек би: «Сынағалы айтып едім, болды, әр жағың лақылдап тұрған сөз екен, деп, қонақ қылып, батасын берген екен [1].

Байдалы би туралы кейбір басылымдарда оны өте жүдеу қылып көрсетеді, тіпті «ішерге асы, мінерге аты» болмаған деп жазады. Алайда 12 жасында билікке араласып, 95 жасқа дейін өз елінде сый-құрметке ие болып, екі ханға би қызметін атқарған адамды осыншама нашар етіп көрсету әділетсіз әрі ұнамсыз көрінеді.

Байдалыға қарасты отыз шақты ауыл адамдары би қайтыс боларында қасында болып, соңғы өсиетін күткен екен. Би: «Мені Шідерті өзенінің жағасына қойыңдар. Үш жүзге сауын айтып жылымды беріңдер»,–деп өсиет айтыпты. Бір-біріне қараған жұрттың сыңайын байқап: «Сауын айтыңдар», – деп қайталапты, «одан кейінгісін жұрттың өзі біледі», – депті [4].

Би қайтқаннан кейін келесі жылы елі Ақмолаға қарай жайлаған. Ақмола облысындағы Анар стансасынан көрінетін көлдің жағасында ас беріліпті. Айтқаны дәл келіп, кемеңгер бидің жылына ел үйір-үйір жылқысын, саба-саба қымызын ала келіпті. Көлді жайлаған 30–40 ауыл ас беріп, 200 жерошақ қазылған дейді. Сол көл кейін Байдалы көлі деп аталыпты, қасында «Ақтасты» деген кеңшар бар, ол жер Ақтасты-Байдалы деп аталады [1].

Ат бәйгесіне 200 жүйрік қатысып, бас бәйгеге Байдалыға Айғаным ханым кигізген Уәли ханның алтын зерлі, оқалы шапаны және бидің атышулы Көксырғанақ аты тігіліпті. 200 аттың ішінен Аралбайдың Мәме деген баласының Алқарагер аты бәйгені жеңіпті.



Мәме Байдалының немере туысының баласы ғой. Ел болып: «Атың келді ғой, бәйгені бидің ошағында қалдыр», – дегенге көнбей, омыраулап, бәйгеге тігілген Уәли хан киген торқа тонды Мәме алған. Би бабаның аруағы назаланды ма, сол себептен Алқарагер бәйгеден алдымен келгенімен, қарақшыға жеткенде қалтырап, тұрып қалатын болған деседі. Осы астан кейін ат бәйгені жеңбеген. Бұл оқиғаны үлкендер «Байдалы бидің аруағы киелі» деп айтушы еді. Сол Уәли ханның торқа тонын Мәменің Жаңаарқа ауданында тұратын ұрпағы Сәтжанов Хамзе ағамыз Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне біраз жыл бұрын тапсырған.

Байдалы биді жерлеп, ел тарқағанда, Баби деген баласы бейіт басында:

Бар мақтанса - табылар,
Жоқ мақтанса - шабылар.
Арғымақ шапса - сабылар,
Қазақтан асқан шешенім,
Жан әкем қайдан табылар, - деп жоқтаған



Басына ұрпақтары қойған тас



Ұрпақтардың тағзымы



Кесененің ашылу сәті, сөз сөйлеген бидің ұрпағы Қасеинов Дүйсен

екен.

Байдалы би жазғы мезгілде жайлауда қайтып, бидің өзінің өсиеті бойынша Шідерті өзенінің жағасында биік төбе басында жерленген. Қазір ол Қарағанды облысының Молодежный (қазіргі Осакаров) ауданында орналасқан, Ертіс-Қарағанды арнасы салынған соң, сол тұсты су басып, тек Байдалы бидің моласы тұрған төбе ғана суға батпай аралдың ортасында қалған.

2014 жылы Қарағанды облысының әкімшілігі мен мәдениет басқармасының бастамасмен, үкімет тарапынан Байдалы бидің басы қайта көтеріліп, кесенесі салынды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байдалы бидің 5 ұрпағы Исин Үмбетжанның естеліктері «Үш жүзге билік айтқан Байдалы би», «Сарыарқа газеті» Жезқазған облысының әкімі мен облыстық мәслихаттың газеті, 4 желтоқсан, 1996 жыл, (№ 232);

Жұмаділдин А. «Байдалы би», Алматы: Кенже Пресс, 1999. - 116 с.

3. Каренов Р. С. Арғын Байдалы би Бекшеұлының 275 жылдығын арналады // Орталық Қазақстан.- 2002 ж.7 тамыз (№125-126);

4. Каспаков А. «Байдалы би», газета «Сельский труженик», Осакаровка,2014. 27 сентябрь (№ 39).

5. Мавзолей Байдалы би - история в веках: культурное наследие//Индустриальная Караганда. -2014 г. - 20 сентябрь (№ 166/167);

6. Еркін энциклопедия - Википедия материалдары, ғаламтор желісінен.

РЕЗЮМЕ

В статье повествуется о мудром и красноречивом Байдалы би, который решал спорные вопросы справедливо и во благо народа. Анализируются его жизненный путь и наставления потомкам, раскрывая их историческую и духовную значимость.

SUMMARY

The article recounts the legacy of the wise and eloquent Baidaly Bi, who resolved disputes with justice and for the welfare of the people. It analyzes his life journey and his exhortations to future generations, highlighting their historical and spiritual significance.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

ҚОЛДЫҢ СӘНІ – БІЛЕЗІК

Сара ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі Ғылыми қор сақтау бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Адамзат баласы ертеден-ақ өзінің жағдайына, талғамына, тұрмысына сай киініп, табиғи сұлулығын, көркемдігін түрлендіріп көрсететіндей әдемі зергерлік бұйымдарды орнымен пайдалана білген. Оған біздің күні бүгінге дейін табылып жатқан көне мұраларымыз бен музейлерде сақталған экспонаттар дәлел. Ол ерте дүниеден бері бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауысып, әр дәуірде, әр қоғамда өзгеше түрлі сипат алып, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнер ерекше орын алады. Зергерлік – өте ертеден келе жатқан көркем өнердің түрі.

Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланысты. Әртүрлі сәндік бұйымдар, асыл тастардан жасалған қымбат заттар шеберлер қалдырған халық мұрасы болып табылады. Әйел адамның әшекейлерінің ішінде ертеден келе жатқан және күні бүгінге дейін кең қолданылатын әсемдік өнердің бірі – білезік.

«Білезік» сөзінің шығу төркіні білек пен жүзік сөз тіркестерінен құралған немесе оны білекке салынған жүзік деуге де болады. Оны қыз-келіншектер де, орта жастағы әйелдер мен үлкендер де салған. Білезік көбіне күмістен, кейде таза алтыннан да жасалған. Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музей қорында және экспозициясында қазақтың қолөнер туындылары мол. Әсіресе зергерлік бұйымдардың ішінен белдіктер, қапсырмалар, таналар, түймелер, алқалар, бойтұмарлар, жүзіктер, шашбаулар, сырғалар, шекеліктер және білезіктердің бірін-бірі қайталамайтын бірнеше түрлері бар. Музей қорындағы зергерлік бұйымдардың ішінен тек күмістен соғылған білезіктердің өзін салыстыра қарағанда Қазақстанның әр өңірінде жасалған білезіктердің әртүрлі болып келетінін байқауға болады.

Білезік – жалпы әйел заты қолға тағуға арналған сәндік әшекей бұйымдардың бірі. Қазақ ұғымында білезік тағу тек әйелдерге ғана тән нәрсе. Бұрынырақта оны бақуат адамдар тапсырыс беріп жасатқан болса, бүгіндері басқаша сипат алды. Зергерлер оларды металдан: оның ішінде темірден, мыстан, күмістен, алтыннан жасаған. Білезіктер «Бес білезік», «Тасты білезік», «Топсалы білезік», «Жұмыр білезік», «Жалпақ білезік», «Қалы білезік», «Көзді білезік», «Құйма білезік», «Қос білезік», «Қолқа білезік» деген түрлерге бөлінеді. Оның үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі, әркімнің қалауынша әртүрлі бола береді және аталу түрлеріне қарай білезік бетіне жүргізілетін ою-өрнектер де сан алуан болып келеді. Түйе табан ою, өсімдік тектес ою, әрқилы геометриялық фигуралар, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, ромб, қошқар мүйіз ою, сыңар өкше, жүрекше, ирек шимай, құс қанаты ою-өрнектері білезік көркін аша түседі. Білезіктің жуандығы да әртүрлі болады. Мысалы, екі басы түйістіріп жасалатын жұмыр білезік.

Бүгінде Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музей қорында зергерлік бұйымдардың ішінде білезіктің көптеген түрі сақталған.

Білезіктерге көбінесе «сыңар өкше», «ырғақ»,





Жуан алтын, алтын, күміс сымдардан құрастырылған бұрама білезіктер



Сағат түріндегі білезік





«бұрама», «кез» өрнектері салынады. Білезіктер күрделі әрленген көбіне ұлттық нақыш бойынша безендірілген. Ойып, қарайту әдісімен соққан білезіктерге ең көп салынатын өрнектің бірі – қошқар мүйіз. Оны байлықтың, дәулеттің өсуінің белгісі деп санаған. Білезіктің ең көп тараған түрі – асыл тастан немесе әйнектен арнайы көз салынған түрлері. Ел ішінде ежелден асыл тастар тіл-көзден сақтайды деген сенім бар. Ал мөлдір шыны әйнектен көз салу – дүниенің бәрін көріп тұр деген ұғымға сай келеді. Сонымен қатар қызыл түсті тас бақыт пен шаттық әкеледі деп сенгендіктен, осы тастың түрін көптеп қолданған.

Жұқа күміс тақталарды бір-біріне көмкеріп, бетіне бедерлі көзтана, қиықша сияқты геометриялық өрнектер бедерленген және үш жерден қас қондырылып, шынидан көз орнатылған.

Күмістен ернеулі етіп құйылған жалпақ білезік. Бетіне геометриялық өрнектер «шимай», «тырнақ», «көзтана» түсірілген. Бұл білезік қазақ білезіктерінің «Бес білезік» типіне жатады.

Қазақ халқының зергерлік әшекей бұйымдары – ата-бабаларымыздың ұлттық қолөнер мәдениетін паш ететін асыл мұрасы, биік шыңы, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің айнасы. Осындай айнамызға сызат түсірмей, келешекке жеткізіп, көрсете білу – біздің парызымыз. Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейіне ат басын бұрып көркем әшекейлерді тамашалауға шақырамыз.

РЕЗЮМЕ

В тексте раскрывается происхождение браслета и его значение для нашего народа. Вниманию читателя представлены малоизвестные виды этого украшения, раскрываются их особенности, символика и исторический контекст.

SUMMARY

The text reveals the origins of the bracelet and its significance for our people. It presents the reader with little-known types of this adornment, uncovering their unique features, symbolism, and historical context.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТАНЫМЫНДАҒЫ ҚАМШЫНЫҢ ҚАСИЕТІ

Ақбота ҚҰРАҚБАЙҚЫЗЫ,
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету (қазіргі заман тарихы)
бөлімінің ғылыми қызметкері

«Қамшы» сөзінің шығу тегі туралы бірнеше нұсқалар айтылады. «Қамшы» сөзіндегі «қам» түбірі қазақ тілінде бірнеше ұғымға ие. Қамшикі, шылғи, шала, қам-қарекет, қимыл, айла, тәсіл, амал, қам-уайым, қайғы, қамығу, қамқамдану, әзірлену, даярлану. Әрі қарай: қамба, қамау, қамал, қамту сөздері мен терісі құнды аңдар қама, қамар, қамшат; қымбат маталар-қамқа, қамқап болып келеді де, барлығының түбірі қам деген сөзден түзіледі. Қамшы өрімі иленбеген шикі, шылғи теріден де өріле беретіндіктен әрі кейде бір ұғым беретін осы сөздер қосарлана айтыла беретіндіктен: қамшикі, қамшы, қам-шылғи-қамшы түрінде қамшы сөзі қалыптасты деген тұжырым бар. Қамшы – ат-көлік, мал айдауға арналған жабдық. Қамшы – қорғануға, қарсыласын ұрып-жығуға арналған суық қару. Қамшыгерлік – қорғана білетін және әбжіл қимылдап, жауын жайратып салатын да шеберлік. Көшпелі тірлік салтына байланысты қазақтың еңбектенген баласынан еңкейген кәрісіне дейін қамшы ұстаған, ат-көлік мінетін. Әркімнің өзіне лайық, өзіне тән қамшылары болады. Атқа мінгенде қолында, қонышында, білегінде, белінде, тақымында, ерінің алды-артында, үстінде ілулі тұрады. Кейде тіпті қарбалас сәтте ауызға да көлденең тістейді. Ал үйде отырған кезде қамшы керегенің басында,






көгінде, уық қарында, сыртқы дөдеге мен белдеуде немесе ашада қыстырулы тұрады. Қарбалас кездері киіз-сырмақ астында, тіпті тізенің астында жатады. Әркімнің қамшысы өзі қойған жерінде тұруға тиісті.

Біздің дәуіріміздің 5-6 мың жыл бұрынғы «Ботай» мәдениеті кезіндегі жылқыны қолға үйреткелі бері адам баласы оны ат-көлік ретінде пайдаланды. Осы жылқыны мінгенде оның жүрісін жылдамдату үшін алғашында табиғи заттар – құрай, шыбық, балғын, бұта бұтақтары қолданылды. Ал кейін халық ішінен шыққан шеберлер осы бүгінгі таңда пайдаланып жүрген қамшыны ойлап тапты. Оны жетілдіріп әрі түрлендіру нәтижесінде әрі мықты, әрі шып етпе, өткір, қолға ұстауға қолайлы жеңіл қамшы мен бишіктер қолданысқа енді.

Қамшы – көшпелі қазақ тұрмысында мал шаруашылығы өнімдері-ірі қара, ешкі терілерін илеу өнері арқылы орындалатын жабдық. Ол әр елдің салт-дәстүрімен бірге, атқаратын қызметіне қарай түрленіп, жіктеледі. Ат қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, күдері қамшы, жортуыл қамшы, ұзын қамшы, шолақ қамшы, білеу қамшы, сарала қамшы, борбас қамшы, орама сапты қамшы, мүйіз сапты қамшы, «сайтан» қамшы, қасиетті қамшы, жыланбауыр қамшы, өзекті қамшы, шашақты қамшы, тобылғы сапты қамшы, шыбыртқы қамшы секілді көптеген түрлерін халық шеберлері ойлап тауып орындаған.

Негізінен, ат-көлікті айдау жабдықтарының бір түрі – бишік. Оның түрлеріне жалғыз таспа шыбыртқы бишік, екі таспа, үш таспа, төрт таспадан өрілген, ширатылған ұштарына таспа жалғаған, ұзын және қысқа сапты бишік жатады. Сондай-ақ төрт таспа, бес таспа, алты таспа, сегіз таспадан өрілген, ұштарына таспа жалғанған түрлері де көп кездеседі. Қамшы төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі таспадан өріледі.

Қазақта ежелден бүгінге жеткен киелі жәдігерлер өте көп. Олардың барлығы да ата-бабалардың көшпелі өмір салтынан сыр шертеді. Ерліктің, қайсарлықтың белгісі болып, «ер қаруы – бес қарудың» қызметін қапысыз атқарған қамшы бұйымы.

Қазақ халқында қамшы мал айдайтын құрал ғана емес, қанды шайқаста ердің бағын ашар, қас жаудан құтқарып алар сенімді серігі болған. Қамшыгерлік тума қабілет десек те, адам табиғатындағы ептілік, мергендік, қарақтылық, сезімталдық, өткірлік, батылдық, сескенбейтін серттілік сияқты ішкі қасиеттермен ұштасып жататын өнер. Қамшы көп сәттерде ат үсті шайқастың қаруы. Қамшыны бір-ақ рет ұрған, бір ұрғанда дәл тигізген және айтылған шарттарды бұлжытпай орындаған адам қамшыгер бола алады.

Қамшы төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі таспа, он алты таспа деп аталады. Таспаны тіліп қырнап, сыдырып, өңдеуіне қарай жуан, жіңішке болады. Қамшының сабынан өрімі қысқа түрлері де бар. Ерлерге, әйелдерге арналған, балалар мен шал-шауқанға арналған түрлері молдау кезігеді. Жастар мен жігіт ағалары ұстайтын қамшылар алты тұтам ат қамшы, жеті тұтам жер қамшы деп аталады.

Қазақ халқында қамшыны ұстау мен қолданудың ережесі де бар. Әдетте қамшыны оң қолға екі бүктеп ұстайды. Қамшы өрімін төмен қарата ұстау әдепсіздіктің белгісі саналады. Сондай-ақ жол көрсеткенде саусақпен емес, қамшымен нұсқайтын болған. Ертеректе қазақ халқының салты бойынша қамшыны қолға ұстап үйге кіру бәленің басы саналатындықтан, сырт адам қашанда қамшысын үй сыртына, ат үстіне қалдырып кететін. Ал егер үйге қамшысын ала келсе, онда дауласуға келгенін білдіреді.

Мұнан бөлек қазақта қамшымен байланысты көптеген дәстүр бар. Ол «қамшы ілу» деп аталады. Қызға құда түсе келген адам қамшысын төрге белгі ретінде іліп кеткен. Егер жігіт кешігіп, не қыз айнып қалса, қамшыны иесіне қайтарып беретін болған. Төрде ілулі тұрған қамшыны көрсе, айттырған адамы бар дегенді білдірген.

Қазақ сөз өнерінде де қамшыны «ойната» білген. Жүйрік атты қамшыдай қатқан,





талаптанған жігітті «өзін-өзі қамшылады», жүрмейтін атты «қамшы кесті», «шабан» жанына батқан істі «қамшы боп тиді» деп астарлай сөйлеген. Кейбір берекесіз жанды «қамшы алып беруге жарамайтын» деп кемітетін болған. Жүрдек атты «қамшы салдырмайтын» мал деп мадақтаған.

«Қамшының сабындай ғана қысқа өмір» деген тәмсілдің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Қамшының сабы қалай қысқа болса, өмір де сол секілді тым қысқа. Міне, қазақтың көрегенділігі, қамшының қасиеті де осында.

Қазақта көне кезден бүгінге жеткен киелі жәдігерлер өте көп. Олардың барлығы да ата-бабалардың көшпелі өмір салтынан сыр шертіп, дала құпиясын алдымызға тосады. Жаратылыспен етене араласып, өмірінде, тұрмысында кеңінен пайдаланған халқымыздың көптеген құнды мұраларынан көз жазып қала жаздағанымыз шындық. Ерліктің, ерен күштің, қайсарлықтың белгісі болып, «ер қаруы – бес қарудың» қызметін қапысыз атқарған қамшы бұйымының қасиеті жайлы бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, бірі білмейтіні тағы анық.

Қамшы қазақ халқында мал айдайтын немесе атқа отырғанда тұлпардың арынын күшейтіп отыратын құрал ғана емес, қанды шайқаста ердің бағын ашар, қас жаудан құтқарып алар сенімді серігі. Мал айдайтын таяқты қазақ «бишік» немесе «шыбыртқы» дейді. Қамшы болмаса, қазақта көрген адамның айызын қандырып, ерекше күйге бөлейтін, қанын қыздыратын «қамшыгерлік» сайысы болмас еді.

Қамшы арқылы жауынан қорғана алатын не жайратып салатын адамдар қамшыгер атанады. Жастайынан қамшыгерлікке құмарту не жастайынан қамшыгерлікке баулу, тәрбие алу, қамшыгер мамандардан үйрену, қамшыны ұстай білу, қамшымен ұра білу, қарсыласын қай жерінен қалай ұрғанда естен танады, аттан түседі, жараланады, мұның бәрін қолмен қойғандай, қапы жібермейтіндей білу шарт. Әрі мықты, әрі шып етпе өткір, қолға ұстауға қолайлы, жеңіл қамшы мен бишік көп. Қамшының: ат қамшы, дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, күдері қамшы, жортуыл қамшы, ұзын қамшы, шолақ қамшы, білеу қамшы, сарала қамшы, барбас қамшы, орама қамшы, мүйіз сапты қамшы, «сайтан» қамшы, «киелі» қамшы, «қасиетті» қамшы, жыланбауыр қамшы, өзекті қамшы, шашақты қамшы, тобылғы сапты қамшы, бала қамшы, шыбыртқы қамшы сияқты көптеген түрлері бар.

Қамшы да таспаның өңделуіне орай жуан, жіңішке болып өріледі. Көп таспалылар мен ішіне өзек салып өргендері әдейі жуандатылады. Өрілгеннен кейінгі үлгісі жұмыр, төрт қырлы, алты қырлы болып шығады. Сапталмай тұрып түрлі-түрлі ысқыдан өткізіледі. Өткірлік жағынан өлшемі сабы алты тұтам, өрімі жеті тұтам қамшы дұрысырақ саналады.

Қамшы өлшемі мұнымен шектелмейді. Терінің иленуі, таспаның тілінуі, тері мен таспаның ерекше қасиеттеріне байланысты атаулары бар. Қалай өрілуі, өрім мен саптың





өзара ұзын-қысқалық салыстырмалы, қамшының алақаны, алақанның ұзын-қысқалығы, қатқыл не жұмсақтаулығы шарт боп айтылады. Қамшыгерлер өз дағдысы, өз есебі бойынша қалағанын өздері жасап алады немесе өрімшілерге арнайы тапсырма беріп өргізеді. Қолайына жаққан қамшыларын ұстаған қамшыгерлер өздерін қарулы адамдай сезінеді.

Қамшының қасиетін сипаттар болсақ, ең алдымен оның тобылғыдан жасалған сабына бір тоқталып өтелік. Тобылғы қазақ жерінің нулы-сулы, тоғайлы жерлерінде (ашық далаларда да) кездесе береді. Осы топталып өсетін ағаш келе-келе қатайып, темірдей берік болады және ыстық-суыққа төзімді, судан қорықпайды, жарылмайды. Тобылғының майы теміретке сияқты жараға жағуға емдік қасиеті өте шипалы және тіс шұқығыш құралы ретінде де қасиеті сол – тістегі бактерияларды жояды. Тобылғыдан тәспі, моншақтар жасалынады. Уақытысында алынған тобылғы жүздеген жылдарға сыр бермей, сынын да сырын да жоғалтпайды, өміршең. Тобылғыны қамшыға сапқа дайындайтын мерзімі желтоқсан айы. Осы мезгілде өсімдіктердің жер анадан нәр алу мерзімі (мұсылманша оразасы басталады) толықтай тоқталады, мінеосы кездеоны Жаратқан Иеге сиынып, кесіп, керегінше дайындайды. Өсімдік майымен тазалап, сүртіп, күннің көзі, желдің лебі тимейтін көлеңкелі жерге кептіреді. Осыдан кейін ғана ол қамшыға сап жасауға қолданылады. Неден істелінсе де қамшылардың сабының ұзын-қысқалығы тұтаммен өлшенеді. Тобылғы дайындауға бара жатқанда былай дейді екен: «Ассалаумағалейкум! Қайда барасың? Тобылғыға. Маған да, саған да, мінеки!»

Атқамшы: ұзындығы – 80 см, сабының ұзындығы – 40 см. Қамшы өрімі 6 өрімнен 24 өрімге дейін болады. Қамшы өзегі 6 мм-ден 8-12 мм-ге дейінгі өлшемде орындалған. Атқаратын қызметі күнделікті атқа мінгенде тұтынатын жабдық. Таспа иленген ірі қара малы терісінен жасалған.

Дойыр қамшының ұзындығы – 1 метр. Қамшы қалыңдығы таспа санына, өзегіне байланысты болып шығады. Негізінен, бұл қамшы әскери қару болып саналады.

Сабау қамшының ұзындығы – 90 см. Орындалуы өзге қамшылардан өзгеше болып дайындалады. Қамшы алақаннан 1-7-ге дейін бөлікке бөліктеліп, шашақтала әр саласы 4 өрімнен өріледі. Адамдарды дүрелеп сабағанда бір сілтегенде қамшы 1-ден 7-ге дейінгі тарауы бір мезгілде тигенде әсері қатты болады екен.

Бәйге қамшы: ұзындығы – 80 см. Қамшы түрі өзге қамшылардан өзгеше болып орындалған. Орындалуы қамшы алақаннан 10 мм жұмырлықта өріле келе, соңғы жағы 25-30 см-ге дейін жалпақ болып, өзектің шеті айнала өріліп шығады. Қамшының соңғы жағы жалпақтала өрілгендіктен, атқа тигенде сипағандай болып, шауып келе жатқанда атты «кәлтелеп» еркелетіп демей, сипай отырғандай ұрып отырады. Ал қамшыны қырымен ұрғанда кәдімгі қамшыдан артық батпаса кем болмайды.

Соп (бишік) қамшы ұзындығы 2,5 метр, жуандығы түбі 15 мм-ден соңғы жағына қарай жіңішкере 6 мм-ге дейін болады. Ат арба, өгіз арба айдаумен қатар өгіз соқамен жер жыртқанда пайдаланатын жабдық.

Ноғай қамшы ұзындығы – 80 см. Тобылғы сабының ұзындығы – 25 см, таспа мен сапты қамшы ұшына дейін өріліп шығады.

Албан қамшысының өлшемі өзге қамшылар секілді. Таспа өрімі де шамалас. Оның өзгешелігі алақанды сапқа бекіткенде байлас бас жағы омыртқа секілді, төменгі жағы жыланға ұқсатылып ирелеңдеп байланады.

Бала қамшы: ұзындығы – 50 см. Таспа саны, өзегі өзге қамшыларға ұқсас. Қамшы бесіктегі баланың жастығының астына қойылу үшін қайыстың түгі сыртына қарата өріледі. Бесіктегі баланың шошымауы үшін қолданылады, кейін бала осы қамшыны өзі тұтынған.

Молда қамшы 60 см-ді құрайды. Тар өріммен өріліп, жіңішке етіп өріледі. Сабы тобылғы ағашынан жасалады.

Тәуіп қамшы: ұзындығы – 60 см. Адам емдеу үшін, қамшы 15 см өріле келіп, үш жағы шашақтала келіп, басы түйілмейді. Сабының ұзындығы – 25 см. Сабы ашық болып алақанға бекітіледі.

Би қамшысының өлшемі мен таспа саны өзгеше айтарлықтай бөлектігі болмаса да бидің дәрежесіне қарай көркемделіп, күмістермен безендіріліп орындалады. Көпшілік жиында сөз сұрағанда қолына қамшысын ұстай көтеріп, қамшысын алдына тастай салып сөйлейтін болған.

Қыз-келіншектер қамшысының ұзындығы 70-80 см болып келеді. Таспа саны 6-8-12-ге дейін болады. Қамшының басы таспа шеті түйілмей, шашақталып тұрады. Шашақ тіл-көзден сақтайды. Әкесінің байлығы мен дәрежесіне қарай қамшы күміс пен асыл

тастармен көркемделіп, сабы киік тұяғы, тау теке мүйізімен орындалады. Өзге қамшылардан көп өзгеше болмаса да басы түйілмей өрілетінін айтқан Алпысбай шебер өзі орындаған өнер туындыларын осылай жіктеп-саралап көрсетті. Осыған қарап қамшы өру өнері осындай алтын қолды шеберлердің арқасында дамуда деп айта аламыз.

Мынадай хадис бар екен. Бірде Хазіреті Әли түсінде аспан мен жерді жағалап тұрған қамшыны көріп, түсін пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с-ға айтқанда, Алланың елшісі: «Қамшы – Жаратушы мен адам баласы арасындағы адал достық» деп жауап береді. Мүмкін, қамшыны киелі санау осындай себептен де шығар.

Қамшы және қамшыгердің өнері мұнымен шектелмейді. Салыстырмалы түрде қараса, бұл өнерді де қытайлық, жапондықтардың күрес тәсілдеріне ұқсатуға болады. Тек айырмашылығы олар өздерінің көне тәсілдерін дамытып жатқан болса, біз бұрынғы ата-бабаларымыз бағалай білген бұл өнер қазір жоғалып бара жатыр немесе мүлдем ұмытылды десе де болады.

РЕЗЮМЕ *В статье отмечено особое значение камчи для наших предков и рассмотрены многочисленные, малоизвестные широкой публике виды камчи.*

SUMMARY *The article highlights the special significance of the kamcha (whip) for our ancestors and examines numerous types of kamchas that are little-known to the general public.*

ТҰРМЫСТЫҚ ТІГІН МАШИНАЛАР

Ақбота НЫСАНТАЕВА,
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

Бүгінде біз көпфункционалды, күрделі, әмбебап, түрлі салаға арналған тігін машиналарын дүкен сөрелерінен көріп, бұйымның көптеген адамдардың өмірі мен жұмысының ажырамас бөлігіне айналғанына үйреншікті қараймыз. Дегенмен, тігін машиналардың конструкциялық даму жолы ұзақ және күрделі. XIX ғасырдың ортасына дейін тігін машиналары – күрделі қол еңбегіне тәуелді болды. Бұл жағдай 1846 жылы бірінші тігін машинасына патент алған американдық өнертапқыш Элиас Хоудың арқасында түбегейлі өзгерді, осылайша технология әлемінде жаңа дәуір ашылды. Э. Хоудың тігін машинасы минутына 300 түзу тігістер жасай алатын революциялы өнертабыс болып, өз уақытының танымал Scientific American журналы оған «ерекше өнертабыс» деген мәртебе береді.

Осы өнер тарихының өзі өте қызықты. Элиас Хоу өзінің тігін машинасын құрастырып жатқанда тігіс инесінің шөрнекті жүктеу механизмінің күрделілігі мен жылдамдық қарқынының баяулығы, иненің матадан оңай өтуін және механизмге кедергі келтірмеуін шешу сияқты қиындықтарға тап болады. Мәселенің сырын ашу жолында ол әртүрлі конструкцияларды, соның ішінде екі ұшында көзі бар инені де сынап көрді. Алайда, барлық әрекеттер сәтсіз аяқталды. Бірде, ексесі түсіп үміті үзілген сәтінде, Хоу шешімін табатын түс көрді, түсінде ол бір алыс елде жүр екен. Елдің қатыгез патшасы тігін машинаның жаңаша үлгісін құрастыра алмағаны үшін өнертапқышты жазаламақшы болыпты. Өлім жазасына кесілген соңғы сыни сәтінде Хоу, жазаны орындаушы күзет қолындағы найзасының үш жағындағы кішкене тесігіне көзі түседі. Дәл осы сәтте кенет ұйқысынан оянып, ол машинаның үш жағына көзі бар ине қажет екенін түсінді. Хоу бірден өзінің шеберханасына барып, идеяны жүзеге асырып, бүкіл әлемге танымал болған тігін машинасының жұмыс моделін жасады.

Тігін машиналары әлеміндегі революция 1850 жылдары Айзек Зингердің есімі кемелдік пен жаппай өндірістің синониміне айналған кезде болды. Айзек машинаның дизайнын жақсартып қана қоймай, оны сатып алуда ақысын бөліп төлеуді ұсына отырып, бірегей сату жүйесін құрды. Бұл көптеген отбасыларға,

әсіресе ауылдық жерлерде, көптен күткен тігін машинасын сатып алуға және өмірлерін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді.

Айзек Зингер тігін машинасының ең үздік



дизайнын жасап, оған екінші өмір берді. Бұл инновациялар көптеген жылдар бойы тігін машиналары үшін маңызды болып сақталып келеді.

1851 жылы 12 тамызда Зингердің өнертабысы ресми түрде патенттелді. 1854 жылы Нью-Йоркте Айзек Зингер Эдуард Кларкпен бірге «И.М.Зингер и Ко» серіктестігін құрды, ал Нью-Джерси штатында тігін машиналары зауыты құрылды.

Айзек Зингердің адам бойында сирек кездесетін кәсіпкерлік қабілеті болған. Ол сауда тарихында алғаш рет машиналарды несиеге сатуды енгізді, конвейерлік өндіріс жүйесін қолданды, нәтижесінде машина өндірісі арзандады. Оның құны небәрі он доллар болды және кез келген американдық отбасына қолжетімді болды. Ол өз тауарларын жарнамалауға миллионнан астам доллар жұмсаған әлемдегі алғашқы кәсіпкер! Сонымен қатар, жарнама театр бағдарламаларында, шіркеулер соборлардың жанында, жәрмеңкелерде, дүкендерде, вокзалдарда таратылатын парақшаларда орналастырылды.

Нарықты жаулап алу қарқынды жүріп, өндірісті кеңейту қажеттілігі туындады. 1858 жылдың аяғында Нью-Йорк штатында А.Зингердің төрт зауыты жұмыс істеді, сатылған машиналар саны жылына 3 мыңға жетті. Өнертапқыш бизнесті бүкіл әлемге айналдыруды мақсат қойды. Ол үшін Солтүстік Американың әр түкпірінде, содан кейін Еуропада сауда өкілдіктерін ашу туралы шешім қабылданды.

Американдықтардың өнертабысы кеңінен қолданылатын алғашқы еуропалық ел Германия еді. 60-жылдардың басында әртүрлі американдық компаниялардан сатып алынған лицензиялар бойынша тігін машиналарын шығаратын онға жуық фирма жұмыс жасады.

Біздің нарыққа «Зингер» компаниясы 60-жылдардың екінші жартысында келеді. «Зингер» мануфактуралық компаниясы акционерлік қоғамы 1897 жылы Ресей империясында да ашылады. Қоғамның Басқармасы Санкт-Петербургте, Гамбургте бас қоймасы және Ресейде 65 филиалға дейін өседі. Бұл филиалдардың қызметі өте табысты жүріп жатты.

1855 жылы «Зингер» тігін машинасы Париждегі дүниежүзілік өнеркәсіп жәрмеңкесінде бірінші жүлдені жеңіп алды. Ал 1860 жылға қарай компания тігін машиналарының әлемдегі ең ірі өндірушісі болды. Осы уақытта Айзек Зингер негізгі акционерлердің бірі болып, компаниядағы жұмысын біршама қойып, көп ұзамай компаниядағы өз үлесін серіктесіне сатады. Оның ұрпақтары әкесінің ісін жалғастырған жоқ. Зингердің құрған империясы мүлдем басқа адамдардың қолына өтеді.

Дайын машиналарды шетелден әкелу үлкен шығындарды талап етуіне байланысты бағасы қарапайым халық үшін қолжетімді болмайды. Сонымен, Ресейде өзінің механика зауытын құру идеясы да пайда болды. 1900 жылы Мәскеу маңындағы Подольскіде құрылған кәсіпорын тігін машиналарын құрастыратын шағын шеберханалардан басталды. Ал 1902 жылы Подольскіде орыстандырылған «Зингеръ» логотипі мен «Поставщик Двора Его Императорского Величества» деген жазуы бар машиналар шығаратын зауыт іске қосылды. 1904-1914 жылдар аралығында «Зингер» зауытында 600 мыңға жуық тігін машиналары шығарылды. Бұл машиналар Ресей империясында кеңінен сатылып қана қоймай (АҚШ-тан кейін әлемде тігін машиналарын сату бойынша екінші орында болған) сонымен қатар басқа елдерге экспорттелды.

XX ғасырда «Зингер» компаниясы Қазақстан қалаларында да кеңінен тараған еді. Тауар тасымалдау мен жеткізуде шетелдік компаниялар үлкен рөл атқарды, олардың көпшілігі неміс компаниялары еді. XIX ғасырда «Гергарт

және Гей» неміс фирмасы атты акционерлік компанияны ашылып көптеген жүктер мен тауарларды, оның ішінде тігін машиналары мен бөлшектерін осы компания жеткізді.

1918 жылы «Зингер» компаниясының тігін машиналары зауыты ұлттандырылды. Келесі сегіз онжылдықта «әнші» компаниясы және оның Подольскідегі зауыты бір-бірінен тәуелсіз өмір сүріп, дамыды. 20-шы жылдары зауыт алдымен «Госшвеймашина», ал 1931 жылдан бастап «ПМЗ» маркасымен тұрмыстық тігін машиналар шығара бастады. Кейінірек «Подольск» маркалы тігін машинасы пайда болды, ол КСРО кезінде әр үйден табылатын өте танымал тұрмыстық тігін машинасының маркасына айналды.

Дегенмен де «Зингер» маркалы машиналар құнды саналып, ерекше сақталатын, отбасыда мұра болып та қалдырылатын. Егде жастағы адамдар соғыс кезінде тігін машинасы бүкіл отбасын аштықтан қалай құтқарғанын есіне алады: қиын қыстау жылдары көптеген әйелдер тігіс тігіп, күн көріс нанын тігін өнері еңбегімен тапқан екен. Бүгінгі таңда кейбір үйлерде ескі машиналар мұра ретінде мұқият сақталады. Көптеген жылдар бойы тігін машиналары әр мұражай экспозициясының сәнді экспонаты болып табылады.

Сонымен, тігін машинасының пайда болуы тек технологиялық серпіліс емес, сонымен қатар әлеуметтік төңкеріс. Бұрын тек үй шаруасымен айналысқан әйелдер әдемі және сапалы бұйымдар жасай отырып, кәсіби тігінші болу арқылы өмір сүруге мүмкіндік алды. Тігін машинасы қоғамдағы әйел рөлін түбегейлі өзгертті, оны тек пештің қамқоршысы емес, тәуелсіз өндірушіге айналдырды.

Жаппай масс-маркет дайын текстиль өнімдерінің басындағы тұрмыстық тігін машиналары көптеген адамдар үшін маңызды құрал болып қала береді. Олар заттарды жөндеуге және реттеуге ғана емес, сонымен қатар өз қолымен ерекше, бірегей бұйымдар жасауға мүмкіндік береді. Шағын бизнес пен қолөнерімен дамуға деген қызығушылықтың артуы жағдайында тігін тігу, шығармашылық өзін жүзеге асыру қосымша табыс көзіне айналады. Заманауи модельдер цифрлық мүмкіндіктермен жабдықталған, бұл тігу процесін дәлірек және ыңғайлы етеді. Сонымен, тұрмыстық тігін машинасы – бұл үй техникасы ғана емес, сонымен қатар табиғатты үнемдеуге, шығармашылыққа және күтуге арналған құрал.

Тұрмыстық тігін машиналарына сұраныс соңғы жылдары киім мен дайын тоқыма өнімдерінің жаппай өндірілуіне қарамастан тұрақты болып келеді. Негізгі тұтынушылар – қолөнер әуесқойлары, киім жөндеумен айналысатын немесе тапсырыс бойынша бірегей бұйымдар жасайтын адамдар. Сондай-ақ, хобби аясында тігуге деген қызығушылықтың артуы байқалады, бұл «баяу сәннің» танымалдылығымен және тұрақты тұтынумен байланысты. Машиналар жеке заттарды жасау, ескі киімдер мен тоқыма бұйымдарын қайта өңдеу үшін қолданылады, бұл экологиялық санаға ықпал етеді. Жаңа модельдерге енгізілген заманауи технологиялар тігін процесін ыңғайлы және қолжетімді етеді, бұл сұранысты да ынталандырады. Жалпы, арзан дайын киімнің қол жетімділігіне қарамастан, тігін машиналары адамдардың көпфункционалдығы мен шығармашылық үнемдеу қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетінің арқасында сұранысқа ие болып келеді. Сөзімді қорытындылай келе, назарларыңызға тігін машиналары жайлы деректерді ұсынамын.

Тігін машиналар туралы қызықты деректер

Функционалды шедеврлер. Кейбір тігін машиналары, мысалы, әйгілі Singer Featherweight моделі, соншалықты шағын және ықшамды болғандықтан, оны саяхатқа өзіңізбен алуға да өте ыңғайлы екен. Бұл машиналар тіпті шұғыл қажеттілік жағдайында және уақытша жұмыс орындарында қолданылған.

Алғашқы тұрмыстық тігін машинасы. Үйде қолдануға арналған алғашқы тігін машинасын 1851 жылы Айзек Зингер жасаған. Оны пайдалану механизмі қарапайым және бағасы қолжетімді болғандықтан, оны көптеген адамдар үй технологиясы эволюциясының маңызды символына айналдырды.

Марс планетасындағы тігін машина. 2015 жылы тігін машинасы Марс миссиясының бір бөлігіне айналды! NASA инженерлері Марс планетасына болашақ экспедициялар үшін арнайы скафандрлар мен жабдықтардың элементтерін тігу үшін тігін машинаны ғарыш жағдайында қолданған. Төтенше жағдайда мұндай машиналар ғарыш станциялары жағдайында ғарышкерлердің жабдықтарын жасауға немесе жөндеуге мүмкіндік береді.

Тігін машиналарын өнерде пайдалану. Соңғы онжылдықтарда тігін машиналары қазіргі заманғы өнер әлемінде маңызды элемент болды. Суретшілер оларды дәстүрлі қолөнерді

заманауи техникамен үйлестіре отырып, ерекше картиналар мен мүсіндер жасау үшін пайдаланады. Мысалы, әйгілі суретші Джоди Холмс текстуралар мен силуэттерді бейнелейтін кенепте «тігістер» шығаратын тігін машиналарын пайдаланып бірқатар картиналар жасады.

Ескі машиналарды қалпына келтіру. Соңғы жылдары ескі тігін машиналарын қалпына келтіру үрдісі байқалды. Дүние жүзіндегі энтузиастар винтаждық дизайн элементтерін қосу арқылы бұл машиналардың механизмдерін ғана емес, сыртқы түрін де қалпына келтіреді. Осындай ынталы коллекционерлердің бірі – француз Жан-Мишель, ол заманауи технологиялар мен көне модельдерді үйлестіре келе, мұражайлар үшін «шедеврлер» жасай отырып, бірегей экспонаттар жасады.

Сән әлеміндегі тігін машинасы. Заманауи сәнгерлер мен дизайнерлер тігін машиналарын да белсенді қолданады. Дегенмен, олар қазір киім жасап қана қоймайды, сонымен қатар тігін машиналарының шығармашылық көрініс құралы ретіндегі мүмкіндіктерін зерттейді. Көрнекті мысалдардың бірі – дизайнерлердің тігін машиналарын динамикалық тігістер мен адамның қозғалысына жауап беретін кіріктірілген датчиктер арқылы «жандандыратын» маталар жасау үшін қолданатын жобаларды жүзеге асыруда.

РЕЗЮМЕ *В тексте представлена эволюционная история швейной машины с самого её появления. Рассматриваются первые образцы и основные этапы её развития.*

SUMMARY *The text presents the evolutionary history of the sewing machine, tracing its origins and the development of its earliest models. Key stages in its progress are highlighted to show how the machine evolved over time.*

ШЫНЫАЯҚ ПІШІНІНДЕГІ МӘДЕНИ СИНТЕЗ

Дилорам ТАУАСАРОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының қызметкері

Сіз ыстық шәй іше отырып, өзіңіз пайдаланып жүрген шыныаяқтың немесе бокалдың қайдан шыққанын ойлаған кездеріңіз болды ма? Алғашында бұл қарапайым әрі күнделікті зат сияқты көрінгенімен, әрбір шыныаяқтың артында бүкіл өркениеттердің тарихы жасырылған.

Бүгін біз пайдаланатын шыныаяқтың тамыры ежелгі Қытай дәуірінен бастау алады. Сауда жолдары арқылы ол Соғды, одан әрі Батысқа жетіп, шеберлер оны өздерінің материалдарына, сәндік талғамдарына және діни дәстүрлеріне сай бейімдеген. Алғашқы шыныаяқтар жасалған күміс кейін керамикамен ауыстырылып, жануарлардың бейнелері нәзік жазулар мен ою-өрнектерге алмастырылған. Сондықтан қарапайым бір шыныаяқты қолға алу – бұл Орта Азияның ортағасырлық тарихына, мәдениеттер мен шеберлік дәстүрлерінің өзара байланысына, сонымен қатар сол дәуірлердің эстетикалық дамуына терең енуге мүмкіндік береді.

Ерте орта ғасырдағы материалдық мәдениет заттарын зерттеу Еуразиядағы мәдени өзара әрекет пен көркем дәстүрлердің трансформациясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тіпті қарапайым сияқты көрінетін зат – шыныаяқтар сол дәуірдің эстетикалық талғамын ғана емес, әртүрлі өркениет орталықтарының арасындағы күрделі байланыстарды да айғақтайды. Ерте ортағасырлық ыдыстардың бірі ретінде сақина тәрізді тұтқасы бар шыныаяқты ерекше атап



өтуге болады, ол Қытайдан бастау алып, кейінгі мәдениеттерге жеткен.

Бұл пішін Батысқа таралып, жаңа діни және мәдени мәнмәтіндердің ықпалымен айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Мұсылман әлемінде шыныаяқтың негізгі құрылымы сақталып, шеберлер күмісті сазға алмастырып, декоративтік қағидаттарды түбегейлі өзгерткен. Олар тірі жандардың бейнелерін қолданудан бас тартып, абстрактілі және эпиграфиялық ою-өрнектерді артықшылыққа шығарды. Осылайша, шыныаяқ пішіні мен безендірілуі арқылы біз кең мәдени үдерістердің бейнесін көреміз: зороастрий және дәстүрлі көркемдік көзқарастан исламдық эстетикаға өту – руханилыққа, символизмге және форма мен мазмұнның үйлесіміне бағытталған өнерге көшу.

Күнделікті тұрмыстағы заттардың тарихы кейде жылнамалар мен хроникалардан да мол ақпарат береді. Қарапайым шыныаяқ – адамның сусын ішуге пайдаланатын ыдысы – кейде бүкіл дәуірлердің мәдени байланыстарын және эстетикалық идеалдарын түсінудің кілтіне айналуы мүмкін.

Ерте орта ғасырда дәл осындай ыдыстардың формасы мен безендірілуі арқылы Қытайдан Парсыға дейінгі көркемдік үрдістердің әсерін, адамдардың талғамы мен дүниетанымының діни және әлеуметтік өзгерістердің әсерімен қалай трансформацияланғанын көруге болады.

Қытай, Соғды және Ислам өркениеттерінің тоғысында ерекше феномен туындайды: дәстүрлі форма сақталады, бірақ оның мәні мен көркемдік мазмұны түбегейлі өзгереді. Зороастрийлік мотивтермен безендірілген күміс ыдыстардан бастап, арабша эпиграфикамен керамикалық шыныаяқтарға дейінгі жол – бұл тек материалдардың түрленуін ғана емес, мәдениеттің, идеалдардың және сұлулыққа көзқарастың терең өзгерісін көрсетеді.

Қытай керамика дәстүрінің ықпалы соншалықты күшті болды, көптеген жергілікті шеберлер форма мен декоративтік тәсілдерді белсенді түрде үйреніп, өз жұмыстарында қолдана бастады. Ерте кезеңде мұндай шыныаяқтар, Соғды үлгілері сияқты, көбінесе күмістен жасалатын.

Соғды, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, Қытай, Үндістан және Парсы арасындағы мәдени алмасудың маңызды орталығы болған. Күміс ыдыстар нәзік бедермен және бай ою-өрнектерімен безендіріліп, тек сусын ішуге ғана емес, иесінің мәртебесін көрсетуге де қызмет еткен. Мұндай күміс ыдыстар көбінесе сәндік затқа айналып, символдық мәнге ие болған. Олардың декорында жануарлар мен зороастрийлік белгісі болды. Бұл мотивтер тек әсемдік үшін ғана емес, сонымен қатар діни мәнге де ие болып, қоғамның дүниетанымын көрсететін сәндік әрі мәртебелік зат ретінде күмістен жасалған. Мұндай заттар рәсімдерде, мерекелік дастархан басында қолданылып, иесінің әлеуметтік мәртебесін және діни көзқарастармен байланысын айқын көрсеткен.

Ислам дінінің Орта Азия мен Парсыда таралуымен эстетикалық және идеологиялық бағыттар да өзгерді. Ерте ислам қоғамында күміс сән-салтанаттың символы ретінде қолданыстан шығып, шеберлер саз бен глазурланған керамикаға көшті. Дегенмен пішін әсемдігіне ұмтылыс сақталды: шеберлер қытай фарфорының мөлдірлігі мен жеңілдігін ангоб техникасы мен көп сатылы күйдіру арқылы қайта жасауға тырысты.

Күмістен бас тарту шеберліктің төмендеуі дегенді білдірмейді. Ислам дінінің келуімен сән-салтанатқа және тірі бейнелерді суреттеуге көзқарас өзгерді. Байлық пен тұрмыстық игіліктің символы саналатын күміс саз бен глазурланған керамикаға орын берді. Соған қарамастан, шеберлер өздерінің нәзіктікке деген талғамын жоғалтпады. Жиһішке, үйлесімді пропорциялар және ангобтық оюлары керамикалық ыдыстарға жеңілдік пен әсемдік сыйлады, қытай фарфорын еске салды.

Керамика қарапайымдылықты, тазалықты және рухани кемелділікті бейнелейтін жаңа эстетикалық идеалдарды көрсетті. Ислам шыныаяқтарының безендірілуіндегі басты элемент эпиграфикаға айналды. Куфикалық жазумен жазылған арабша жазулар ою-өрнектерге айналып, сөзді көркемдік мотивке өзгертті. Мұндай жазулар көбінесе ізгі тілектер, Құран аяттары немесе өнердің рухани мәнін айқындайтын афоризмдерден тұрады.

Материалдың қарапайым болғанымен, бұйым ең жоғары деңгейдегі қолөнер шеберлігін және терең символикалық мәнді көрсетеді. Куфикалық ою форма мен мазмұнның үйлесімінің визуалды метафорасына айналып, ислам эстетикасына тән ерекшелікті бейнелейді.

Ислам шыныаяқтарының декоры дәстүрлі бейнелі өнерден абстрактілі және символикалық өрнектерге ауысты. Тірі заттардың бейнелері орнына араб тіліндегі стилизацияланған жазулар пайда болды, олар көбінесе куфикалық жазумен

орындалған. Мұндай оюлар рухани мазмұнға ие болды: ізгі тілектер, Құран аяттарынан дәйексөздер немесе әсем үйлестірілген сөз тіркестері даналық пен сенім символы ретінде қолданылды. Сол кезеңдегі ислам өнерінде эпиграфика – араб жазуын сәндік элемент ретінде пайдалану негізгі стилге айналды.

Ыдыстың бетінде ерекшеленетін қою сызықтар нәзік геометриялық өрнекке айналып, тек сәндік қана емес, куфикалық жазу мен сөздің әсемдігін, араб жазуының ең көне формаларының бірін көрсетті. Сөз өрнекке айналып, композицияның негізгі элементі болды. Мұндай безендірулер эстетикалық қана емес, рухани мәнге де ие: олар ізгі тілектер, Құран аяттары немесе жай әсем сөз тіркестерін қамтыды. Шыныаяқтың осындай эволюциясы мәдениеттегі терең үдерістердің көрінісі болды.

Шыныаяқтың ерте орта ғасырдағы эволюциясы мәдени синтез бен көркемдік дәстүрлердің бейімделу үдерісін айқын көрсетеді. Шыныаяқтың тұрақты конструктивтік негізі сақталып, әр дәуірдің шеберлері бұл пішінді өз заманының рухани және философиялық көзқарастарына сай жаңа мазмұнмен толықтырды. Әр өңірдің шеберлері сындарлы негізді сақтап, оны өз заманының діни және эстетикалық түсініктеріне сай жаңаша мазмұндады.

Күмістен сазға, зороастрийлік мотивтерден эпиграфикалық оюға көшу құндылықтық бағдарлардың терең өзгергенін аңғартады. Ислам мәдениетінде сән-салтанат пен артық әшекейлер орнын руханилық, қарапайымдылық және интеллектуалдық мән иеленді. Араб эпиграфикасы тек декоративтік элемент қана емес, сөзге киелі мәртебе беретін жаңа көркемдік жүйенің символына айналды.

Шыныаяқ пішінінің бұл эволюциясы мәдени синтездің көрінісі, мұнда шығыстық технологиялық дәстүрлер, қолөнер шеберлігі және ислам эстетикасы бір арнаға тоғысты. Бір заттың тарихы арқылы тек көркемдік талғамның дамуын ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық Шығыстың дүниетанымы мен эстетикалық қағидаларының қалыптасу үдерісін де тануға болады.

Дереккөздер мен әдебиет тізімі:

1. Bonhams. A Samanid Slip-Painted Pottery Cup, Eastern Persia, Probably Afrasiyab, 10th century. URL: https://www.bonhams.com/auction/19960/lot/42

2. Ettinghausen R., Grabar O. The Art and Architecture of Islam 650–1250. New Haven: Yale University Press, 1987.

3. Marshak B. Sogdian Silver: The Sasanian Heritage. Moscow, 1986.

4. Blair S. Islamic Calligraphy. Edinburgh: Edinburgh University Press, 2006.

РЕЗЮМЕ

В статье глубоко исследована история чашки. Кроме того, показаны её происхождение, путь развития до наших дней и разновидности.

SUMMARY

The article thoroughly explores the rich history of the teacup. It also describes its origins, its development through the ages to the present day, and its various types.

МӘДЕНИ МҰРА

МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ МЕН НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙ ІСІНІҢ РӨЛІ

Нұрлыбек ЕЛКЕЙ,
ҚР Ұлттық музейі

Қазақ халқының санғасырлық тарихынан сыр шертетін материалдық және материалдық емес мәдени мұралары жетерлік. Оны ғылыми зерттеу және зерделеу, көпшілікке насихаттау – өткенімізді тануға, тарихымызды білуге негіз болатын бағыт. 2026 жылдың 20 қаңтары күні Қызылордақаласындаөткен Ұлттыққұрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «...Бұған дейін Ұлттық құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгіздік. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді» (Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі, 2026: URL) деп халқымыздың рухани-мәдени мұрасына қатысты ой айтып, бірқатар тапсырмалар берген болатын.

Осы орайда, жоғарыда атап өткен мәдени құндылықтардың кеңінен насихатталатын ортасы – музей болып табылады. Сондай мәдени-ғылыми ортаның бірі – Астана қаласында орналасқан ҚР Ұлттық музейі. Қазіргі таңда музей тек тарихи-мәдени жәдігерлерді сақтайтын мекеме ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани-мәдени мұрасын жүйелі түрде жинақтап, ғылыми тұрғыда зерттеп, музейге келушілерге тарихын танытатын маңызды ғылыми-зерттеу институты ретінде қызмет атқарып келеді. Музей қорында жинақталған жәдігерлер мен материалдар негізінде тарихи, археологиялық және этнографиялық бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мәдени мұраны жүйелеу, ғылыми айналымға енгізу және насихаттау жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Мәдени мұраны» ғылыми-зерттеу институты Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің этнографиялық бағытта атқарып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары соның дәлелі.

Музейдің этнография залын жәдігерлермен толықтыру мақсатында бөлім қызметкерлері этнографиялық бағыттағы далалық экспедицияларға шығып тұрады. Нәтижесінде дәстүрді сақтаушы, мұраны жеткізуші (тасымалдаушы) тұлғалардан ауызша деректер жиналып, аудио және бейне форматта құжатталады. Жиналған материалдар ғылыми сипаттамаға ие болып, музей қорына енгізіледі және зерттеу айналымына қосылады. Бұл жұмыс материалдық емес мәдени мұраны жүйелеуге, оның аймақтық және типологиялық ерекшеліктерін анықтауға мол мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ЮНЕСКО Адамзаттың материалдық емес мәдени мұралары тізіміне Қазақстан тарапынан 14 элемент енгізілді. Олар: киіз үй; қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері; айтыс; Наурыз; қазақ күресі; сұңқар аулау – адамзаттың тірі мұрасы; жұқа нанды жасау және бөлісу мәдениеті: қатырма, жұпқа, юфқа; асық ойыны; қазақ жылқы өсірушілерінің көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері: бие байлау, айғыр қосу, қымызмұрындық; Қорқыт Ата мұрасы: эпикалық мәдениет және музыка; тоғызқұмалақ; ортеке; Қожанасырдың әзіл әңгімелері; беташар. Бұл – еліміз үшін үлкен жетістік, сондай-ақ халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасының жаһандық өркениеттегі орнын анықтайтын айқын көрсеткіш. Мәселен, ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне 2014 жылы енген «Қырғыз және қазақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)» номинациясының терең тарихы бар. Сақ, ғұн, түркі дәуірлерінен бастау алып, Қазақ хандығы кезеңінде жүйеленіп, кейінгі



1-сурет. Қазақтың киіз үйінің сыртқы және ішкі көрінісі.
ҚР Ұлттық музейі. Этнография залы. Фотоға түсірген Қ. Мусин

уақыттарда да өзінің тарихи мәнін жоғалтқан жоқ.

Қазақтың киіз үйі Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі төрінен орын алып, келушілерге үлкен әсер қалдырады (1-сурет). Этнография залында тігілген киіз үй тек этнографиялық жәдігер ғана емес, көшпелі өркениеттің тұтас философиясын, дүниетанымын және өмір салтын бейнелейтін асыл қазына. Өйткені, киіз үйдің әр бөлшегі түсінген адамға тағылымды тарихты жеткізетін шежіре іспетті. Мысалы, шаңырақ – аспан мен жерді жалғаған киелі әлемнің нышаны, уықтар – ұрпақтар сабақтастығын, ал кереге – береке мен бірлікті меңзейді. Орналасқан ішкі жабдықтары мен қазақы ою-өрнектері ата-бабаларымыздың эстетикалық талғамын, қоршаған ортамен үйлесім тапқан өмірлік ұстанымын көрсетіп тұрғандай әсер қалдырады. Музейге келген адам қазақтың киіз үйін көру арқылы бойына қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, отбасы құндылықтарын сіңіреді.

ҚР Ұлттық музейінің Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қорында киіз үйге қатысты тарихи деректер мен жазбалар, фотосуреттер көптеп кездеседі. Аталған қорда жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде киіз үйге қатысты бірнеше фотосуреттер табылды. Табылған фото құжаттардың арасынан қазақтардың киіз үйді тігу (2-сурет) және киіз үйдің ағаш қаңқаларын киізбен жабу сәті (3-сурет), сондай-ақ ауқатты қазақтың киіз үйі (4-сурет), XX ғ. Ақмола облысы, Көкшетау уезіндегі қазақ киіз үйінің ішкі көрінісі (5-сурет) бейнеленген фотосуреттерді атап өтуге болады.

ЮНЕСКО-ның репрезентативті тізіміне енген «Қырғыз және қазақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)» элементі туралы не білеміз? Осы жайында аз-кем тарихи-этнографиялық мәлімет бере кетсем, киіз үй – қырғыз және қазақ халықтары арасында қолданылатын көшпелі тұрғын үй. Оның киізбен қапталған және арқанмен өрілген дөңгелек ағаш жақтауы бар, оны қысқа мерзімде оңай жинап, бөлшектеуге болады (Traditional knowledge and skills in making Kyrgyz and Kazakh yurts, URL). Ежелгі көшпелі өмірге бейімделген, көшіп-қонуға ыңғайлы жылжымалы тұрғын үйдің бір түрі.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында киіз үйдің пайда болуы туралы түрлі ғылыми зерттеулер негізінде қарастырылған пайымдаулар айтылады. Мәселен, қазіргі киіз үйдің алғашқы нұсқалары мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Кейбір деректерде киіз үй үлгілері біздің дәуірімізге дейінгі 3-4 мыңжылдықта, тас дәуірі мен қола дәуірі аралығында пайда болған деп жорамалданады.

Киіз үйдің сырт пішіні көк күмбезіне ұқсас болып келеді. Шаңырақты бақанмен көтеріп, ұзын уықтардың басын оған шанши отырып, уық аяғын кереге бастарына байлап шыққанда, әдемі күмбез пішіні пайда болады. Бұл күмбездің сыртқы пішіні даланың өз бейнесімен астасып жатады. Жазық далада тұрып, жан-жағына қараған адам өзін үлкен күмбездің, алып киіз үйдің ішінде тұрғандай сезінеді. Төбедегі аспан – шаңырақ, одан төменге қарай көкжиекке дейін созылған кеңістік – уық, көкжиек – керегеге ұқсайды. Осындай көрінісіне қарап аспанды (жоғары кеңістікті) көк күмбезі дейді.

Киіз үйдің күмбезінің төбесін шаңырақ деп атайды. Шаңырақ күмбездің төбесі болуымен бірге мұржа, терезе қызметтерін қоса атқарады. Уық пен керегенің түйіскен тұсы белдеу, оның жерге тиіп тұрған бөлігі ірге деп аталады. Киіз үйдің керегелері жерге дөңгелене тігіледі. Жел, қарлы боран үйді айнала соғады. Қабырғалары бұрыш болмағандықтан қар көп үйілмейді (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 225-226 бб.).

XVIII-XIX ғғ. тарихшы-саяхатшы ғалымдар И.П. Фальк, Ш. Уәлиханов, Б.А. Куфтин және т.б. киіз үй мәселесіне соқпай кетпеген. Олар көшпелі халық өмірінде киіз үйдің қандай рөл атқарғандығы, оның құрылысы, тігілу, жиналу тәртібі, қандай жерлерге орнатылғандығы, ішкі жиһаздары туралы аса құнды мағлұматтар береді.

Академик Ә. Марғұлан «Қазақ киіз үйі және жиһаздары» атты еңбегінде жазғандай, қазақтардың мекендейтін аудандарының климаттық жағдайына байланысты қысқы және жазғы тұрғын үйлері әртүрлі болды. Жазда олар киіз үйлерде, ал қыста – салынған материалдарына байланысты әртүрлі аталған (кепе, жер-үй, қара-үй, там-үй, ағаш-үй және т.б.) тұрақты, жылы бөлмелерде тұрып, олар киіз үйдің формасын сақтап қалды. Ғалым атап өткен киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа

2-сурет. Киіз үй тігу. ҚР Ұлттық музейі. Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қорынан. ҚРҰМ гкқ 9027.





3-сурет. Киіз үйдің ағаш қаңқаларын киізбен жабу. XX г. ҚР Ұлттық музейі. Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қорынан. ҚРҰМ гкқ 8918/8



4-сурет. Ауқатты қазақтың киіз үйі. ҚР Ұлттық музейі. Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қорынан. ҚРҰМ гкқ 9065.



5-сурет. Қазақ киіз үйінің ішкі көрінісі. Ақмола обл., Көкшетау уезі. XX г.
ҚР Ұлттық музейі. Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қорынан. ҚРҰМ нқ 19704/40

дейін жететін үлкен түрлері болды. Бұрынғы хан-сұлтандар мен атақты байлардың үйлері 8 қанаттан 30 қанатқа дейін баратын үлкен және өте бай жиһазды, әшекейлі, салтанатты болып келген. Бұларды ақ ала орда, ақ орда, алтын орда деп атаған (Марғұлан, 2021: 117 б.).

Ата-бабаларымыз киіз үйді табиғи және жаңартылатын шикізаттан жасаған. Киіз үйдің негізгі қаңқасын кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ құрайды. Үш мыңжылдық тарихы бар киіз үйді тігудің жолы өте күрделі. Киіз үйді тігу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тәжірибесіз адам тіккен киіз үй бір жағына қисайып немесе уығы ырғып кетеді. Киіз үйді тіккенде ең бірінші кереге жайып, оның сағанақтарын таңғыштармен біріктіре таңады, есігін орнатады. Басқұр-таңғыштармен мықтап танылған кереге шеңберінің үстінен бақанмен шаңырақ көтеріп, оған уық шаншиды. Уықты керегенің басына балақ бау арқылы байлап, бекітеді. Уықтарды шалма жіппен ортасынан байлап, бір-бірінің арасын жалғастырады. Әрбір уық қаламын шаңырақ қаламдығына сұғынта кіргізіп, екінші жағын құрмен шалмап шығады. Осыдан кейін туырлық, үздік, түндік, киіз есік деп аталатын киізден жасалған бөлшектермен жабады да, баумен байлап бекітеді (Қазақстан Ұлттық энциклопедия, 2002: 583 б.).

Қазіргі күнде киіз үйдің заманауи нұсқадағы түрлері кеңінен таралған. Құрап, жинастыруға өте ыңғайлы киіз үйдің негізгі бөліктері ағаш, темірден жасалады. Сондықтан киіз үйдің маңызы халық үшін, әсіресе шетелден келетін туристердің назарын аудару үшін өте маңызды. Әсіресе, «ЭКСПО-2017 - Киіз үйі» атауымен жасалатын киіз үйдің бір ерекшелігі – күн энергиясы арқылы қуат алады. Қазақстанның туризм саласын дамыту үшін киіз үйлерден құралған этноауылдар жүйесін кеңінен қалыптастыру қажет. Мәселен, 2017 жылы Астанада өткен ЭКСПО көрмесінде шетелдік туристтер үшін арнайы этноауыл кешені ұйымдастырылып, киіз үйлер тігілді. 2024 жылы өткізілген V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары кезінде этноауылда 70-ке жуық киіз үй бой көтерді. Мұның бір ерекшелігі шетелдік қонақтардың қазақы киіз үйде ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып, ұлттық сусындар мен ұлттық тағамдардан дәм татып, тарихымызды таныпбілуіне жол ашуында.

Қырғызстанмен бірлесе отырып «Қырғыз және қазақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)» номинациясы ЮНЕСКО-ның Адамзаттың рухани мұрасының тізіміне енгізілді (Париж қаласы,

Франция, 24 - 28.11.2014).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында «Музей ісін дамыту – маңызды міндеттің бірі» деп атап өткендей, музей ісін дамыту ұлттың тарихи жадын сақтап, рухани құндылықтарын ұрпақ санасына сіңіруде маңызды. Сондықтан да, музей жұмысын заманауи талаптарға сай жетілдіру, білім беру жүйесімен тығыз байланыстыру және жастардың қызығушылығын арттыру – келешек ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудың негізгі кепілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі. Қызылорда қ., 20 қаңтар 2026 жыл. Интернет ресурс: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352 (Қаралған күні: 25.01.2026).

2. ҚР Ұлттық музейінің Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат) қоры.

3. Traditional knowledge and skills in making Kyrgyz and Kazakh yurts (Turkic nomadic dwellings). ЮНЕСКО - Материалдық емес мәдени мұра сайты. [Электронды ресурс]. URL: https://clck.ru/3BT2pH (Қаралған күні: 12.09.2023).

4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия; ғылыми ред. Н.Әлімбай; ред.алқа: Ә.Ахметов [ж.б.]. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 бет. (иллюстрацияланған).

5. Марғұлан Ә.Х. «Қазақ әлемі – Мир казаха» мақалалар жинағы – 1. – Алматы: «Press Co», 2021. – 136 б.

6. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. 4-том. Ж-К. – 720 б.

РЕЗЮМЕ *В статье рассматривается роль музейного дела в сохранении и популяризации культурного наследия.*

SUMMARY *The article examines the role of museum work in the preservation and popularization of cultural heritage.*

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚЫСҚЫ ОЙЫНДАРЫ

Айжан ИБРАГИМОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының қызметкері

Қазақ халқының көшпелі өмір салты мен табиғатпен үйлесімді тіршілігі халықтың ойын-сауық мәдениетінде айқын көрініс тапқан. Әсіресе қыс мезгілінде, мал жайылымы мен егіннің алқаптарындағы тыныштық кезінде түрлі ойындар арқылы демалып, бір-бірімен байланыс орнатқан. Алайда көптеген дәстүрлі қысқы ойындар қазіргі таңда ұмытылып бара жатыр, ал олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени мәні аса маңызды. Қазақ даласында қыс қатаң ауа-райымен, қар мен боранмен ерекшеленетін уақыт. Мұндай кезде мал жайылымдағы жұмыстары азайып, қауым мүшелері демалысқа, ойынға көп көңіл бөлген. Қысқы ойындар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге физикалық шынықтыру, ептілік, жылдамдық пен икемділікті дамытуға бағытталған. Қазақтардың қысқы ойындары көбінесе қар мен мұзға бейімделген. Олар атқа міну, шаңғы тебу, сырғанаумен қатар, дене күшін, төзімділігін сынайтын ойындардан тұрады. Ойындарда ержүректілік, батырлық қасиеттерді тәрбиелеу маңызды орын алған. Қысқы ойындардың көптеген түрлері бар:

Сырғанақ – қарға арналған ойын. Балалар мен жасөспірімдер арнайы сырғанақтарға отырып, таудың үстінен немесе көл-қырдан сырғанап, жарыс өткізген. Бұл ойын тек көңіл

көтеру емес, сонымен бірге дене тепе-теңдігін дамытуға және мұз үстінде жылдам қозғалу қабілетін жетілдіруге арналған.

Қармен күрес – топтық ойын түрі. Екі топқа бөлінген балалар қардан қорғаныс қашықтықтарын салып, бір-біріне қар лақтырған. Бұл ойын тек көңіл көтеру емес, стратегия құру, топтық әрекет және ептілікке баулиды.

Қысқы ат жарыстары мен шаңғы тебу дәстүрі қазақ даласының әр өңірінде таралған. Атпен жарысу – жылдамдық, батылдық және ат үстінде тепе–теңдікті сақтауды талап етеді. Шаңғы тебу жарыстары ұзын қашықтыққа өткізілген, кейде оларды аң аулау немесе мал айдау дағдыларымен байланыстырып, тәжірибелік мәнге ие болған.



Қардан әртүрлі бейнелер жасау – шығармашылыққа негізделген ойын. Балалар мен жасөспірімдер қардан үй, жануарлар, кейіпкерлер жасап, жарыс өткізген. Бұл ойын тек көңіл көтерумен шектелмей, балалардың қиялын дамытуға, топтық жұмысқа үйреткен.

Көкпардың қысқы нұсқалары – жазда өткізілетін ұлттық ойын, бірақ қыста мұз үстінде немесе қарлы алаңда өткізілген нұсқалары да белгілі. Бұл ойында күш, ептілік және топтық стратегия маңызды, және ол көбінесе жас батырларды шынықтыруға бағытталған.

Қысқы ойындардың әлеуметтік және мәдени рөлі белгілі болғандай бірнеше функцияны атқарған. Қысқы ойындар қауым мүшелерін біріктіріп, ынтымақтастықты нығайтады, яғни қауымдық байланыс орнатады. Физикалық күш, төзімділік, ептілік пен икемділікті дамытуға сеп болып дене тәрбиесінде маңызды. Қазіргі таңда қысқы ойындардың көп бөлігі ұмытылып бара жатыр. Қала өмірі, ойын-сауықтың жаңа түрлерінің пайда болуы, қысқы табиғатқа қол жеткізудің қиындауы бұл дәстүрді сақтауда қиындық тудырады. Дегенмен кейбір аймақтарда мектептер мен мәдени орталықтар арқылы қысқы ұлттық ойындарды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жастарды дәстүрлі мәдениетпен таныстырып, ұлттық ерекшеліктерді сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының ұмыт болған қысқы ойындары тек ойын-сауық құралы емес, сонымен бірге тарихи-мәдени мұра болып табылады. Олардың зерттелуі халықтың өмір салты, әлеуметтік байланыстары және ұлттық мәдениетінің терең қырларын түсінуге көмектеседі. Қысқы ойындарды жаңғырту арқылы біз ұлттық дәстүрлерімізді сақтап қана қоймай, балалардың физикалық, рухани және шығармашылық дамуына жағдай жасай аламыз. Әсіресе қазіргі интернет және цифрлық технологиялар дәуірінде балалар мен жасөспірімдер көбінесе телефон, компьютер және теледидар арқылы бос уақыттарын өткізеді. Бұл олардың физикалық белсенділігін азайтып, дәстүрлі ойындардан алыстатады. Сол себепті қысқы ұлттық ойындардың маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Осылайша, қысқы ойындар қазіргі интернет заманында тек көңіл көтеру ғана емес, балалардың физикалық, әлеуметтік, шығармашылық және мәдени дамуына толыққанды әсер ететін құралға айналады.

РЕЗЮМЕ *Рассказывается о традиционных казахских играх, проводившихся в зимний период. Рассматриваются их виды и значение.*

SUMMARY *The text discusses traditional Kazakh games played during the winter season. Their types and significance are examined.*

ӨНЕРДІҢ ӨРЕЛІ БИІГІ – АЙТЫС

Роза НИШАНБАЕВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығының қызметкері

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына, қоғамдық қатынастарына тікелей байланысты табиғи құбылыс – айтыс өнері. Қазақ халқы ежелден сөз өнеріне ерекше мән берген. Жыр, қара өлең, терме, бата айту сияқты ауыз әдебиетінің түрлері суырып салып айтуға негізделген. Осы ортада ақындар бір-бірімен сөз таластырып, тапқырлығын сынау арқылы айтыс табиғи түрде қалыптасып, суырыпсалма ақындық дәстүр дами бастады. Көшпелі қоғамда ел ішіндегі мәселелерді ашық айту, пікірталас жүргізу, әділдікті сөз арқылы қорғау маңызды болды. Айтыс осы қажеттіліктен туындап, халықтың мұң-мүддесін билікке де, қалың жұртқа да жеткізетін қоғамдық мінбер қызметін атқара білді.

Қазақ тілінің бейнелі, ырғақты, поэтикалық мүмкіндігі айтыстың дүниеге келуіне арқау болса, халық арасында шешендік өнердің дамуы айтыстың табиғи негізін құрады. Айтыс – әрі ән, әрі өлең, әрі сөз сайысы. Қазақтың дәстүрлі ән мәдениетінің дамуы айтыстың музыкалық сипатының қалыптасуына жол ашты. Айтыс – дәстүрлі ән мен поэзияның тұтастығы. Ерте дәуірлерде бәдік пен жар-жар сияқты өлең айтысу дәстүрлері болған: бәдік – ауру-сырқауды «қуу» мақсатында айтылған магиялық сипаттағы сөз жарысы, ал жар-жар – қыз ұзату кезінде орындалатын сұрақ-жауап үлгісіндегі өлеңдер. Осы ритуалдық айтыстар ақындар айтысының қалыптасуына негіз болды. Қазақ қоғамында ас, той, жиналыс (кеңес) сияқты көпшілік шараларда шешендер мен ақындардың сөз жарыстыруы дәстүрге айналды. Айтыс осы ашық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде дамыды.

Көшпелі өмір салтында ауызша мәдениет басым болғандықтан, ақпарат жеткізу, көңіл көтеру, тәрбиелеу секілді қызметтердің барлығы сөз өнері арқылы жүзеге асып, айтыстың кең тарауына ықпал етті. Айтыс – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ауыз әдебиетінің ең жарқын әрі көрнекті түрлерінің бірі. Бұл өнер халықтың ойы мен сезімін, дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігін, тарихи болмысын көркем сөзбен бейнелейтін теңдессіз мәдени қазына болып саналады. Айтыс тек өнер ғана емес, ол – шешендік мектебі, сындарлы ой мен әділетті пікірдің аренасы.



Айтыстың негізгі ерекшелігі – суырыпсалмалық. Ақындар алдын ала дайындалмай, дәл сол сәтте туған ойды өткір тілмен, бейнелі сөзбен өрнектеп, қарсыласына жауап қайтарады. Осы арқылы олардың тапқырлығы, қиялының ұшқырлығы мен тіл байлығы айқын аңғарылады.

Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз қазақтың шешендік пен сөз өнеріне деген құрметін көрсетеді. Тарихи деректерде айтыс түрлерінің әр алуан болғаны айтылады. Бәдік айтыс, жар-жар, қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы – бұлардың әрқайсысы өзіндік мазмұн мен дәстүрге ие.

Мәселен, ақындар айтысы ел ішіндегі зілсіз әзілден бастап, әлеуметтік мәселелерге дейін қозғайтын пікірталасқа айналды. Айтыс өнері қазақ қоғамында үлкен тәрбиелік мәнге ие болды. Ол халықтың бірлігін, әділдігін насихаттап, кемшілікті сынап, елдік мәселелерді көтерді. Айтыскер ақындар ел арасындағы дауды реттеп, халыққа ой тастай білді. Сол себепті айтыс – ұлттық сананы қалыптастырудың қуатты құралы.

Айтыс – қазаққа тән ерекше құбылыс болғанымен, суырыпсалма түріндегі сөз қағысу, өлеңмен жарысу дәстүрі әлемнің бірнеше халықтарында кездеседі. Олар мазмұны, формасы жағынан айтысқа ұқсайды, бірақ әр халықтың мәдениетіне сай ерекшеленеді.

«Манасчылар айтысы», «төкмө акындар» – қырғыз төкпе ақындары да суырыпсалып өлең шығарып, бір-бірімен сөз таластырады. Қазақ айтысына ең жақын туыс өнер – қырғыздың акындар айтысы. Тіл мен өлең құрылысы да ұқсас.

«Дилмачлык» немесе ақындар жарысы – түрікмен халқының да дәстүрлі суырыпсалма ақындары бір-біріне өлеңмен жауап қайырып, өнер сынасқан. «Бақши» немесе «ақын» сайыстары – өзбек фольклорында бақшылардың, жыраулардың өлеңмен қағысып, жарысу дәстүрі болған.

«Сәез» немесе «мәжлес әңгімелері» – татарлар мен башқұрттарда толық айтысқа ұқсамағанымен, ақындардың импровизация арқылы өлеңмен сөз таластыру дәстүрі сақталған.

«Бууз шүлэг» деп аталатын моңғолдың суырыпсалма өлеңдері бар, кейде екі ақын қағысып айтысқа ұқсас үлгілер көрсетеді. «Утэгаки» (歌垣) – жапондық көне дәстүр бойынша жігіттер мен қыздар әнмен жарысып, диалог құрады. Бұл – мазмұны жағынан айтысқа өте жақын.

Африка халықтары – импровизациялық ритуалдық сөз сайыстары бар. Мысалы, Нигер, Эфиопия аймақтарында суырыпсалма поэтикалық жарыстар кездеседі.

Скандинав халықтарының «флайтинг» дәстүрі – орта ғасырларда Норвегия мен Исландияда ақындар бір-бірін өлеңмен мақтап, не болмаса мазақтап жарысатын болған, бұл – айтысқа өте ұқсас формат.

Бүгінде айтыс заман ағымына қарай жаңаша сипат алып, телевизиялық және республикалық деңгейде кеңінен насихатталуда. Жас ақындар да бұл дәстүрді жалғап, ұлттық өнеріміздің дамуына үлес қосуда. Айтыстың қазіргі дамуы – қазақ халқының рухани өмірінің жандылығының дәлелі. Айтыс – қазақ халқының төл өнері болғанымен, әлемде суырыпсалма поэзияға негізделген сөз сайыстары бар. Дегенмен, ешбір халықтағы мұндай дәстүр қазақтағыдай терең тамырланып, күрделі поэтикалық формаға айналмаған. Айтыс – тек қазақ мәдениетінің ғана емес, бүкіл адамзаттық рухани қазынаның ажырамас бір бөлшегі.

Ол – ұлт руханиятының айнасы, халықтың сөзге деген құрметінің белгісі, елдің елдігін паш ететін құндылық. Айтыс өнерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқаны оның өміршеңдігін және маңызын айқын көрсетеді. Айтыс – бір күнде пайда болған өнер емес, ол суырыпсалма поэзия, қоғамдық пікірталас дәстүрі, салт-дәстүрлік өлеңдер, шешендік өнер мен музыкалық мәдениет сияқты факторлардың біртіндеп тоғысуынан туған еңселі өнер.

РЕЗЮМЕ *В тексте подчеркивается особое значение айтыса для казахского народа как неотъемлемого элемента культуры и искусства, а также рассматриваются различные виды песенного состязания тюркских народов и их особенности.*

SUMMARY *The text emphasizes the special significance of aitys for the Kazakh people as an integral part of the culture and art. Furthermore, the article explores the various forms of traditional form of poetic competition in Turkic cultures and the unique characteristics.*

БАБАЛАР МҰРАСЫ

ТАСТАН ТАБЫЛҒАН СЫР – ОҒЫЗ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БЕЛГІСІ

Іңкәр РАХИМҚЫЗЫ,
«Ұлы Дала Елі» орталығы қызметкері

Қазақстанның оңтүстігінде оғыздың ерте тарихы жөніндегі қалыптасқан түсінікті түбегейлі өзгертетін артефакт табылды. Ол – бетіне жазу қашалған шағын әктас блок. Ғалымдар бұл жазудың пайда болуын IX-X ғасырларға жатқызады. Зерттеу нәтижелері көне жазуларды зерттеуге арналған халықаралық ғылыми The Journal of Epigraphic Studies басылымында жарияланды. Бұған дейін Қазақстан жерінде жазудың пайда болуы XIII ғасырға тән деп есептеліп келген. Алайда зерттеушілердің анықтауынша, жазба дәстүрі бұл өңірде одан әлдеқайда ертерек қалыптасқан. Нақтыланған мәліметке сүйенсек, бұл тас тақташа 1990 жылдары заңсыз қазба жұмыстары кезінде табылғанымен, оған ресми ғылыми зерттеу жүргізілмеген. Кейін ол құжатталып, түркі эпиграфикасы саласындағы мамандармен бірлесіп жан-жақты талданған соң, 2025 жылы ғылыми қауымдастыққа ресми түрде таныстырылған екен.

«Наука» басылымында жазудың өзі бір ғана жолдан тұрады әрі онда таңбалардың ерекше нұсқалары қолданылғандықтан, мәтінді дәлме-дәл оқу айтарлықтай қиындық туғызады. Баспа Kazar qan qul тіркесін жеке атау ретінде қарастырып, оны «Хазар қағанының қызметшісі» деп аударғанын жазады. Егер бұл жорамал расталса, аталған артефакт оғыз мемлекеті мен ерте орта ғасырлардағы ең қуатты дала империяларының бірі - Хазар қағанаты арасындағы саяси немесе иерархиялық байланыстардың болғанын айғақтайды.

Мәтіннің төменгі бөлігінде қашалып



салынған белгі стильдендірілген өзен бейнесі тайпалық тамға ретінде түсіндіріледі. Табылған артефакт оғыздардың ерте кезеңдегі мәдени дамуы жөніндегі қалыптасқан түсініктерді қайта қарауға негіз бола алады.

Көптеген тарихшылар ұзақ уақыт бойы оғыздарды жазба дәстүрі дамымаған, негізінен ауызша мәдениетке сүйенген қауым ретінде сипаттап келген. Ал жаңа жазба оғыздардың IX-X ғасырлардың өзінде-ақ әкімшілік, саяси немесе мемлекетаралық қатынастарда жазуды қолданғанын дәлелдейтін тікелей айғақ. Бұл дерек олжадағы жазба маңызын одан әрі арттыра түседі. Өйткені ол оғыздар мен сол дәуірдегі аса қуатты дала мемлекеттерінің бірі Хазар қағанаты арасындағы дипломатиялық әрі саяси байланыстарды тереңірек түсінуге жол ашады. Мұндай таңбалар VIII-XI ғасырлардағы көшпелі түркі мәдениетіне тән. Ғалымдар бұл жаңалық оғыздарды жазба және мәдени даму деңгейі жағынан көктүріктер және ұйғырлармен бір қатарға қояды деп есептейді. Сондай-ақ ол оғыз тайпалары жазуды тек ғұрыптық мақсаттарда ғана емес, әкімшілік, дипломатиялық және басқару қажеттіліктері үшін де пайдаланғанын көрсетеді. Мысалы, қоныстарды бақылау немесе көрші мемлекеттермен байланыс орнату барысында.

Дегенмен түркі халықтарында жазу мәдениеті бұдан әлдеқайда ертерек пайда болғаны белгілі: көне түркі жазба ескерткіштерінің ең ежелгілері VIII ғасырға жатады. Соның бірі Есік жазуы: сақ дәуіріне (б.з.д. шамамен V ғасыр) жататын артефактілердегі жазбалар. Бұл таңбалар көне түркі руналық белгілерін еске салғанымен, бүгінгі күнге дейін толықтай оқылып, шешімін тапқан жоқ. Моңғолия жерінен табылған Орхон жазбалары, Суджи мекенінен табылған IX ғасырға тиесілі жазбалар да көне түркі жазба мұрасының қатарына енеді. Осы тұрғыдан алғанда, артефакт бүкіл Еуразия кеңістігінде түркі топтары пайдаланған ортақ жазба дәстүрінің аймақтық айғағы болуы мүмкін. Дала мәдениетіндегі жазудың тарихи контексті ерте орта ғасырлардағы түркі жазбалары тек билеушілердің есімдерін ғана емес, сонымен қатар саяси оқиғаларды, әлеуметтік құрылымды, идеологияны және діни ұғымдарды

да аңғартады. Мәселен, Орхон мәтіндерінде билік үшін күрес пен қағанаттардың тағдыры кеңінен баяндалады.

VIII-X ғасырлар аралығында Орталық Азия мәдени, саяси және сауда байланыстары аса қарқынды дамыған кеңістік болды: дала тайпалары, Қытай, араб әлемі және өзге де өркениет ошақтары өзара тығыз ықпалдастықта өмір сүрді. Осындай жағдайда жазу маңызды коммуникациялық құрал қызметін атқарды. Бұл жаңалық ғылымда Қазақстан аумағында жазудың пайда болу мерзімін қайта қарауға негіз береді: жазба мәдениет XIII ғасырда емес, кем дегенде IX-X ғасырларда-ақ болған болуы ықтимал. Сондай-ақ түркі дүниесінің қуатты бөлігі саналатын оғыздардың өзге түркі бірлестіктерімен деңгейлес жазба мәдениетке ие болғанын көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, Еуразия кеңістігіндегі тарихи байланыстарды, соның ішінде дала мемлекеттері арасындағы саяси қарым-қатынастарды зерттеудің жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді.

IX ғасырға жататын ұқсас руналық жазбалар Оңтүстік Сібірде, Алтайда және Хакасияда (Ресей) да табылған, мұнда олар көне түркі тайпаларымен және алғашқы мемлекеттік құрылымдармен байланыстырылады. Моңғолия мен Солтүстік Қытай аумағында әкімшілік және діни мәтіндер үшін қолданылған ұйғыр жазба дәстүрінің ескерткіштері де белгілі. Ал Қырғызстан мен Өзбекстан аумақтарында археологтар көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар ортасында жазба белгілерінің қолданылғанын көрсететін жекелеген эпиграфикалық ескерткіштер мен тамғаларды тіркеген. Ең танымал жазба мәдениет үлгілері: Моңғолия (VIII ғасыр) Ерте түркі жазуының ең белгілі ескерткіштері Орхон жазбалары, Оңтүстік Сібір мен Алтай (Ресей, VIII-IX ғасырлар) Хакасия, Тыва және Алтай өңірлерінде бір жолдан тұратын қысқа руна жазбалар мен тамғалардың ондаған үлгілері, Енисей жазбалары (Ресей, IX ғасыр), Ұйғыр ескерткіштері (Моңғолия және Солтүстік Қытай, IX-X ғасырлар), Хазар қағанаты (Солтүстік Кавказ және Төменгі Еділ өңірі, IX-X ғасырлар).

Осы бай рухани мұраны бүгінгі ұрпаққа танытуды мақсат еткен «Ұлы Дала Елі» орталығында жазба мәдениеттің асыл қазыналарына арналған тағылымды экспозиция ұсынылған. Мұнда әрбір таңба – тарихтың тілі, әрбір жазу – ғасырлар арасын жалғаған алтын көпір. Экспозиция келушілерді жазба мәдениеттің қалыптасу жолымен таныстырып қана қоймай, ұлт жадында сақталған рухани сабақтастықтың мәнін терең сезінуге жетелейді, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани қазынаның мәнін терең сезіне алады. Бұл кеңістікте адамзат ойының тереңдігін, сөз құдіретінің қуатын айғақтайтын көне жазба ескерткіштері көрініс табады.

РЕЗЮМЕ *В статье рассказывается о камне с символами, принадлежащем ранним огузам. Этот камень содержит новые сведения о цивилизации огузов, их быте и культурной жизни.*

SUMMARY *The text discusses a symbolic stone left by the Oghuz people. The stone provides new insights into Oghuz civilization, including their daily life and cultural practices.*

НАУЧНАЯ РЕСТАВРАЦИЯ АРТЕФАКТОВ, НАЙДЕННЫХ В КУРГАНАХ

Олжибек МАКСАТ,
Историко-краеведческий музей им. М.Тынышбаева области Жетісу

Артефакты, найденные в курганных погребениях, являются ценными источниками по истории и культуре древних цивилизаций. После извлечения из археологической среды они подвергаются активным процессам разрушения, что обусловливает необходимость научной реставрации. В статье рассматриваются основные принципы и методы научной реставрации курганных находок, основанные на междисциплинарном подходе, минимальном вмешательстве и сохранении подлинности. Показано значение консервации и реставрации

для долговременного хранения и научного изучения археологических артефактов.

Научная реставрация артефактов из курганов основывается на междисциплинарном подходе, объединяющем методы археологии, материаловедения, химии и реставрационной практики. Её основная цель заключается не только в стабилизации физического состояния предметов, но и в сохранении максимального объёма исторической информации при строгом соблюдении принципов подлинности, минимального вмешательства и обратимости применяемых методик. Особое значение приобретает предварительное исследование находок, позволяющее определить технологию их изготовления, степень сохранности и оптимальные способы консервации и реставрации.

Реставрация артефактов из могильников-курганов-представляет собой комплекс научных и практических мероприятий по восстановлению и консервации найденных археологических предметов, таких как керамика, оружие, украшения, кости, и другие.

Реставрация артефактов из курганов включает очистку металлических изделий от коррозии и минерализации, восстановление керамики, костяных и деревянных предметов для того чтобы вернуть их в первоначальный вид. Этот процесс позволяет сохранить и изучить уникальные находки, такие как золотые украшения, бронзовые изделия, оружие и предметы быта, такие как например артефакты найденные в курганах могильника Дауылбай.

Могильник Дауылбай расположен в 20 км от села Кокдала Карателского района Жетысуской области, у подножья одноименного хребта. Могильник состоит из 23 курганов, 7 из которых элитарные. Первые стационарные исследования в Жетысуской области начались в 1956 году Семиреченской археологической экспедицией АН КазССР под руководством Е.И. Агеевой [1].

В полевых сезонах 2023-2024 годов научно-исследовательские работы вели археологи КазНУ имени аль-Фараби под руководством доктора исторических наук Д.С. Байгунакова. В 2025 году археологическая экспедиция ТОО «НЭПА» под руководством археолога Р.К. Шербаева произвела раскопки на двух курганах могильника Дауылбай [2].

По итогам нескольких лет кропотливой работы в курганах могильника Дауылбай были найдены конусовидная золотая варворка, золотые пластины, золотые серьги, бронзовые изделия, керамические сосуды, не имеющий аналогов змей-дракон из кости, украшенный небольшими отверстиями, колокольчики биконической формы среднего и малого размера из золота. Все найденные археологами артефакты из курганов могильника Дауылбай были переданы в Историко-краеведческий музей имени М. Тынышбаева области Жетiсу в 2024-2025 годах. Осенью 2025 года руководителем ТОО «НЭПА» археологом-реставратором Р.К. Шербаевым совместно с хранителями фонда музея были проведены реставрационные работы найденных артефактов, в результате бронзовые изделия покрытые патиной и подвергшиеся минерализации, а также золотые изделия были очищены посредством ультразвука и специальными химическими растворами, очищенные таким способом артефакты приобрели первозданный вид и блеск. Костяные изделия были очищены и укреплены. А также были восстановлены недостающие части керамических кувшинов методом догипсовки.



Рис. 1. Золотые артефакты из могильника Дауылбай до и после реставрации

Цель реставрации – предотвратить дальнейшее разрушение артефактов, сохранить их для научных исследований, экспонирования в музеях и изучения истории прошлого.

Сроки реставрации артефактов из курганов длительный процесс занимающий от нескольких месяцев до многих лет и зависят от состояния, материала и сложности работы.

Реставрация золотых украшений занимает меньше времени, чем восстановление хрупкой керамики или металлических предметов с сильной коррозией. На процесс также влияют такие факторы, как сложность исследования и консервация, а также необходимость проведения дополнительных работ.

Перед реставрацией требуется провести исследование артефакта, что занимает определенное время. Это исследование помогает определить лучшее решение для реставрации и предотвратить повреждения.

После реставрации требуется консервация артефакта, чтобы сохранить его от дальнейшего разрушения. Этот процесс может занять время и требует соблюдения строгих правил.

Актуальность реставрации артефактов найденных в курганах обусловлена их огромной исторической ценностью, позволяющей изучать быт, культуру и искусство древних цивилизаций, а также необходимостью сохранения этих этих уникальных объектов для будущих поколений. Реставрация помогает предотвратить их разрушение, укрепить конструкции, восстановить утраченные элементы и сделать артефакты доступными для научных исследований и публичных выставок.

Историческая и научная ценность: Артефакты – это важнейший источник информации о жизни людей в глубокой древности. Изучение артефактов позволяет реконструировать историю, понять развитие технологий, социальных структур и культурных особенностей разных эпох, включаю эпоху раннего железа.

Сохранение культурного наследия: без реставрации многие артефакты, особенно из дерева, тканей и мягких металлов, могут полностью разрушиться. Реставрационные работы позволяют сохранить эти объекты для будущих поколений.

Укрепление и восстановление: в процессе реставрации реставраторы укрепляют хрупкие конструкции, восстанавливают утраченные или поврежденные элементы и проводят консервацию, чтобы остановить процесс разрушения.

Научное исследование: После реставрации артефакты становятся доступными для более детального изучения учеными-археологами и искусствоведами, что помогает получить новые знания.

Доступность для публики: реставрированнные артефакты могут быть представлены в экспозициях музеев, что делает историю более наглядной и доступной для широкой общественности.

Самым ярким примером отреставрированных артефактов является: находка «Золотого человека» в кургане Иссык, включающая множество золотых украшений.

Основные этапы научной реставрации:

1. *Очистка.* Удаление многолетних минеральных отложений и коррозии с металлических предметов (Рис. 2).



Рис. 2. Удаление многолетних минеральных отложений и коррозии с металлических предметов

2. *Восстановление.* Реставрация керамических, костяных, деревянных и других предметов с сохранением их структуры.

3. *Консервация.* Сохранение восстановленных артефактов для дальнейшего изучения и экспонирования.

4. *Документирование.* Тщательное документирование каждого этапа реставрации, включая описание использованных материалов и технологий. Артефакты должны быть полностью документированы: путем записи в карточке или журнале полевой лаборатории и дачи сведений о предмете и условиях его находки.

Документы полевой лаборатории, которые описывают микросреду артефакта, должны иметь дубликат. Одна копия сопровождает артефакт в лабораторию, другая остается в документах раскопа. И наконец, заключение этой обработки должно быть внесено в карточку данного предмета, в каталог. Полевой реставратор указывает методы, которые он применял во время обработки. Чем больше информации будет послано полевым реставратором (такая информация, как физические, биологические и химические характеристики микросреды), тем лучше этот предмет будет обработан в научной лаборатории (Рис. 3) [5].



Рис. 3. Процесс документирования

После реставрации предметы не должны выглядеть как новые, но становятся более прочными и долговечными. Реставрационные мастерские применяют различные методы и технологии, адаптированные к конкретными материалам и типам предметов. От деликатной очистки поверхности до сложной реконструкции утраченных элементов, каждый этап реставрации требует глубоких знаний и опыта. Процесс может включать в себя укрепление структуры, удаление поздних наслоений, воссоздание оригинальной отделки и защиту дальнейшего разрушения. Одним из важных аспектов реставрации является использование подходящих материалов. При этом необходимо учитывать как физические, так и химические свойства материалов, чтобы избежать нежелательных реакций и повреждений.

Химикаты. Используют для очистки плотных химических структур – металлов. Особенность: быстро растворяют поверхность предмета и способны так же быстро растворить сам предмет. В использование химикатов рекомендуется проявлять особую осторожность в работе. Проверять реакцию предмета на воздействие того или иного химиката. Проверка должна проводиться следующим образом: на небольшую часть предмета наносится реагент, предмет погружается в дистиллированную воду или под струёй этой воды (применительно к металлам). Для неметаллов рекомендуется использование слабых химических веществ с очисткой части поверхности предмета марлевым или ватным тампоном.

В полевой лаборатории часто используются следующие химикаты:

Аммоний – растворяется в дистиллированной воде. Употребляется для очистки металлических предметов.

Бензотриазол – разбавляется дистиллированной водой и спиртом (пропорции: 2 г. на 25 мл. спирта). Употребляется в очистки бронзовых предметов и меди. Предохраняет их от разрушения слоев металлов [5].

Гидрохлоридаксид (десяти процентный раствор) – используется для удаления нерастворимых солей и корки с керамики или камня. Не рекомендуется использовать при обработке металлов, костей (они растворяются).

Реставрация археологических артефактов из различных материалов выполняется как по апробированным, так и по собственным методикам. Реставрация включает в себя присоединение фрагментов, устранение деформаций, в случае крайней необходимости – внесение реставрационных дополнений. В течение этих процессов идет накопление данных для воссоздания предмета в новом материале [4].

Реставрация по материалам:

Керамика. Реставрация проводится методом

склейки (часто эпоксидными смолами), заполнение утрат реставрационными шпатлевками, гипсом. Повреждения: хрупкость, сколы, утраты, сильные загрязнения.

Металлы (бронза, железо, серебро, золото). Методы: механическая и химическая очистка от коррозии, укрепление, защита специальными составами, часто применяется гальваническая обработка, чтобы остановить разрушение. Повреждения: коррозия (окислы, патина), хрупкость, загрязнения.

Органические материалы (дерево, кожа, кость, рог, ткани). Проблема – разрушение влагой, грибком, насекомыми, потеря прочности.

Методы реставрации:

Дерево. Укрепление полимерами, пропитка, стабилизация влажности, борьба с гнилью.

Ткани: Укрепление основы, очистка, консервация от света и влаги.

Камень и кость:

Проблема. Выветривание, трещины, загрязнения.

Методы: Консервация, укрепление, склейка, заполнение трещин и сколов специальными составами, очистка (Рис. 4).





Рис 4. Отреставрированные костяные изделия из могильника Дауылбай

Реставрация включает в себя несколько этапов:

- Документирование. Фотофиксация и описание состояния артефакта.
- Полевая консервация. Немедленная защита на месте находки, особенно для хрупких объектов, чтобы их можно было безопасно транспортировать, например создание монолита с грунтом или гипсового кокона.
- Лабораторная консервация: Удаление грунта, консервация материала.
- Реставрация: склейка, укрепление, восполнение утрат, тонирование.
- Консервация и хранение. Создание условий для долговременного сохранения.

Процесс реставрации керамических изделий включает несколько этапов:

Избавление от солей. Чтобы избежать возможных повреждений, черепки перед склеиванием погружают в дистиллированную воду и меняют до тех пор, пока соли полностью не растворятся.

Воссоздание целостной формы изделия. Для склеивания фрагментов разрушенных сосудов используют полимерные клеи:

1) перед склеиванием отдельных частей предметов следует очистить отдельные фрагменты в местах их склеивания, обработать ватным тампоном, смоченным в спирте, для того чтобы удалить всю грязь;

2) склеивание начинать от основания сосуда или от венчика, его верхней части [5].

Восполнение утрат. Для этого применяют догипсовку – восполнение повреждённых или несохранившихся участков гипсовым раствором, из которого и восстанавливают фрагменты изделия с последующей обработкой этих мест до законченного состояния (Рис. 5).

Тонировка. Гипсовые части изделия тонируют в соответствии с общей цветовой гаммой будущего экспоната.



Рис. 5. Метод догипсовки

При этом восстановленные части должны быть заметны и отличимы от оригинального произведения, но при этом органично вписываться и не искажать общий художественный облик произведения. Тонировка обычно производится акриловыми красками.

Процесс реставрации металлических артефактов – сложная консервационно-реставрационная работа, включающая диагностику состояния(определение степени коррозии и минерализации), механическую и химическую очистку от почвенных отложений и продуктов коррозии-с использованием химических реагентов, стабилизацию металла, реконструкцию утраченных частей (иногда с использованием



Рис. 6. Тонировка керамического сосуда

аналогов), консервацию для предотвращения дальнейшего разрушения, например минерализации.



Рис. 7. Очистка металлических артефактов при помощи реагентов

Для реставрации железных изделий плохой сохранности, совершенно неприменимы электрохимический и химический способы удаления ржавчины. Задача обработки таких изделий заключается в восстановлении первоначальной формы предмета. Предмет многократно промывают в горячей воде (желательно дистиллированной). При этом с него удаляется прилипшая земля и иные наслоения. Известковые отложения удаляют 3–5 %-ным раствором CH3COOH (столовый уксус), а затем промывают мыльным раствором [3].

Основные этапы реставрации:

1. Исследование и диагностика. Визуальный осмотр, рентгенография для определения внутренней структуры.
2. Определение степени коррозии-окисление, замещение металла соединениями-минерализация.
3. Очистка и подготовка. Механическая: аккуратное удаление рыхлых наростов и грязи микроинструменами, ингода пескоструйная обработка. Химическая: применение специальных растворов для растворения солей и продуктов коррозии, не повреждая сам металл.
4. Стабилизация металла. Прекращение активных коррозийных процессов. Обработка ингбиторами коррозии для защиты от влаги и кислорода.
5. Реконструкция и сборка. Склеивание фрагментов с применением специальных клеев. Восполнение утрат если необходимо для целостности.
6. Консервация и защита. Нанесение защитных покрытий, чтобы предотвратить обратное окисление.
7. Хранение в контролируемых условиях-влажность, температура.

Ключевые проблемы при реставрации. Замена металла продуктами коррозии, превращение металла в рыхлую массу.



Рис. 8. Бронзовые находки из могильника Дауылбай до и после реставрации

Расслоение. Разделение конгломерата артефакта и грунта на фрагменты.

Таким образом, при реставрации металлических изделий необходмио соблюдать разумный баланс между удалением разрушающих элементов и сохранением максимально возможного оригинального материала.

Основные проблемы реставрации в Казахстане включают нехватку финансирования, дефицит квалифицированных кадров, отсутствие единой системы учета и контроля за археологическими находками, отсутствие единого научного центра консервации и реставрации, недостаточное количество реставрационных лабораторий и слабость материально-технической базы.

Таким образом научная реставрация артефактов найденных в курганах позволяет:

- сохранить наследие: предотвращает окончательное разрушение органических материалов(текстиль, дерево) и хрупких предметов, которые деградируют после извлечения из стабильной среды кургана;

- провести научное изучение: восстановленные предметы позволяют проводить детальные исследования материалов, технологий, износа-недоступные для сильно поврежденных образцов, например, в случае обугленного дерева;

- обеспечить достоверное экспонирование: историческая реконструкция возвращает артефактам их первоначальный вид, позволяя лучше понять назначение и эстетику предметов-золотых украшений, оружия, предметов быта;

- экспонировать находки в музеях ,делая их доступными для широкой публики, что способствует повышению осведомленности об истории и культуре региона.

- сохранить артефакты для будущих поколений - правильная консервация на месте и последующая реставрация минимизируют искажения, которые могут возникнуть при транспортировке и обработке, сохраняя контекст находки.

Список использованной литературы:

1. Байгунаков Д.С., Айтқұл Х.А. Дауылбай обалы қорымы (Қаратал өңірі). – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 146 б.

2. Шербаев Р.Қ., Есбай С.Б., Құдабаев Ш.А. Дауылбай обалы қорымы. Курганный могильник Дауылбай. – Алматы: Arnau print, 2025. -178 б.

3. Добрыднев А.С., Заидов О.Н. Реставрация железных археологических предметов и защита их от коррозии.

4. Интеграция археологических и этнографических исследований: сборник научных трудов. Часть 1. Казань, Омск, 2010. – С. 2.

5. Мартынов А.И., Шер Я.А. Полевая консервация, анализы, реконструкции // https://arheologija.ru/martyinov-sher-polevaya-konservatsiya-analizyi-rekonstruktsii/

ТҮЙІНДЕМЕ *Мақалада қорғандардан табылған заттар туралы айтылған. Олардың түр-түсі, сапасы, түрлері суреттер арқылы жан-жақты көрсетілген.*

SUMMARY *This study is devoted to the principles and methods of the scientific restoration of artifacts recovered from burial mounds. The author substantiates the need for an interdisciplinary approach to ensure the preservation of cultural heritage.*

БОТАЙДАН БАСТАЛҒАН ҒЫЛЫМҒА ЖОЛ

Дамир ТОҚТАРОВ,
«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының кіші ғылыми қызметкері

Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында археологиялық үйірме жұмысы арқылы оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Саумалкөл орта мектебінде жүзеге асырылып жатқан «Жас археолог» үйірмесінің қызметі және «Ботай – көшпелі өркениеттің бесігі» атты 34 сағаттық авторлық курстық бағдарламасының мазмұны талданады. Зерттеу барысында археология элементтерін тарих пәнін оқыту үдерісіне енгізудің оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытудағы, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырудағы және тарихи-мәдени мұраға деген құндылықтық қатынасын арттырудағы мүмкіндіктері айқындалады. Мақала нәтижелері мектеп тәжірибесінде археологиялық

бағыттағы үйірме жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін көрсетеді.

Қазіргі білім беру оқушылардың танымдық және зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыда жалпы білім беретін мектептерде тарихи білімді меңгертуде ғылыми-зерттеу элементтерін енгізу өзекті мәселе болып табылады. Тарих пәнін оқыту барысында археологиялық деректер мен зерттеу әдістерін пайдалану оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға, дереккөздерді талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі - оқушыны тек дайын білімді меңгеруші ғана емес, өздігінен іздене алатын, зерттеушілік ойлау қабілеті қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеу. Осы орайда мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту, олардың танымдық белсенділігін арттыру – уақыт талабынан туындаған қажеттілік. Әсіресе, тарихи білім беру саласында оқушылардың дерекпен жұмыс істеу, талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастырудың маңызы ерекше.

Осы бағытта 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданына қарасты Саумалкөл орта мектебінде тың бастама өз жұмысын бастады. «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкері, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Букенов Ерлан Жұмабекұлының жетекшілігімен құрылған «Жас археолог» үйірмесі оқушыларды археология ғылымының қыр-сырын меңгеруге бағыттайды. Үйірме жұмысы тікелей «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының базасында ұйымдастырылып, бұл оқушылар үшін теория мен тәжірибені ұштастыратын бірегей мүмкіндік болып отыр.

Үйірменің негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының тарих ғылымына деген қызығушылығын арттыру, археологиялық зерттеу жұмыстарының негіздерімен таныстыру және туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын терең тануға баулу. Үйірме жұмысы барысында оқушылар тек дайын ақпаратты қабылдаумен шектелмей, тарихи деректермен өз бетінше жұмыс істеуге, ғылыми тұжырым жасауға үйренеді.

Үйірме аясында Ерлан Жұмабекұлы әзірлеген «Ботай – көшпелі өркениеттің бесігі» атты 34 сағаттық авторлық курстық бағдарлама жүзеге асырылуда. Бағдарлама жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған және «Қазақстан тарихы» пәні шеңберінде факультативтік немесе үйірме жұмысы ретінде енгізілген. Курста археологиялық үйірме жұмысы арқылы оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамыту, зерттеушілік және жобалық қызмет дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ пәнаралық құзыреттіліктерін жетілдіру мақсаты көзделген.



Бағдарлама мазмұны тарихи және археологиялық білімді өзара кіріктіре отырып құрастырылған. Сабақтар барысында Солтүстік Қазақстан аумағындағы энеолит дәуірінің бірегей ескерткіші – Ботай мәдениеті жан-жақты қарастырылады. Оқушылар Ботай қонысының ашылу тарихымен, археологиялық зерттелу кезеңдерімен, әлемдік археология ғылымындағы орны және жылқыны алғаш қолға үйрету мәселесіндегі маңызымен танысады. Бұл тақырыптар оқушылардың тарихи санасын қалыптастырып қана қоймай, Қазақстан тарихының әлемдік өркениеттегі рөлін терең ұғынуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар курста археология ғылымының негізгі ұғымдары мен терминдері, зерттеу әдістері, қазба жұмыстарының кезеңдері, археологиялық деректерді тіркеу және сақтау жолдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, көрнекі әрі қызықты форматта ұсынылады. Практикалық сабақтар барысында оқушылар археологиялық қазба жұмыстарының шартты үлгілерімен танысып, табылған артефактілерді сипаттау, салыстыру және талдау дағдыларын меңгереді. Бұл олардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, ғылыми тілде сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Үйірме сабақтарының маңызды бөлігі – шағын зерттеу және жобалық жұмыстар. Оқушылар белгілі бір тақырып аясында деректер жинақтап, оларды жүйелеп, қорытынды жасап, өз ойларын дәлелді түрде қорғауға үйренеді. Мұндай жұмыстар оқушылардың жауапкершілігін арттырып, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Нәтижесінде оқушылардың тек тарих пәніне ғана емес, жалпы ғылымға деген қызығушылығы арта түседі.

Курстың басты жаңашылдығы – Қазақстан тарихын археологиялық зерттеу әдістерімен ұштастыруында, сондай-ақ «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп жүзеге асырылуында. Музей-қорық мамандарының қатысуымен өткізілген дәрістер, экскурсиялар мен тәжірибелік сабақтар оқушылар үшін ерекше танымдық мәнге ие. Бұл өз кезегінде оқушыларға ғылыми орта атмосферасын сезінуге, болашақ мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауға ықпал етеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылардың тарихи-мәдени мұраға деген құрметі мен жауапкершілігі қалыптасып, туған өлкенің тарихын қадірлеуге тәрбиеленері, сонымен қатар зерттеу және жобалық қызмет дағдыларын дамыту арқылы оқушылардың шығармашылық тұрғыда ойлайтын, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін тұлға ретінде қалыптасатыны анық. Мұндай үйірме жұмыстары жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін нығайтып, отансүйгіштік қасиеттерін арттыруға зор ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, «Жас археолог» үйірмесі – мектеп қабырғасынан бастап ғылымға жол ашатын маңызды әрі өзекті бастама. Осындай жобалар арқылы оқушылар өткенді тануға ғана емес, болашақта өз елінің тарихын зерттеп, тарихи-мәдени мұраны сақтауға үлес қосатын саналы азамат ретінде қалыптасуға мүмкіндік алады. «Ботай – көшпелі өркениеттің бесігі» атты авторлық бағдарлама тарих пәнін оқытудың мазмұнын байытып, білім беру кеңістігіндегі инновациялық ізденістердің жарқын үлгісі болып табылады.



РЕЗЮМЕ

Рассматривается деятельность кружка «Юный археолог» и содержание 34-часовой авторской курсовой программы «Ботай – колыбель кочевой цивилизации». Анализируется содержание познавательного мероприятия.

SUMMARY

The article examines the activities of the «Young Archaeologist» club and the content of the 34-hour original course program «Botai – the Cradle of Nomadic Civilization». The educational event is analyzed comprehensively.

СҮЙЕКТЕГІ ӨРНЕК, ТАРИХТАҒЫ ӨНЕГЕ: БОТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ МҰРАСЫ

Әйгерім ШАИМОВА,
«Ботай» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы

Энеолит дәуірінде мыстан жасалған бұйымдар алғаш рет пайда болды. Алайда қарапайым еңбек құралдары ретінде тас пен сүйек әлі де кеңінен пайдаланылды. Осы дәуірге жататын Қазақстан аумағындағы ірі қоныстардың бірі – Солтүстік Қазақстан өңірінде археолог В. Зайберт зерттеген Ботай қонысы (Ботай мәдениеті).

Ботай қонысы шамамен 15 гектар аумақты алып жатыр және б.з.д. III-II мыңжылдықтарға жатады. Қазба жұмыстары барысында бұл жерден 158 тұрғын үйдің қалдықтары табылды. Үй қабырғалары жануарлардың терілерімен жабылған, ал тұрғын жайлардың орталық бөлігінде ошақ орналасқан. Бұл ошақтар жылыну және тамақ дайындау мақсатында қолданылған.

1980 жылы археолог В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Ботай қонысына зерттеу жұмыстарын бастады. Осы жұмыс барысында бұл жерден 70 мыңнан астам жылқы сүйектері табылды. Бұл дерек ботайлықтардың жылқыны алғаш қолға үйреткендігін айғақтайды. Осыған байланысты, Ботай халқы Еуразия даласындағы алғашқы жылқы өсірушілердің бірі ретінде танылады.

Адамдар отырықшылыққа көше бастады, балық аулау, аңшылық және терімшілікпен айналысты. Тас пен сүйектен жасалатын құралдардың жаңа түрлері мен оларды өңдеу технологиялары пайда болды. Базалық, жыл бойы қоныстанатын жерлермен қатар, құрал-сайман жасау орталықтары (шеберханалар) да болған. Сонымен қатар, шақпақтас пен басқа да құрал жасауға жарамды тастарды өндіру орындары ұйымдастырылған. Зерттеу барысында маусымдық стендтермен аң аулау лагерлерінің орындары да анықталды.

Сүйектен жасалған бұйымдар

Сүйектен жасалған бұйымдар коллекцияның 1,4%-ын құрайды. Бұл бұйымдарды жасау үшін негізінен құбырлы сүйектер, қабырғалар, құстардың, жабайы ұсақ жануарлардың және жылқылардың иық пышақтары пайдаланылған.

Тескіштер – алғашқы қауымдастықтарда пайда болған құралдардың бірі. Тас дәуірінде олар негізінен теріні тігу үшін тесіктер тесу мақсатында қолданылған. Кейінірек тескіштер саз ыдыстарға және тұмарларға ою-өрнек салу үшін де пайдаланылды.

Тескіштің үстіңгі жағы қалыңдатылған немесе арнайы пішінделген, кейде ілмегі бар үшкір таяқшаға ұқсайды. Орта ғасырларда тескіштерді ірі және ұсақ жануарлардың, сондай-ақ құстардың құбырлы сүйектерінен жасады. Оларды жасау қарапайым болды: сүйектерге аз ғана нүктелік түзету жүргізіп, қайраған.

Сүйекті өңдеу тәсілі ағаш өңдеуге ұқсас болғанымен, материалдың қаттылығына байланысты ол шеберден көбірек еңбекқорлық пен арнайы құралдарды қажет етті. Қажетті өнімді кесуді бастамас бұрын, сүйек арнайы құрамы бар жабық ыдысқа салынып, онда бірнеше күн жатты. Оған табиғи қышқылдар – қыша, ұнтақталған қымыздық, қышқыл сүт, сілті және ағаш күлі қосылды.

Жапқыштар мен тескіштер жылқының тақтатас және құстардың түтік тәрізді сүйектерінен, жылқы қабырғаларынан, сондай-ақ қасқырлар мен аюлардың метаподия сүйектерінен жасалған. Бұйымдардың ұштары алдымен жұмсақ кесуден өткізіліп, кейін абразивті өңдеу әдісімен толық дайындалған. Тескіштер мен тақтайшалардың жұмыс ұштары бір-біріне барынша ұқсас болғандықтан, оларды нақты түрде ажырату қажеттілігі жоқ.

Көптеген бұйымның жұмыс ұшында дөңгелек қима байқалады. Дегенмен тікбұрышты қималы үлгілер де кездеседі. Құралдардың ұзындығы 6,6-16 см аралығында. Жұмысқа дайындау барысында кейбір құралда абразивті өңдеу тек ұштық бөлігінде ғана жүргізілген, ал кейбір дайындамалар толығымен тегістелген. Бұйымдардың барлығының жұмыс ұштары жақсы жылтырлатылған.

Құралдардың бір бөлігінің өкше бөлігінде кептелу іздері байқалады. Жұмыс ұштарында микротолқындар анық көрінеді, олар жіп тәрізді бұрандалы, көлденең және бойлық сызықтар түрінде көрініс тапқан. Микроскоп арқылы тескіштер мен тақтайшалардың жұмыс ұштарын зерттеу нәтижесінде бұл құралдардың

ұзақ уақыт бойы пайдаланылғаны және сынған немесе бүлінген ұштарын алдын ала өңдемей, жиі қолданылғаны анықталды.



Қалыпшалар керамика өндірісінде қолданылған.

Қалыпшалар бір типті құралдар тобына жатады. Олардың бастапқы дайындамасы ретінде жалпақ сүйектердің фрагменттері, атап айтқанда қабырға мен жамбас сүйектері пайдаланылған. Бұл өнімдердің көпшілігі қалдық түрінде кездеседі. Қалыпшалар қабырға және жауырын сүйектерінен жасалған тісті, цилиндр тәрізді қалып түрлерімен ұсынылған.

Қабырғалардан жасалған қалыпшалар. Қисық жиек бойымен шақпақ тастан кесілген қабырға сүйектерінен жасалған құралдар анықталған. Тұтас үлгілердің ұзындығы 16-дан 21,8 см-ге дейінгі аралықты құрайды. Бұл құралдардың кейбірінде ұсақ тісті ойықтар (0,15–0,2 см), ал кейбірінде ірі тісті ойықтар (0,3–0,4 см) болған. Жұмыс жиектерінде жүктеме түскен жұқа жолақтар байқалады. Микроскопиялық зерттеу нәтижесінде тістердің шыңдары дөңгелектенгені және беттерінің жылтырланғаны анықталған.

Илегіштер – жалпақ сүйектердің фрагменттерінен жасалған қалыпшалар. Олардың пішіні негізінен тікбұрышты, тұтқалары сәл тарылған, бір үлгінің пішіні қисық келген. Барлық бұйымның ұштары дөңгелек және оларда шақпақ тас құралдарымен кесілген тістер кездеседі. Бір үлгіде бүйір бөліктерінде де тіс пішінді кескіндер жасалған. Шпатель тәрізді штамптардың ұзындығы 5,2-11,3 см, ені 4,1-8,2 см аралығында. Бұйымдардың бір жағы жақсы тегістелген. Онда диагональ бағыттағы жұқа сызықтар түріндегі микроіздер байқалады. Ал бүйір бөліктеріндегі микроіздер әлдеқайда айқын көрінеді.



Сүйектен жасалған пышақ. Бірінші бұйымның ұзындығы – 14,3 см, қоқыс қабатынан табылған және бөлінген қабырға сүйегінен жасалған. Құралдың беті мұқият тегістелген, ал бір ұшы өткірленген. Сүйек пышағы алғаш рет Ақмола облысындағы Ботай мәдениетіне жататын Красный Яр қонысының қазбасы кезінде табылды.

Ғалымдар бұл құралдың нақты не үшін қолданылғанын әлі толық анықтаған жоқ. Дегенмен зерттеулер нәтижесінде оның былғары немесе ағаш өңдеуге арналған құрал емес, қару болғаны белгілі болды. Осыған байланысты археологтардың пікірінше, сол кезеңде бірқатар соғыс қимылы орын алған. Яғни, ботайлықтар өзге тайпалар мен аумақтарға шабуыл жасаған болуы мүмкін немесе керісінше, сыртқы қауіптерден қорғануға мәжбүр болған деген қорытынды жасауға болады.



Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуы мен деректерді өңдеудің жаңа әдістері энеолит дәуіріндегі бірегей тарихи құбылыстарды тереңірек зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты жаңа ғылыми тәсілдер мен міндеттер алға тартылуда.

Сүйектен жасалған **ауыздық** жылқы сүйегінен дайындалған. Бұйымның ұзындығы – 10,5 см, ені – 2,5 см. Ауыздықтың орталық бөлігінде диаметрі 1 см болатын биконикалық тесік орналасқан.



Ою-өрнегі бар бұйымдар

Ою-өрнекті бақайшақтар (фаланга). Бастапқы дайындамалар жылқылардың бақайшақтары болды. Сүйектердегі суреттер шақпақ тас құралдарымен зигзаг тәрізді, түзу параллель сызықтар, тілімдеп кесу түрінде сызу техникасымен жасалған. Кейбір жағдайларда ою-өрнек ромбтардың, үшбұрыштардың, түзу және сынған сызықтардың, ромбтық тордың күрделі композицияларымен ұсынылған.

Бастапқы дайындамалар ретінде жылқы бақайшақтарының сүйектері пайдаланылған. Сүйек беттеріндегі өрнектер шақпақ тас құралдарының көмегімен салынған және олар зигзаг тәрізді, түзу параллель сызықтар, сондай-ақ тілімдеп кесулер түрінде орындалған. Кейбір жағдайда ою-өрнектер ромбтар, үшбұрыштар, түзу және сынған сызықтар, сондай-ақ ромб тәрізді торлардан құралған күрделі композициялар түрінде берілген.



Ботай мәдениетінің сүйектен жасалған бұйымдары – материалдық тұрмыстың құралдары ғана емес, сол қоғамның мәдени, әлеуметтік және этнографиялық өмірін бейнелейтін маңызды дереккөз саналады. Сүйектен жасалған өрнектелген бақайшақтар мен ауыздық бөліктері, сондай-ақ әртүрлі тескіш пен қалыпшалар – күнделікті тұрмысқа қажетті заттар ғана емес, сонымен қатар, олар ритуалдық және сәндік мәнге ие. Бұл жәдігерлер арқылы біз ботайлықтардың әдет-ғұрыптарын, мал шаруашылығы мен көші-қон ерекшеліктерін, бұған қоса олардың өнерге және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген көзқарасын аңғарамыз.

Бұнымен бірге, сүйек бұйымдарының технологиялық ерекшеліктері – бұл қоғамдағы кәсіби шеберліктің, еңбек тәжірибесінің және әлеуметтік қатынастардың көрінісі. Өрнектер мен пішіндер арқылы ботайлықтар эстетикалық талғамын, белгіленген дәстүрлерді және әлеуметтік мәртебені білдірген болуы ықтимал. Осылайша, сүйектен жасалған бұйымдар – материалдық мәдениет қана емес, ежелгі қоғамның рухани және мәдени кеңістігінің айнасы.

Осы жәдігерлерді зерттеу және сақтау – Қазақстанның ежелгі мәдени мұрасын зерттеу мен қорғаудың маңызды бөлігі, бұл болашақ зерттеулерге жаңа ғылыми перспективалар ашады.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены древние артефакты, относящиеся к культуре Ботай. Для каждого из них дается подробное описание и подчеркивается его значение.

SUMMARY

The article presents ancient artifacts related to the Botai culture. Each artifact is discussed individually, highlighting its significance.

МУЗЕЙ ТЫНЫСЫ

МУЗЕЙ – ӨТКЕН МЕН БҮГІННІҢ КӨПІРІ

Батырхан СӘРСЕНХАН,
ҚР Ұлттық музейі

Қазақта «Ел іші – өнер кеніші» дейтін қанатты сөз бар. Ел билеген көсем де, дау қайтарған шешен де халық ішінен бой көрсететіні талассыз ақиқат. Осы тәмсілдің растығына, қазыналы Отырар өңіріне барғанымда анық көз жеткіздік. Отырар ауданына қарасты, Отырар ауылы 1930 жылы серіктестік, 1931 жылы колхоз болып құрылған. Аядай ғана ауылдың тарихының өзі бір төбе. Егер ауыл тарихын жіті білгіңіз келсе, арнайы шағын музейге бет бұрыңыз.

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» депті Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов. Расында, өткенді зерделемей, бүгінді болжау мүмкін емес. Ал Отырар ауылынан ашылған құнды жәдігерлер сақталған музей, осы қағиданы мақсат тұтса керек. Ауылдық музей 2010 жылы өңірдің төл перзенті, Әбді Жұмахан Бегманұлының жеке ізденімпаз еңбегінің арқасында тұсауы кесілген. Алғашында зерттеу арқылы табылған көне жәдігерлерді өз үйіне жинаған ол, араға 10 жыл салып көпшілікке көзайым еткен. Музейге тың



игеру саласының ардагерлерінің фотосуреттері, еңбек құралдары, екінші дүниежүзілік соғыстың батырларының фотосуреттері, көне соқа, келі, ескі ақшалар т.б. құнды дүниелер қойылған. Музейге ене бергенде-ақ көзге оттай басылатын бір дүние бар. Ол – екінші дүниежізік соғыстың батыры, қазақтың қаһарман қызы Мәншүк Мәметованың «Максим» пулеметі. Музей иесі Жұмахан Бегманұлы, пулеметті өз қолымен жасағанын айтады.

«Мектеп кезінен тарих пәніне қызығып, тарихи дүниелерді үнемі ескеріп, қарап жүрдім. Аудандық орталық музейлерге жиі барып тұратынмын. Ондағы адамдар өздеріне қызметке келуді сұрады. Бірақ 2000 жылдан бастап ауылымызға қатысты тарихи дүниелерді өз бетімше жинаумен айналыстым. Тапқан заттарымды үйіме әкеліп, арнайы сарайға қойып жүрдім. Солайша арада 10 жыл өткенде жинағандарым бір музейдің жүгін арқалайтын деңгейге жетті. Кейбір дүниелерді өзім жасадым, мәселен Мәншүк Мәметованың «Максим» пулетеметін арнайы түпнұсқаға ұқсатып жасап шықтым. Кейін экспонаттарды қоятын ыңғайлы кеңсе тауып, бүкіл жиған заттарымды сонда қойдым. Ауыл тұрғындары болып арнайы музейдің тұсауын кесіп, ас бердік. Кейін келе аядай музейге келушілер көбейді, тіпті шетелдік туристер де бас сұғып, Отырардың қилы тарихымен танысып жүрді. Бүгінде музейге келуші жастар толастаған емес. Менің мақсатым сол жас өскін өз тарихынан ажырамаса екен деген тілек болатын», – дейді Жұмахан Әбдіұлы.

Музейдің жұмысы әлі күнге табылған жаңа бұйымдармен толығу үстінде. Шымкент қаласында өткен «Мәдениетім мерейлім» атты көрмеге қатысқан Жұмахан Әбдіұлы Ұлы жеңісті ұлықтаған жиында өзі жасаған, жинаған экспонаттарын апарып, көрерменге ұсынған. Атап айтқанда майданнан келген хаттар, солдат күрегі, каскасы, офицер сумкасы, гранаталар, фляга, ППШ – автоматы, РПД – қол пулеметі көрерменнің ыстық ықыласына ие болып, қолдау тапқан.

Музей ішінде ат әбзелдеріне ерекше мән берілген. «Ер қанаты – ат» болса, қазақтың жылқы малы дегенде шығарға жаны қалмайтыны анық.



















Таға, жүген, көне ер тоқым, қамшы және түрлі кісендер делебеңді қоздырады. Музей қақпасына аудандардан, облыстардан келген жолаушылар, ғылым жолында жүрген немесе тарихын бағамдаған жастар легі бас сұқпай кеткен емес. Тіпті, топырағы тереңнен сыр шертетін көне жердің шежіресін білуге келген шет елдік турис-тер қауымы музей дәптеріне қолтаңбасын қалдырып жататыны бар. Өз табандылығымен жас ұрпаққа өнеге сыйлап отырған Жұмахан Әбдіұлының алға қойған жоспарлары көп. Алдағы уақытта музейді бұдан да үлкен деңгейде жасақтап, жаңа экспонаттармен толықтыру туралы мақсаты жоқ емес. Әрине, шежірелі өңірде сырын ішіне жасырған тағы да мол жәдігер қоры бары күмәнсіз. Дәл қазіргі қоғамның қозғаушы күші халық болса, сол халықты тәрбиелеу, айрықша тарихымыз, дәстүрімізбен таныстыру – біздің қасиетті борышымыз екені даусыз. Әрбір азаматтың теңізге тамған тамшыдай үлесі арқылы, қазақ елі қыран қалықтаған қияларға жетеріне бек сенім мол. Ал музей – өткен мен бүгіннің көпірі екені талассыз ақиқат.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о самоотверженном труде человека, который самостоятельно создал музей. Эта инициатива является значимым вкладом в сохранение истории и культурного наследия родного края.

SUMMARY

The text tells the story of a dedicated individual who single-handedly established a museum. This endeavor stands as a significant contribution to preserving the history and cultural heritage of his homeland.

ALMATY MUSEUM OF ARTS (МУЗЕЙ СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВА АЛМАТЫ)

Клара ИСАБАЕВА,
Арт-критик, ветеран музейной работы

Открывшийся совсем недавно, в сентябре 2025 года, Музей современного искусства Алматы или Almaty Museum of Arts (AMA) стал притяжением культурной жизни южной столицы. Здесь всегда длинные очереди на входе, его посещают многочисленные алматинцы и гости города, сотрудники посольств и международных компаний, а также высокопоставленные зарубежные делегации.

Расположенный в одном из престижнейших мест города на пересечении проспектов Назарбаева и Аль-Фараби, он гармонично вписался в садово-парковый ансамбль с Almaty Theater и другими архитектурными изысками – штаб-квартирами глобальных деловых компаний, корпораций, банков, а также элитными жилищными комплексами. С локации открывается и великолепный вид на горы, любоваться которыми в музее выделено особое пространство – балкон в зале «Алатау».

Здание музея спроектировано знаменитым британским архитектурным бюро Chapman Taylor. Оно сочетает природные и урбанистические образы. Одна часть музея облицована броским известняком и символизирует горы, другая – сделана из анодированного алюминия и является отражением современного города, посреди которого и расположен музей, занимающий более 10 000 кв метров.

Музей – классический пример меценатства, и история его создания похожа на истории создания Британского музея, Эрмитажа, музея Метрополитен, Третьяковской галереи и других. В его основе – коллекция известного казахского бизнесмена Нурлана Смагулова и его супруги Мадины Смагуловой, которую они собирали более 30 лет. За это время бизнесмен, по собственному признанию, стал сам разбираться в искусстве не хуже любого искусствоведа. Кроме коллекционирования, Смагулов многие годы целенаправленно продвигал казахстанских художников в своей частной галерее Almaty Art Center, которой руководила Мадина Смагулова, где проводились регулярные выставки, собирались представители бизнес-сообщества и покупали произведения современных казахстанских



художников.

Казахская часть коллекции Нурлана Смагулова отражает все периоды развития отечественной живописи – от Абылхана Кастеева до современных художников, как Алмагуль Менлибаева и Сауле Сулейменова. Она включает работы мэтров Салихитдина Айтбаева, Абдрашита Садыханова, Бахтияра Табиева, Гульфайрус Исмаилову, Айшу Галымбаеву, Рыспека Ахметова, Сабура Мамбеева, Павла Зальцмана и других.



Нурлан Еркебуланович начал собирать свою коллекцию в 1990-х с приобретения деревянной маски бурятского художника Сэрэнджепа Балдано. В 1996 году знакомый актер Минтай Утепбергенов показал молодому бизнесмену маску, удивительно похожую на отца Смагулова. С нее и началась знаменитая коллекция предпринимателя, впоследствии пополнившаяся и другими масками Балдано. Дерево может приобретать самые причудливые конфигурации и легко ложится в пространство любой метафоры, связанной с человеческой жизнью: изломан, коряв, прирос телом и душой. Сейчас серия Балдано «Я и мои маски» представлена в экспозиции вновь открывшегося музея.



В те же 1990-е Эдуард Казарян, работающий в керамике и бронзе, ввел мецената в круг своих талантливых коллег, молодых художников, находившихся в поиске новых форм в искусстве, среди которых – Алмагуль Менлибаева, Аскар Есдаулетов, Андрей Нода, Аскар Есенбаев, Марат Бекеев, Елена Рудоплавова, Вячеслав Люй-Ко и другие. Это были тяжёлые для экономики страны годы перемен, когда художниками особо не интересовались. Смагулов стал покупать их наиболее понравившиеся работы, чтобы поддержать новое поколение творцов. Очень часто во времена перемен создаются самые яркие и впечатляющие образы. У Смагулова сформировалась очень интересная и самая разнообразная коллекция 1990-х, которой не было даже у Музея Кастеева, переживавшим в этот период трудности с закупочным финансированием. Все эти художники отошли от стилистики советского реализма в сторону детского, наивного рисунка с особой искренностью высказывания. Коллекционирование современных художников, регулярные выставки и насмотренность глаза способствовали ещё большему росту интереса к казахскому искусству и расширению коллекции работами казахстанских художников других временных периодов. И, неудивительно, что ими стали также бунтари, но уже так называемые шестидесятники: Салихитдин Айтбаев, Токбулат Тогузбаев, Шаймардан Сариев, Жанатай Шарденов, Макум Кисамединов и, конечно же, Абдрашит Сыдыханов, работы которого можно было купить как у самого художника, так и у его наследников позднее. Что касается шестидесятников, большинство их лучших работ к концу 1990-х годов были уже в ведущих казахстанских музеях, но Смагулов стал усердно искать наследников, коллекционеров, а одну выдающуюся работу Салихитдина Айтбаева «На Целине. Обед» приобрел на аукционе за рубежом и вернул в Казахстан. Шестидесятники, в основу живописи которых легла система казахского орнамента, видели свою задачу в утверждении вечной актуальности

кочевой культуры. В коллекции широко представлены работы Абрашита Сыдыханова, в разные годы искавшего себя в разных стилистиках – то ярко, звучно, темпераментно, то размышляя о судьбе родного народа по родовым знакам, то экспериментируя с цветом, как в его абсолютном шедевре «Пустая лодка» (или белое на белом). Трудно оторвать глаз от картин Жанатая Шарденова «Высоко в горах. 1972» и других пейзажей, представленных в экспозиции музея. Созданные в уникальной технике пастозной живописи большими, мощными мазками, пейзажи мастера сверкают свежими красками, передавая неповторимую красоту тянь-шаньских гор.

В зале «Сарыарка» один экспонат интереснее другого: здесь и маски Болдано, картины Айши Галымбаевой, Гульфайрус Исмаиловой, Бахтияра Табиева, графика Евгения Сидоркина, Исатая Исабаева, Макума Кисамединова, скульптуры Рыспека Ахметова, Аскара Есенбаева, Георгия Трякина-Бухарова, Эдуарда Казаряна; металлические «горные пики» Мельдибекова и несколько небольших экранов с уникальными архивными документальными фильмами – выступление Дины Нурпеисовой, отрывки из фильма «Девушка-джигит», зарождение антиядерного движения «Невада-Семей» с его лидером Олжасом Сулейменовым.



В зале «Сарыарка» представлены почти все периоды казахского искусства – от классиков до Ербосына Мельдибекова и Сауле Сулейменовой. И только одна небольшая деталь расстроила посетителей – то, что эту великолепнейшую, прекраснейшую экспозицию зала назвали выставкой «Конактар». По мнению многих маститых художников, казахская коллекция, работы казахских художников, стали гостями на родной земле. Думаю, что важный международный опыт куратора Инги Латсе был бы бесценен в любом другом зале этого замечательно музея, но почему родное искусство, собранное с таким вкусом и любовью, нельзя было доверить родному искусствоведу – ведь два ВУЗа в Алматы и Астане выпускают знатоков искусства Казахстана? При том, что один из лучших залов музея «Улы дала» был отдан для выставки выдающейся казахской художницы с мировым именем Алмагуль Менлибаевой, в чем мы видим яркий патриотизм и огромную поддержку меценатом родного искусства.

Одна из важнейших особенностей музея, кроме роскошного современного здания, украшающего город, и богатой коллекции казахского искусства – наличие высокохудожественных произведений зарубежных художников мирового уровня, отличающихся хорошим эстетическим вкусом и дающих яркое представление о современном мировом искусстве.

Уже у входа в музей расположилась двенадцатиметровая скульптура-бюст «Надес», одного из ведущих скульпторов современности, испано-каталонского художника Жауме Пленса, чьи работы украшают общественные пространства Барселоны, Лондона, Нью-Йорка, Мадрида и далее по всему миру. Мастер предпочитает создавать скульптуры именно для городской среды, потому что убежден, ее важность недооценена и очень мало используется для художественных произведений. Поэтому его скульптуры так органично вписываются в городскую среду – вокруг них играют дети, ходят и ездят горожане, то есть создаётся социум и город становится частью скульптурной композиции. Среди других всемирно известных произведений Пленсы скульптура «Дыхание», посвященная журналистам и установленная телекомпании BBC в Лондоне, представляющую собой прозрачный конус с нанесенными на него буквами. Символизирует свободу слова, которая у художника ассоциируется со свободой дыхания. К ним также относятся работы «Сон», «Сердце деревьев», «Нимфа Эхо», «Хлоя», «Хулия» и другие. Что же касается нашей «Надес», созданной в 2023 году специально для Almaty Museum of Arts, ее глаза закрыты, как у всех скульптур Пленсы, соединяя

внутренний мир персонажа с внешней оболочкой. Ее заплетённые косы отсылают к казахским традициям, объединяя универсальный облик с культурным кодом страны.



Не менее интересна работа британско-нигерийского художника Йинка Шонибаре «Скульптура ветра», расположившаяся у фонтана и входа в музей. Она изготовлена из тяжёлого алюминия, но производит впечатление лёгкости и воздушности, напоминая движение ветра, форма же ее напоминает парус корабля. Она разукрашена в яркие, броские узоры в стиле ткани Ankara, произведенной голландцами в Индонезии, но не прижившийся там, зато полюбившаяся и получившая широкое распространение в Западной Африке, став символом национальной идентичности. Художник демонстрирует тесное переплетение культур.



С другой стороны здания на лестнице и металлической конструкции у запасного входа расположилась инсталляция «Препозиция» берлинской художницы Алисии Кваде в виде 19 каменных сфер идеально круглой формы. Она была создана в 2023 году специально для музея под впечатлением от посещения Алисией долины Торыш в Мангистау. Художник превращает тяжёлую материю в поэтическое размышление о пространстве, гравитации и месте человека во Вселенной.

К одному из самых завораживающих экспонатов современного зарубежного искусства можно отнести инсталляцию культовой японской художницы Яеи Кусама «Любовь зовёт» (2013) из



серии «Комнат бесконечности», представляющее собой темное зеркальное пространство, наполненное светящимися формами в характерный горошек и голос самой Кусама, читающей стихотворение на японском языке.

Громадная скульптура из стали американского художника Ричарда Серра (1938-2024) «Перекресток», занимающая огромный зал, изменяет восприятие пространства. Изогнутые стальные листы создают лабиринт, где посетители не просто смотрят, а двигаются внутри, ощущая вес и масштаб конструкции.





Своеобразны видеоинсталляции Билла Виолы «Станции», но самые интересные видеоинсталляции, более понятные нам, прошибающие нас до глубины души – это видеоинсталляции Алмагуль Менлибаевой «Курчатов 22», «Курбан», «Сны Трансоксианы» и другие. Знаменательно, что меценат на открытие музея лучший зал с великолепным техническим оснащением выделил для талантливой казахской художницы с мировым именем, которую поддерживал более 30 лет, приобретя более 40 ее работ.

В фойе музея, на так называемой «Улице искусств», на огромной стене установлена монументальная керамическая фреска «Женщина с попугаем» (1952-53) одного из ключевых французских художников модернизма Фернана Леже (1881-1953), который сейчас очень популярен среди коллекционеров Франции.

Кроме экспозиционной деятельности, музей ведёт активную просветительскую и образовательную деятельность – уникальные лекции, включая зарубежных экспертов, встречи с художниками, экскурсии, кинопоказы, перформансы и музыкальные концерты, мастер-классы для детей и взрослых. Казахстанцы высоко ценят огромный вклад Нурлана и Мадины Смагуловых в культуру страны, а также испытывают искреннюю благодарность за многолетнюю поддержку и продвижение казахского искусства и создание такой замечательной культурной институции в центре южной столицы.

РЕЗЮМЕ

Мақалада жаңадан ашылған музейдің тыныс-тіршілігі баяндалады. Өзгеше өрнекте салынған құрылысы, ішіндегі ерекше жәдігерлер, мүсіндер мен суреттер жазбада көрініс тапқан.

SUMMARY

The article explores the opening and significance of the Almaty Museum of Arts as a new key institution in Kazakhstan's cultural life. Special attention is given to the presentation of Kazakh art in dialogue with works by leading international artists, as well as to the museum's educational and outreach activities.

МУЗЕЙ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ТОҒЫСУЫ

Лаззат ДИХАНБАЕВА,
«Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК
Ғылыми-зерттеу және экспозициялық көрме бөлімінің басшысы

3-бағыт: Жасанды интелект және цифрландыру дәуіріндегі тарихи мұраны зерттеу мен таныту, музейдегі жаңа мүмкіндіктер

Музей – адамзаттың мәдени мұрасын сақтайтын қасиетті орын. Ал жасанды интеллект (ЖИ) – заманауи технологияның ең озық жетістігі. Екеуінің тоғысуы мәдениеттің жаңа қырларын ашып, қоғамға тың мүмкіндіктер береді. Музейдің дәстүрлі рөлі – тарихты, өнерді, ғылымды сақтап, келер ұрпаққа жеткізу. Олар халықтың мәдени жадын қалыптастырады. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері (ЖИ) экспонаттарды цифрландыру, виртуалды экскурсиялар жасау, келушілердің қызығушылығына қарай жеке ұсыныстар беру сияқты қызметтерді атқара алады. Мысалы, ЖИ арқылы әрбір адам өзіне бейімделген музей тәжірибесін ала алады.

Музей мен ЖИ тоғысуы:

- Виртуалды гидтер: келушілерге бірнеше тілде ақпарат беру.
- Деректерді талдау: қай экспонатқа көбірек назар аударылатынын анықтау.
- Жаңа көрме форматы: виртуалды шындық пен кеңейтілген шындық арқылы экспонаттарды «тірілту».

Жыл сайын қарыштап қадам басып келе жатқан Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастамалар тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. Жаңа заманда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің барлық саладағы дамуымыздың ең басты қағидасы. Сондықтан да музейлердің де өміршеңдігін сақтау үшін заман талабына сай жыл сайын өз жұмыстарын жандандырып отыруы маңызды. Әйтпесе, музей де тарихтың шаңына көміліп қала бермек.

Бүгінгі таңда Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы да осы заманауи үдерістен тыс қалмай отыр. Соның нәтижесінде Орталығымызды ғылым, білім, мәдени ақпарат пен шығармашылық жаңартулар орталығы деп толық сеніммен айтуға болады.

Теміртау қаласындағы біздің Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы 2011 жылы 22 қарашада ашылды. Орталықта 8 экспозициялық зал, көркем галерея, кинодәрістік және конференц-залдар жұмыс істейді. Осы 15 жылдың ішінде Орталығымыз Қазақстан Тәуелсіздігінің тарихын насихаттайтын мәдени, ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатарынан лайықты орынға ие болып үлгерді.

Орталықтың мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихын, ауыр индустрия алыбы – Қазақстан Магниткасы мен Теміртау қаласының құрылыс тарихын, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды ашып көрсету мүмкіндіктерін кеңейту, азаматтық ұстаным, адамгершілік сенім, моральдық қағидалар мен рухани құндылықтарды қалыптастыруға қабілетті мәдени-ағарту қызметіне жастарды көбірек тарту.

Бұл міндеттерді орындау үшін біздің ұжымымызда жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануда. Орталық қорындағы экспонаттар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, елжандылық сезімін

1-сурет. Онлайн-экскурсия



оятып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілікгін арттырады. Орталықтың сайтында арнайы онлайн-экскурсиялар үш тілде жасалып, 10-15 минут көлемінде ұсынылады. Бұл алыс орналасқан туристердің біздің Орталық туралы пікірін қалыптастырып, келіп көруіне ықпал етіп, қызығушылығын арттырады.

Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асыру шеңберінде Орталықтың қызметкерлері жасанды интеллект технологиясын қолдана отырып, келешекте келушілерге смартфондарын пайдаланып, QR-код арқылы жаңартылған экспонаттарды көруге мүмкіндік берді. Себебі бүгінгі музей – тек жәдігерлерді сақтайтын орын ғана емес, тарих пен болашақты жалғайтын, заманауи технологиямен жабдықталған, жас ұрпақпен интерактивті байланыс орнататын жаңа форматтағы мәдени орта.

Жасанды интеллект (ЖИ). Орталықтағы бірнеше экспонаттарды «тірілту».

Музейлер – ұлт жадысының тірі куәгері. Музейлер заман талабына сай трансформацияланып, жасанды интеллект, виртуалды көрмелер, цифрлық архивтер мен



2-сурет. Жасанды интеллект арқылы экспонатты «тірілту»



3-сурет. QR-код экспонат туралы қысқаша ақпарат алу

интерактивті экспозициялар сияқты жаңа шешімдерді енгізуге ұмтылуы қажет. Мысалы, онлайн (вертуалды) экскурсиялар мен көрмелер, музейдегі суреттер мен экспонаттарды жасанды интеллект арқылы «тірілту», экспонаттар туралы QR-кодтар арқылы қысқаша мағлұматтар алу мүмкіндіктері пайда болды. Қазіргі уақытта музейдің құнды жәдігерлеріне QR-код орнатылған. Бұл келушілердің өз беттерінше ақпарат алуына мүмкіндік береді. QR-кодта тарихи ақпараттар 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүктелген.

Орталық қызметкері Павлик Валентина Васильевна «Иммерсивті «Қала сөйлейді» атты жобаны дайындап жатыр. «Қала сөйлейді» – бұл Теміртау көшелерін ашық музей экспозициясына айналдыратын қалалық аудиоэкскурсиялық жоба. Қаланың көрнекті нүктелерінде QR-кодтар орналастырылған. Кодты сканерлегеннен кейін адам жобаның Telegram арнасына кіреді, қажетті аудио турды таңдайды және аудио турды дәл сол жерден бастайды да маршрут бойынша жүреді.

Экскурсиялар «мұнда және қазір» қағидаты бойынша жұмыс істейді: экскурсия нақты орыннан - көше, ғимарат, алаң немесе ескерткіштен басталып, тыңдаушы





4-сурет. «Қала сөйлейді» аудиоэкскурсиясы

алдын ала жоспарланған маршрут бойынша сүйемелдейді. Қатысу үшін арнайы жабдық немесе тіркеу қажет емес, смартфон мен құлаққап жеткілікті. Жоба оқушыларға, жастарға, педагогтерге, қала тұрғындары мен қонақтарына арналған. Мұндай экскурсия музейді, қалалық ортаны және цифрлық технологияларды біріктіре отырып, жастарға Теміртау тарихымен ыңғайлы, заманауи және таныс форматта танысуға мүмкіндік береді. «Қала сөйлейді» аудиоэкскурсиясы оқиғаны қолжетімді, жанды және жеке етеді, мәдениетке деген қызығушылықты қалыптастырады.

Музей мен жасанды интеллектің бірлесуі – мәдениетті сақтаудың және оны жаңа буынға жеткізудің тиімді жолы. Басты мақсат – технологияны адамзаттың рухани байлығын толықтыруға пайдалану.

Дегенмен, бүгінгі ұрпақ ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтауы тиіс. Осы құндылықтарды қорғаумен қатар, оны келешек ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Бұл – тілімізді, ділімізді, өнер мен мәдениетімізді сол қалпында сақтау деген сөз.

Бабадан мирас болып қалған асыл мұраларымыз бен тарихи ескерткіштерімізді көздің қарашығындай сақтап, мәдениетіміздің жауһарларын әлемге паш ету арқылы біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз бен рухани қазынамызды болашақ ұрпаққа сол қалпында жеткізе аламыз. Сол арқылы ұлттық құндылықтарды бағалай білетін ұрпақ тәрбиелейміз.

Сырғыған уақыт ешкімді күтпейді, сондықтан жаңғыру да тарих сияқты жалғаса беретін үрдіс.

Дереккөз:

1. ТПТМО -ның Instagram, telegram, tiktok, feacebook парақшалары.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены эффективные способы сохранения при синергии музея и искусственного интеллекта и передачи исторического наследия будущему поколению благодаря современным технологиям.

SUMMARY

This paper explores the synergy between museums and AI as an effective means of preserving historical heritage and delivering it to future generations through advanced technologies.

ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

«АҢЫЗ ӘЛЕМІНДЕ» – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БАЛА САНАСЫНА СІҢІРЕТІН ЕРТЕҢГІЛІК

Майра ЕРМЕКБАЕВА,
ҚР Ұлттық музейі
Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің жетекшісі

Наурыз – бейбітшілік пен жақсылықтың нышаны. Көне заманнан бастау алатын бұл мейрам жаңару мен жаңа өмірдің басталу сәтін білдіреді. Ол – халқымыздың рухани бай мұрасының, бірегей ұлттық кодымыздың және үздіксіз ұрпақ сабақтастығының жарқын символы. Еліміздің батысында сақталып, бүгінде республикалық деңгейде қайта жаңғырып жатқан Амал мерекесі – Көрісу ұрпының түпкі мәні де осы дүниетаныммен сабақтас. Бұрынғы заманда қазіргідей байланыс құралдары болмаған. Қыстың қыспағында ел-жұрт кең далада әр тарапта өмір сүріп, ұзақ айлар бойы бір-бірінен хабарсыз қалған. Қыстан мал-жан аман шығу – үлкен сынақ болған. Сондықтан көктем шығып, күн жылынған шақта адамдардың сағыныса көрісуі, төс қағыстырып амандасуы – табиғи әрі өмірлік қажеттілік болған. Бұл - жай ғана амандасу емес, шүкіршілік пен тәубе, өкпе-реніштен арылу, жаңа жылды таза көңілмен қарсы алу дәстүрі.

Наурыз – күн мен түннің теңелуі, табиғаттың түлеп оянып, жаңа циклдің басталуы. Яғни бұл тек дәстүрлі мейрам емес, физикалық-астрономиялық негізі бар кезең. Ежелгі ата-бабаларымыз аспан әлемін бақылап, жұлдыздар қозғалысын, табиғаттағы алмасу-циклдерді түсіну арқылы жыл басын белгілеген. Балаларға осы танымды қарапайым тілмен түсіндіру олардың табиғат пен уақыт заңдылықтарын сезінуіне жол ашады. Егер қыстағы Жаңа жыл баланың санасында сыйлық,



шырша және сиқырлы кейіпкерлер арқылы орныкса, біз Наурызды жаңару, мейірім, бірлік пен жылылықтың мерекесі ретінде эмоциялық деңгейде бекітуге ұмтыламыз. Өйткені мерекенің идеологиялық қуаты – оның баланың қиялы мен сезіміне әсер ете алуында. Наурыздың да өз кейіпкерлері, өз символдары, өз ғажайып мазмұны бар екенін көркем түрде көрсету ұлттық мерекенің саналы түрде қалыптасуына негіз қалайды. ҚР Ұлттық музейінде жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Аңыз әлемінде» ертеңгілігі осы міндетті жүзеге асыратын тағылымды тәрбиелік құралға айналды деуге болады. Ұлттық музей бұл ертеңгілікте Наурызды балалардың қиялы мен сезіміне әсер ететін заманауи, терең мазмұнды мереке ретінде ұсынады.

Бұл – Наурызды жаңа буынның дүниетанымына сай жаңғыртудың нақты әрі маңызды қадамы. Наурыздың осындай құндылықтарын өскелең ұрпақтың санасына сіңіру - тек дәстүрді таныстыру емес, ең алдымен баланың жүрегіне жол табу. Өйткені мереке балаға әсер етпесе, оның санасында қалуы да неғайбыл. Сол себепті «Аңыз әлемінде» ертеңгілігі балалардың қиялы мен сезім әлемін қозғауға бағытталған. Жаңа жылда Аяз ата, Ақша қар, шырша, сыйлықтар баланың қиялын тербеп, мерекені эмоциялық деңгейде қабылдатқызатыны белгілі. Демек, Наурыз да балаларға әсерлі, образды, қиялға қанат бітіретін форматта ұсынылуы қажет.

Осы ұстаным негізінде «Аңыз әлемінде» қойылымы Наурызды құр ақпарат немесе тарихи дерек ретінде емес, ғажайып аңыз әлемі ретінде сахналанады. Қойылым барысында балалар тек көрермен емес, белсенді қатысушы болады. «Аңыз әлемінде» қойылымының желісі көне мифтік танымға негізделіп құрылған. Жеті қат Көк Тәңірдің Көк өгізді жерге жіберуімен басталатын сахналық көріністе Жер-Ананың ұйқыға кетуі, Жеті сұлу Үркердің жерге түсуі бейнеленеді, одан әрі Үт бикештің келуі мен Күн таласы драмалық сипатта өрбиді. Қойылым шарықтау шегіне жеткенде Қыдыр Ата Көк өгізбен, Қамыр кемпір және оның ұлдары Ақпан, Тоқпан, қызы Қалтырауықпен айқасқа түседі, жарық пен жылудың жеңісі арқылы Жаңа жылды қарсы алу салтанаты көрініс табады.

Сахна төрінде Үт бикеш пен Әз Наурыз халықтың көне ғұрыптарын – ұйқыашар мен






TURAN

селтеткізер дәстүрлерін таныстырып, Қыдыр Ата ақ батасын береді. Ертеңгілік арқан тартыс, «Қаражорға» биі секілді ұлттық ойын-сауық элементтерімен жалғасып, соңында балалар сүйікті кейіпкерлерімен естелікке суретке түсіп, мерекелік көңіл-күйге ұласады. Бұл ертеңгілік тек көркем қойылым ғана емес, терең мазмұнға негізделген дүниетанымдық сабақ деуге де болады.

Музей қорындағы құндылықтар ең алдымен келер ұрпаққа аманат етіліп сақталатындықтан, музей қызметінің маңызды бағыттарының бірі – балалардың музейге деген қызығушылығын арттыру және оларды мәдени ортаға тарту. Ол үшін дәстүрлі экскурсиямен шектелмей, заман талабына сай жаңа форматтар кеңінен қолданылып келеді. Бұл тәсіл олардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, ақпаратты тереңірек қабылдауына мүмкіндік береді. Балалар осындай іс-шараларға қатыса отырып, өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты өз тәжірибесі арқылы сезінеді.

Театрландырылған қойылымдар, музыкалық нөмірлер мен кейіпкерлер арқылы ұйымдастырылған музейлік іс-шаралар оларға үлкен әсер береді. Жәдігерлерге «жан бітіріп», тарихи оқиғаларды сахналық түрде көрсету баланың эмоциялық қабылдауын күшейтіп, тарихи ақпаратты есте сақтауын жеңілдетеді. Педагогикалық зерттеу еңбектерінде бала тәрбиесінде әсер мен қиялдың маңызы ерекше екені айтылады. Айталық, М. Жұмабаев бала табиғатын қиялға бейімдеп сипаттаса, Ж. Аймауытов тәрбиенің нәтижесі баланың жан дүниесіне ықпал ету арқылы қалыптасатынын жазады. Демек, сахналық қойылым, кейіпкер арқылы көрсету, образбен жеткізу – қазақ педагогикалық ойының өзегіне сай келетін әдіс.

Осы тұрғыдан алғанда, Наурыз ертеңгілігі – жай ғана мерекелік шара емес, этнопсихологиялық негізі бар тәрбиелік құрал. Қазақ этнопсихологиясында дүниені миф, аңыз, символ арқылы қабылдау, табиғатпен тұтастықта сезіну ерекше орын алады. «Аңыз әлемінде» сияқты қойылымдар баланың ұлттық дүниетаныммен эмоциялық байланысын күшейтіп, оның санасында көктемді жаңару, мейірім, бірлік ұғымдарымен сабақтастырады. Балалардың көзіндегі шынайы қызығушылық, сахнадағы оқиғаға сенуі, кейіпкерлерге еліктеуі - Наурыздың олардың жүрегіне жеткенінің айқын дәлелі деуге болады. Ал жүрекпен қабылданған құндылық уақыт өте келе санада берік орнығып, ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігіне айналады. Сондықтан мұндай ертеңгіліктер балаларға тек мерекелік көңіл-күй сыйлап қана қоймай, олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді, ұлттық құндылықтарды терең түсініп, жүрегіне жеткізудің тиімді әдісі болып табылады.

«Аңыз әлемінде» – Наурыз мейрамын тек еске алу емес, оны жаңа буынның дүниетанымына бейімдеп, қайта жандандыру үлгісі. Мұндай жобалар арқылы музей тек өткеннің сақтаушысы ғана емес, келешек ұрпақтың құндылықтық бағдарын айқындайтын маңызды тәрбие алаңына айналады.

РЕЗЮМЕ

В статье отмечается важная роль детского спектакля «Аңыз әлемінде», приуроченного к празднику Наурыз. Постановка не только знакомит юных зрителей с традиционными ценностями, но и воспитывает в них порядочность, смелость и доброту.

SUMMARY

The article emphasizes the importance of the children's performance 'Anyz Aleminde', staged in celebration of Nowruz. Beyond sharing traditional heritage, the play instills a sense of decency, bravery, and compassion in children.

МӘДЕНИ ЖАДЫ

ДӘСТҮРЛІ КИІМНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Ләззат МЫРЗАШЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті

Киім тек денені жабатын зат қана емес, ол жеке тұлға мен қоғамның болмысын айқындайтын маңызды мәдени символ болып табылады. Тарих барысында киім қоғамдардың әлеуметтік құрылымын, діни наным-сенімдерін, экономикалық жағдайын және эстетикалық талғамын айқын бейнеледі. Осы тұрғыдан алғанда, киім қоғамның мәдени болмысының көрнекі көрінісі саналады. Бұл мақалада киімнің мәдени бірегейлікті қалай қалыптастыратыны және оны қалай көрсететіні талданады.

Мәдени бірегейлік – жеке тұлғаның белгілі бір мәдени топқа тиесілі екенін сезінуі және осы тиесілілікті нақты белгілер арқылы сырттай көрсетуі. Киім мәдени бірегейліктің ең маңызды әрі көрнекі сыртқы көріністерінің бірі болып саналады. Тарих барысында әртүрлі қоғамдар өз болмысын рәміздер, өрнектер мен киім үлгілері арқылы білдіріп отырды. Мысалы, Османлы дәуірінде кафтан мен тақия әлеуметтік мәртебені ғана емес, сонымен қатар діни бірегейлікті айқындайтын маңызды символдарға айналды (Ассман, 2011).

Киім мәдени бірегейліктің бөлігі ретінде әлеуметтік мәртебені де білдіреді. Жеке адамның киімі оның қоғамдағы орнын, мамандығын, экономикалық деңгейін көрсете алады. Ортағасырлық Еуропада байлық түрлі-түсті және қымбат маталар арқылы көрсетілді, байлар барқыт пен жібек сияқты асыл материалдардан тігілген киімдерді кисе, кедейлер қарапайым және арзанырақ киімдерді таңдады (Бурдье, 1984).

Бұл тұрғыда киімнің әлеуметтік иерархиядағы рөлі айтарлықтай маңызды.



Бүгінгі таңда қазақ әйелдерінің дәстүрлі киім үлгілері мен формалары күрделі өзгерістерден өтіп, қайта жаңғыруда. Соңғы жылдары ұлттық киім саласында орын алып жатқан түбегейлі жаңаруларды зерделеу мәдени жадыны сақтаудың, ұлттық бірегейлікті нығайтудың маңызды тетігі ретінде үлкен ғылыми әрі қоғамдық қызығушылық тудырып отыр.

Бұл процестердің негізінде дәстүрлі киімді заманауи, стильдік және әлеуметтік тұрғыдан қолайлы формаларға айналдыру үрдісі жатыр.

Мәселенің өзектілігі соңғы жылдары дәстүрлі киімді насихаттау, оны пәнаралық ғылыми зерттеулердің маңызды объектісіне айналдыру, осы салада жұмыс істейтін зерттеушілердің, сондай-ақ мәдени мұра және ұлттық бірегейлік мәселелеріне қызығушылық танытатын кеңірек аудиторияның назарын аудару бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстармен түсіндіріледі. Сонымен қатар, ұлттық мәдени мұраны сақтау және тарихи сананы нығайту Қазақстанның рухани даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі ретінде айрықша маңызға ие.

Осы тұрғыда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV сессиясында қазақстандық мәдениет пен бірегейлікті нығайтудың маңыздылығына тоқталып: «Ұлттық киім – ұлттық мәдениеттің жарқын көріністерінің бірі, сондықтан ұлқыздарымыздың ұлттық киімдерді мереке күндері ғана емес, күнделікті өмірде де кигені өте жарасымды әрі орынды болар еді», – деп атап көрсетті. Шынында да, дәстүрлі киімдегі өзгерістерді талдау халық мәдениетіне тән іргелі белгілерді анықтауға және оның қазіргі жағдайда дамуына жаңа серпін бере алатын маңызды үрдістерді ашуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс дәстүрлі киімнің трансформациясын, оның мәдени жадтағы рөлін, ұлттық болмыспен байланысын түсінуге мүмкіндік тудырды. Ал тарихи-жүйелі әдіс, керісінше, киімнің тарих бойғы өзгерістерін жүйелі негізде талдауға жол ашты. Пәнді жаңа көзқараспен қарау кезінде объективтілік пен сыни бағалау қағидаттарына басымдық берілді. Сонымен қатар, зерттеу киімге қатысты ғылыми зерттеулердегі негізгі тұжырымдамалар мен идеяларды жүйелі зерделеуге дискурстық талдауды қолдана отырып ықпал етті.

Теориялық тұрғыдан, есте сақтау тек жеке тәжірибеге ғана қатысты емес, ол өткенді де, болашақты да түсінуге мүмкіндік беретін ұжымдық өрістің бір бөлігі ретінде қаралады. Бұл шеңберде киім тек утилитарлық функцияны орындайтын элемент емес, ол жеке адамның, қоғамның және тарихи-мәдени жадының маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.

Адамдар өздерінің кім екенін көрсету үшін киім таңдауын пайдаланады (Ван Геннеп, 1960). Дегенмен, сәйкестік пен киім арасындағы байланысты түсіну үшін алдымен адамдар өздерінің жекебасынқалайқалыптастыратынын және қабылдайтынын түсіну маңызды. Киімнің көбін бір қарағанда әйелге немесе ер адамға арналған деп бөлуге болады, алайда мәдени әсерлер, жыныстық бағдар және әлеуметтік рөлдер сияқты факторлар киім арқылы көрініс табуы мүмкін. Нақты мәселе – әйелдер мен ерлердің өздерінің гендерлік сәйкестіктерін қалай қабылдайтынында немесе бұл қабылдау олардың әлеуметтік рөлімен қалай байланысатынында.

Сән тарихшылары көбінесе ер адамдар сәннен аулақ болып, сабырлы және лайықты көріністі ұстанды деп тұжырымдайды. Ерлер мен әйелдердің киімдерінің арасындағы айырмашылық белгілі бір кезеңдерде және кейбір мәдениеттерде басқаларға қарағанда айқынырақ болды. Мысалы, киімдегі гендерлік бөліну XIX ғасырға дейін нақты айтылмаған деп есептеледі.

XVIII ғасырда буржуазия мен дворяндардың жоғарғы эшелондары арасында әйелдер мен ерлер шілтерлерді, бай барқыттарды, жұқа жібектер мен кестелерді, әшекейленген аяқ киім мен бас киімдерді бірдей қолданды, сонымен қатар шаш үлгісін жасауға, парик киюге және косметика қолдануға бірдей қызығушылық танытты. Алайда, XIX ғасырдың аяғына қарай ерлер мен әйелдер биологиялық жағынан әртүрлі болғандықтан, әрқайсысы өзіне тән әлеуметтік рөлдерді атқаруы тиіс деген пікір қалыптасты.

Сонымен қатар, XIX ғасырда таптық құрылым ерлерге қарағанда әйелдерге көбірек әсер етті. Әйелдерге, олардың таптық мәртебесіне қарамастан, тек шектеулі заңдық және саяси құқықтар берілді. Сондықтан осы кезеңдегі киім әйелдердің әлеуметтік рөлін қалыптастыратын жалпы қабылданған

шектеулі көзқарасты бейнеледі.

Гендерлік рөлдердің үстемдігі бізді киімнің таптық аспектілерін зерттеуге жетелейді. Әртүрлі әлеуметтік топтардағы әйелдердің киімін зерттеу арқылы қоғамның әлеуметтік құрылымы туралы көптеген ақпарат алуға болады. Патриархалдық қоғамдарда, әйелдер ерлердің меншігі ретінде қарастырылған кезде, олардың киімі де ерлердің байлығының көрінісі болып табылады. Қазіргі қоғамда, отбасын әлеуметтік бірлік ретінде қарастырғанда, әйелдердің киімі көбіне олардың үй шаруашылығына тиесілі байлықты көрсетеді.

Орта таптағы үй шаруасындағы әйелдер көбіне аз бюджетті болғандықтан, жоғары таптың киім үлгілеріне еліктеуге тырысады, ал жұмысшы таптағы әйелдердің сыртқы келбетін жақсартуға арналған ресурстары әлдеқайда шектеулі. Бұл жағдай әйелдерді үйге байлап, оларды қоғамдық өмірден шеттетуге ықпал етеді.

Тарихи гендерлік еңбек бөлінісінен бастап әйелдер жүкті болу, бала тәрбиесі және үй шаруасының ауыртпалығын көтеріп, қоғамдық өмірге толық қатыса алмады. Сонымен қатар, орта және жұмысшы таптағы жалғызбасты әйелдердің атқаратын рөлдері сол кездегі қалыптасқан гендерлік нормаларға қайшы келді, өйткені бұл әйелдер белгілі бір дәрежеде материалдық тәуелсіз болды.

Шынында да, ерлер киімі француз төңкерісіне дейінгі дәуірде ақсүйектердің құндылықтарын жоққа шығаратындай қарапайым, тұрақты және беделді сипатқа ие болғанымен, ол үнемі даму үстінде болды. Сол кезеңде киімнің түрлері әлеуметтік топты көрсетуге және заманауи құндылықтарды символдық түрде бейнелеуге қызмет етті. Еркек бейнесі мен еңбек арасындағы байланыс орта таптағы ерлердің киім таңдауын жұмыс және мансаптық құндылықтармен тығыз шектеді, ал кәсіби табысқа жету арқылы олар өздерінің әлеуметтік беделін көрсету мүмкіндігіне ие болды (Entwistle, 2000, 197 б.).

Өнеркәсіптік революциядан кейін дайын киім кеңінен таралып, киімнің экономикалық құндылығы біртіндеп төмендеді. Бұрын киім-кешек адамның ең қымбат мүліктерінің бірі болып саналып, төменгі тап өкілдері жаңа киімге қол жеткізе алмаған. Қолжетімді киімге қол жеткізу жеңілдеген соң, әркім өз әлеуметтік жағдайына қарамастан жоғары сыныптарға еліктеудің орнына өзіне тән жеке стиль қалыптастыру мүмкіндігіне ие болды.

Көптеген иммигранттар келгенде өздерінің дәстүрлі киімдерін тастап, киімді ескі болмысты жою және жаңасын қалыптастыру құралы ретінде пайдаланды. Бұл киімнің жеке тұлғаға әсер етуінің айқын көрінісі болып табылады. Таптық қоғамдарда әр таптың өзіндік бірегей мәдениеті бар, бірақ таптар басқа таптармен белгілі құндылықтарды, мақсаттарды және гендерлік идеалдарды да бөліседі. Киім стильдері мен әртүрлі материалдардың үйлесімі әр әлеуметтік топ үшін өзіндік ерекшелігі мен символдық мәнге ие болады.

Кейбір танымал музыкалық жанрлар сияқты, киім стильдері де мақсатталған әлеуметтік топ үшін мағыналы болып табылады, алайда бұл көбінесе осы әлеуметтік контексттен тыс адамдарға түсініксіз болып қалады. Осындай идеалдардың киім арқылы берілуі сән циклінің қалыптасуына әкелді, оны түсіндіру үшін әртүрлі теориялар жасалды.

Сән мен киім мінез-құлқының ең танымал теориясын Веблен ұсынса, оны Зиммель әрі қарай дамытты. Бұл теория бойынша сән әлеуметтік құрылымның жоғарғы жағындағы элитадан басталып, төменгі топтардың оны еліктеу арқылы қабылдауы нәтижесінде төменге таралады. Төменгі орта тап пен жұмысшы табының жоғарғы қабаттарына жеткенде, сән өз тартымдылығын жоғалтады, алайда жоғарғы таптар оны символдық мәртебенің белгісі ретінде пайдаланып, төменгі қабаттардан ерекшелену үшін жаңа сән тенденцияларын құрастырады.

Зиммель теориясы жаңа стильдердің кеңінен қабылдануын болжайды. Алайда теорияның негізгі кемшілігі – сән дизайнерлерінің немесе қолданушылардың ниетіне қарамастан, сәнді тек әлеуметтік таптың символы ретінде қарастырады деген редукционистік болжамда жатыр. Бұл стильдерді кім қабылдайтыны немесе қабылдамайтыны, олардың қазіргі әлеуметтік мәртебесіне немесе ұмтылатын мәртебесіне қарамастан маңызды сұрақ болып табылады. Киім таңдауда адамның кәсібі, жынысы, жасы, бос уақыты, этникалық және діни көзқарастары сияқты көптеген факторлар әсер етеді.

Зиммель теориясының кемшіліктерін ескере отырып, балама тәсіл ретінде Блюмердің

ұжымдық таңдау теориясы ұсынылады. Бұл теория мәдени бұқаралық бағалауға сүйене отырып, сәннің таралу процесі Зиммель сипаттаған қарапайым үрдістен күрделірек екенін және ол әлеуметтанулық мәні бар «ұжымдық мінез-құлық» зерттеуінің бірнеше аспектілерін қамтитынын көрсетеді.

Блюмер киімді тек әлеуметтік тапты айқындайтын құрал ретінде қарастырудан гөрі, ұжымдық көңіл-күйді, талғамдарды және артықшылықтарды егжей-тегжейлі талдауды ұсынады. Оның пікірінше, сән уақытпен және заманауи тенденциялармен тығыз байланысты жалпы мәдени үрдіс ретінде дамиды. Сондықтан таптық қатынастарға қарамастан, сән әрдайым кеңейіп, өзгеріп отыратын әлеуметтік өріс болып табылады.

Сәйкестендірудің басқа элементтері сияқты, киім де ұлтты білдірудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Күнделікті киім мен формалар арқылы ұлттық рәміздер, түстер және фольклорлық элементтерді бейімдеу арқылы «банальды ұлтшылдық» жаңғырығы жүзеге асады (Булаг, 2004).

Осылайша халықтың «ұлтқа» деген күнделікті адалдығы қамтамасыз етіледі. Сол арқылы белгілі бір шекара ішінде тұратын адамдарды ортақ ұлттық мәдениетке біріктіру әрекеті жүзеге асады, бұл ұлтты «ойдан шығарылған» саяси қауымдастық ретінде қабылдауды талап етеді. Дәлірек айтқанда, ортақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру арқылы ұлттық бірлік нығаяды және халық ортақ әлеуметтік-мәдени кеңістікке енеді.

Сонымен, жалпы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру айырмашылықтарды жою немесе елемеу арқылы бір саяси бірлік ішіндегі тұлғаларды «теңестіру» қызметін атқарады. Сонымен бірге ол ұлттық шекаралар шегінде «қорғалған» буржуазияның мүдделерін өз еңбегінен басқа сататын ештеңесі жоқ жұмысшы табының мүдделерімен сәйкестендіруге негізделген әлеуметтік таптық жобаны жүзеге асырады. Осы кезде ұлтшылдық «басқаларды» шеттету және олардың өмір сүру құқығын шектеу арқылы «қалыпты» саналған нормалардың ауқымын кеңейтіп, ұлттық бірлікті нығайтады.

Мемлекеттегі негізгі ұлттан өзгеше белгілері бар азаматтар өздерін шетте қалғандай сезінсе, олардың ұжымдық сәйкестік іздеуі кейде бәсекелес ұлтшылдыққа немесе тіпті ұлттық мемлекеттен бөлінуге ұмтылыстарға әкелуі мүмкін.

Біріншіден, бұл тәсіл мультикультурализмге сүйене отырып, қара нәсілділерді, әйелдерді, жергілікті халықтарды, этникалық-діни азшылықтарды және гомосексуалдарды қоғамдағы шеттетуден қорғауды көздейді. Екіншіден, кейбір жағдайларда жаңа ұлттық мемлекеттерді құру үшін күш қолдану мүмкіндігін қарастырады.

Киім сондай-ақ адамның діни сенімі мен аймақтық шығу тегін айқын көрсетуі мүмкін. Киімнің пішіні мен материалы арқылы адам тек табиғатпен ғана шектелмей, басқа да әлеуметтік және мәдени белгілермен үйлеседі. Мысалы, денеге тығыз жабысатын еврей киімі – куттонет – тұлға мен оның бірегейлігін білдіреді, ал жиектеріндегі кестелер мен жалпы пішіні денені табиғаттан айырады.

Діни киім кез келген қоғамда немесе қауымдастықта, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық немесе жеке ортада діни бірлестіктердің маңызды көрінісі болып табылады. Адамдар дәстүрлі рәміздерді киім арқылы бейнелеп, өздерінің діни сенімін көрсету арқылы рухани өмірін байытқысы келетінін білдіруі мүмкін. Оны жеке тұлға ретінде көрсету немесе өздерінің сенімін білдіру күресі ретінде де түсіндіруге болады. Кейде адамдар белгілі бір діни ұстанымды қабылдау немесе рәмізбен безендірілген киімді кию арқылы қоғамдық ортада көрінгісі немесе танылғысы келеді. Осылайша, киім әлеуметтік және діни функцияларды орындайды.

XIX-XXI ғасырларда қазақтың дәстүрлі киім үлгілері мен формалары олардың өмір салты, саяси құрылымы, мәдени құндылықтары және басқа этностармен қарым-қатынасы саласындағы терең өзгерістерді айқын көрсетеді. Дәстүрлі киімнің эволюциясын және трансформация процесін шамамен үш кезеңге бөліп қарауға болады: XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы, 1917–1940 жылдар аралығы және екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең.

Бірінші кезең Ресей империясының Орталық Азияға қарқынды енуімен байланысты. Сол кезеңде қоғамдық өмірдің дәстүрлі негіздері жалпы сақталғанымен, жаңа элементтер де пайда бола бастады. Өзгерістер тек әкімшілік басқару мен күнделікті өмірге

ғана емес, өмір салтына да әсер етіп, зерттеу нысанына айналған дәстүрлі киімдерге де ықпал етті. Сауда қатынастарының дамуы және тауар айналымының артуы маталардың, киімнің өзгеруіне алып келді. Мысалы, матаның ендеріндегі өзгерістер киімнің кесілуі мен пішініне тікелей әсер етті.

Дәстүрлі киімнің өзгеруіне қатысты екінші кезең Кеңес өкіметінің орнауымен тығыз байланысты болды. Бұл кезең қазақ халқының тарихи тағдырына, мәдениетіне және күнделікті өміріне түбегейлі өзгерістер әкелді.

Киімдегі өзгерістер ер адамдарда айқын байқалды. Бұл ерлердің әлеуметтік өзгерістерге жылдам бейімделіп, еуропалық үлгідегі киімдерге көбірек бет бұруымен түсіндіріледі. Ал әйелдер киімі салыстырмалы түрде өзгерістерге төзімді болып қалды: бұл кезеңде дәстүрлі киімдер түбегейлі өзгермей, тек кейбір элементтерде шектеулі жаңарулар болды.

1920 жылдардағы қазақ киімдері өңірдегі экономикалық жағдайдың төмендегенін көрсетеді. Этнограф-зерттеуші А. Диваевтің айтуынша, бұл кезеңде қажетті маталардың тапшылығына байланысты іш киімдер мақта матадан, ал сырт киімдер үйде тоқылған, табиғи түсті шекпеннен (қалың жүннен) тігілген (Орынбаева, 2020; 66).

Дәстүрлі киімнің өзгеруіне саяси және экономикалық институттардың ықпалы да айтарлықтай болды. 1920 жылы ұжымдастыру басталып, өнеркәсіптің жеке салалары құрылды; КСРО-дағы социализмді дамыту аясында әйелдерді өндіріс пен қоғамдық өмірге тарту саясаты да осы процестің негізгі факторларының бірі болды. Білікті жұмыс күшіне деген сұраныс қазақ әйелдерін жаңа мамандықтарды игеруге мәжбүр етті. Осы кезеңнен бастап әйелдер дәстүрлі қамзолдың орнына жеңсіз қысқа күртеше киіп, фабрикада тігілген сырт киім мен аяқ киімді қолдана бастады. Үшінші кезең Екінші дүниежүзілік соғыс пен соғыстан кейінгі жылдарға сәйкес келеді.

Соғыс қазақ халқының ғана емес, бүкіл елдің өміріне елеулі әсер етті. Азық-түлік тапшылығы айқын сезіліп, басқа қажеттіліктер екінші жоспарға қойылды. Сондықтан соғыс жылдарындағы киімнің дамуын, оның жаңа элементтермен толықтырылуын, қандай өзгерістерге ұшырағанын және сол кезеңдегі сән үрдістерін жан-жақты талдау қиынға соғады.

XIX және XXI ғасырларда қазақтың дәстүрлі киімінің трансформациясын бірнеше іргелі өлшем бойынша қарастыруға болады. Тарихи-хронологиялық тұрғыдан алғанда, XIX ғасырда қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстанып, киімнің басты қызметі суықтан, желден және ыстықтан қорғау болған.

Бұл дәстүрлі сипаттамалар негізінен XX ғасырда сақталғанымен, Ресейдің ықпалы бірте-бірте күшейе түсті. Фабрикада шығарылатын матаның көбеюі, кесінділер мен пішіндердің өзгеруі, жаппай урбанизация және отырықшы өмірге көшу, сонымен қатар киімді стандарттау және кеңестік сәннің әсері осы процестің көрнекті элементтері болып табылады. Осы дамудың нәтижесінде ұлттық киім күнделікті өмірден алынып, негізінен сахна мен фольклор элементі ретінде қалды, оны көбіне мерекелер мен салтанатты жиындарда киеді (Исембердиева, 2025).

XXI ғасырда этникалық мәдениетке деген қызығушылық қайта оянып, дәстүрлі элементтерді заманауи сәнге (мысалы, этностиль, этнодизайн) енгізу, сондай-ақ кино мен халықаралық сән көрсетілімдерінде ұлттық нақыштарды көрсету әрекеттері қарқын алды.

Мәдени-семантикалық тұрғыдан алғанда, қазақ қоғамында киім күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-коммуникативтік мағынаны білдіретін семиотикалық жүйе қызметін де атқарған. Киім адамның жасы, әлеуметтік жағдайы, жынысы, сондай-ақ олардың ата-тегі, этникалық және аймақтық шығу тегі туралы ақпарат беретін маңызды мәдени код болып саналды.

Бұл ойды белгілі фольклортанушы Нұрсан Әлімбай былайша түсіндіреді: «Дәстүрлі киім мен киім тек материалдық қажеттіліктерді қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар эстетикалық, сиқырлы, жасқа байланысты, әлеуметтік-гендерлік (мысалы, тұрмыстық әйел киімі) функцияларды, сондай-ақ моральдық, рухани-адамгершілік және таптық қызметтерді жүзеге асырды. Басқаша айтқанда, халық киімі аталған әртүрлі функцияларды біртұтас жүйе ретінде жүзеге асырады және бұл қызметтер бір-бірімен тығыз байланысты болып, этноинтеграциялық да, этнодифференциациялық да рөлдерді

атқарады. Осыған байланысты дәстүрлі киім семиотикалық тұрғыдан ерекше мәнге ие және өзіндік белгілер жүйесін көрсетеді. Демек, халық киімі мен оның элементтерін оның көпқырлы өмірлік және әлеуметтік-мәдени функциялары тұрғысынан әлеуметтік қатынастар жүйесінің «аспаптық» элементтері ретінде қарастыруға болады (Kazakh Traditional…, 2009: 7).

Түпнұсқалық семантикалық мән жиі жоғалып немесе анықсызданады, сондықтан киім мәдени білімнің күрделі тасымалдаушысы рөлінен алыстап, көбінесе көрнекі сәйкестік пен этникалық бірегейліктің символы ретінде қабылданады. Қоғамдық-саяси тұрғыдан қарағанда, империялық және кеңестік биліктің ықпалы қазақтың дәстүрлі киім үлгілерінің біртіндеп жойылуына, ұлттық формалардың ұмытылуына әкелді. Осы кезеңде киім идеологиялық бақылау мен мәдени біртектілік құралына айналды.

Қорытындылай келе, киім саяси, әлеуметтік және мәдени деңгейлерде маңызды көрсеткіш ретінде қызметін атқарып, белгілі бір әлеуметтік топтарға бағытталады. Ол символдық түрде кейбір топтарды айқындап, енді бірін жоққа шығарады. Баламалы киім кодтары да оларды тұтынушыларды саяси, мәдени және әлеуметтік кеңістікте белгілі бір мінез-құлық үлгілеріне бағдарлайтын тиімді символдық құралға айналады.

Бұл мәселе таптық күрес контекстінде аса маңызды, өйткені субъектілер қоғам құрылымында семантикалық әрі таңбалық тұрғыдан елеулі қызмет атқарады. Сондықтан киім қоғамдардың қалыптасу және даму процестері туралы мол ақпарат береді. Таптық қоғамдарда көптеген киім кодтарының басым бөлігі адамның қай әлеуметтік санатқа жататынын айқын көрсете білді.

Киім мен этникалық сәйкестік арасындағы байланысты талдау тұлғаның символдық өлшемі көрнекі түрде бейнеленетін киім арқылы қалай айқындалатынын көрсетеді. Осы тұрғыда этникалық бірегейліктің гендерлік, таптық және діндік компоненттері қарастырылды. Гендерлік тұрғыдан алғанда, субъектілер киімді гендерлік рөлдердің символдық шекараларын қалыптастыру әрі оларды бұзу құралы ретінде пайдаланылатыны дәлелденді. Басқаша айтқанда, жыныстық айырмашылықтар киім арқылы символдық үлгілерге енеді. Сондықтан гендерлік теңсіздіктер киім мен сәнге қатысты бейімділік арқылы көрініс табады. Сол сияқты, адамдар топтарының экономикалық айырмашылықтарына негізделген әлеуметтік таптар киім арқылы көрінетін теңсіздіктерді айқындайды.

Қазақстанда ұлттық киімге деген көзқарас тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде түбегейлі өзгеріске ұшырап, дәстүрлі киім этникалық мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қайта бағалана бастады.

Бүгінгі таңда дәстүрлі киім элементтері ұлттық өзіндік сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастыруда, сонымен қатар тарихи сабақтастықты сақтауда тиімді құрал ретінде кеңінен қолданылады. XX ғасырда, әсіресе Кеңес Одағы кезінде эстетикалық талғам минимализмге ойысып, киімнің функционалдығы мен қарапайымдылығы басымдыққа ие болды. Осы кезеңде жарқын түстер мен бай ою-өрнектерден бас тарту үрдісі байқалды.

Алайда, XXI ғасырда ұлттық сән индустриясында сәндік элементтерді қарқынды пайдалану үрдісі күшейіп, қазақтың дәстүрлі нақыштарын заманауи тұрғыда қайта пайымдау және бірегей визуалды код жасау үдерісі жандана түсті.

РЕЗЮМЕ

Рассматриваются казахские национальные костюмы и искусство одежды в разные исторические периоды. Обсуждаются изменения традиций в одежде в зависимости от социальной структуры, религиозных верований и экономического положения народа.

SUMMARY

The article explores Kazakh national costumes and the art of dressing across different historical periods. It discusses how clothing traditions have evolved in relation to the social structure, religious beliefs, and economic conditions of the people.

МАВЗОЛЕЙ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ – СИМВОЛ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ

Аида СМАЙЛОВА,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави, расположенный в городе Туркестан, является одним из наиболее значимых архитектурных и духовных памятников Казахстана и всего тюркского мира. Он представляет собой уникальный историко-культурный феномен, в котором сосредоточены религиозные традиции, художественные достижения и политические процессы нескольких эпох. Возведённый в конце XIV века по приказу эмира Тимура, мавзолей стал не только усыпальницей великого суфийского мыслителя, но и символом духовного центра степного пространства. Его монументальный облик на протяжении столетий формировал культурное самосознание народа и продолжает выполнять функцию символического ядра национальной памяти.

Архитектура как вид искусства обладает особой способностью фиксировать историческое время и транслировать его через материальную форму. В отличие от текстов и устных преданий, архитектурное сооружение сохраняет память в пространственной структуре, масштабах, пропорциях и декоративной системе. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави представляет собой сложный архитектурный комплекс с портально-купольной композицией, включающей центральный зал, вспомогательные помещения и развитую систему внутренних пространств. Монументальный портал задаёт торжественный характер всему сооружению, а огромный купол подчёркивает сакральность пространства. Архитектурная выразительность достигается гармоничным сочетанием объёма и декора, геометрической чёткости форм и богатства орнаментального оформления.

Символика элементов сооружения играет важную роль в формировании культурной памяти. Купол традиционно интерпретируется как образ небесного свода и духовного возвышения, портал – как граница между мирским и сакральным миром, а каллиграфические и орнаментальные композиции отражают философские и религиозные представления эпохи. Таким образом, архитектурная форма становится своеобразным текстом, который можно «читать» через анализ его конструктивных и художественных особенностей. В этом заключается феномен архитектуры как носителя коллективной памяти.

Понятие культурной памяти связано с сохранением значимых для общества образов, символов и смыслов, которые передаются из поколения в поколение. Мавзолей в данном контексте выступает как пространственный маркер исторической преемственности. Его образ закреплён в образовательных программах, научных исследованиях, туристических маршрутах и государственной символике. Он формирует представление о духовных истоках нации и служит точкой идентификации культурного пространства Казахстана. Туркестан воспринимается как сакральная территория, а сам мавзолей – как центр притяжения исторической памяти.

В условиях глобализации и активного развития цифровых технологий способы сохранения и репрезентации культурного наследия претерпевают изменения. Современное общество всё чаще взаимодействует с историческими объектами через медиасреду, виртуальные реконструкции и дизайнерские интерпретации. Простое визуальное воспроизведение памятника уже не удовлетворяет потребность в глубоком понимании его структуры и значения. Возникает необходимость создания интерактивных форм, способных вовлекать человека в процесс познания и осмысления.

Одним из перспективных направлений становится разработка объемных моделей исторических сооружений, в том числе в формате 3D пазлов. Такой подход позволяет соединить архитектурный анализ, цифровое моделирование и современные производственные технологии. В отличие от традиционных изображений, трёхмерная модель предполагает изучение пропорциональной системы, конструктивной



логики и пространственной организации объекта. Процесс сборки модели становится активным действием, в ходе которого пользователь поэтапно воссоздаёт форму памятника, тем самым углубляя понимание его архитектурной структуры.

Создание 3D пазла мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави рассматривается как способ актуализации культурной памяти через дизайн и производство. Разработка подобного изделия требует комплексного подхода, включающего историко-архитектурный анализ, цифровое проектирование, выбор материалов и технологических решений. На этапе моделирования проводится детальное изучение пропорций, силуэта и декоративных элементов здания. Затем создаётся упрощённая, но узнаваемая конструктивная схема, адаптированная к принципам сборной модели.

Особое значение имеет технологический аспект производства. Применение цифровой печати обеспечивает точную передачу цветовой гаммы и орнаментальных мотивов, а лазерная резка позволяет добиться высокой точности деталей и аккуратности соединений. Важно учитывать и экологическую составляющую, выбирая перерабатываемые и безопасные материалы. Таким образом, проект объединяет традиционное культурное содержание и современные производственные стандарты.

3D пазл в данном контексте выступает не просто как сувенирная продукция, а как инструмент материализации культурной памяти. В процессе сборки человек не только воспроизводит архитектурную форму, но и вступает в диалог с историей. Каждая деталь модели символически соотносится с реальным элементом здания, что способствует формированию пространственного мышления и более глубокому пониманию архитектурной композиции. Интерактивный формат усиливает эмоциональную связь с памятником и делает процесс изучения наследия более осознанным.

Современный дизайн играет роль посредника между историческим наследием и актуальной культурной средой. Он позволяет переосмыслить традиционные образы и представить их в форме, понятной и привлекательной для молодого поколения. Визуальная интерпретация сакральной архитектуры через трёхмерное моделирование демонстрирует, что культурная память может быть не только сохранена, но и трансформирована в соответствии с требованиями времени. Технологический объект при этом становится носителем исторического смысла и средством его передачи.

Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави остаётся одним из важнейших символов культурной памяти Казахстана. Его архитектурный образ объединяет духовную традицию, художественное мастерство и историческую преемственность. Интеграция этого образа в современную дизайнерскую практику через создание 3D пазла открывает новые возможности для сохранения и популяризации наследия. Такой подход позволяет соединить научный анализ, технологические инновации и образовательные задачи, формируя устойчивую связь между прошлым, настоящим и будущим. В условиях стремительно меняющегося мира именно подобные проекты обеспечивают актуальность культурной памяти и её передачу следующим поколениям.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мәдени жады мен ұлттық бірегейліктің символы ретінде қарастырылады. Кесене негізінде әзірленген 3D пазл тарихи мұраны сақтаудың және насихаттаудың заманауи тәсілі ретінде сипатталады.

SUMMARY

The article examines the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi as a symbol of cultural memory and national identity. The development of a 3D puzzle based on the monument is presented as a modern approach to preserving and promoting historical heritage.

ТҰРМЫС ТАҒЫЛЫМЫ

ҚАЗАН ТҮБІНДЕГІ САҚАР ИІСІ

әңгіме (очерк)

Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ,
жазушы,
ҚР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

Күйіп тұрған қымбатшылық заманда «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей, дүкеннен алатын қара сабынға дейін құтаймайтын болды. Үш-төрт ойын баласының киімдерін күн аралатып жуғанның өзіне сатып алған 3–4 қара сабыны бір аптадан аспайды. Ескі «Белорусь» тракторына да, өзіне де тыным таптырмайтын отағасы Ағзамның да (бұл кісінің де атын өзгерттім) қара майға шыланған киімдерін жуып, тазалау дегенде сабын мен кір жуатын ұнтақты құтайтпайды-ақ. Ағзамның тапқан аз қаржысы бала-шағаның ас-суынан-ақ артыла бермейді. Ал келіншектің өз үйінің шаруасынан қолы босамайды.

Балаларының киім-кешектерін кір сабынның екі-үш тағандарымен жуғанның ырымын түсірген соң Рәзия (бұл кісіге де басқа есім бердім) тосын бір шешімге келген.

Шешесі марқұм, тіпті ол ғана емес, сол кездегі бүкіл ауыл әйелдерінің барлығы қара сабынды өздері-ақ қолдан даярлап алатындарын есіне түсірген. Ол көп ойланып отырмай-ақ ауылдың желке тұсындағы күздегі қойшылардың жұртында ну болып өсіп тұрған алабота құрайының біразын орып әкелуді азамат болып қалған ұлы Санжарға тапсырды.

– Қызуы жоқ алабота отын болып қарық қылмайды емес пе? Оны қайтесіз? – деген ұлына: «Оны қайтетінімді көресің ғой», – деп, әңгімені қысқа қайырған. Сөйтті де бір керегі болар деген оймен қыста соғымға сойған сиырдың жинап қойған сүйектерін қара қазанға тоғытып, толтыра суын құйып, қазан астына от жаққан. Сүйектердің сорпасы қайнай бастағанда-ақ бетіне балықкөз май шыға бастаған. Сорпа буланып, азая бастағанмен, бетіне шыққан май қалыңдай бастаған. Бір ет асымдай уақыт өткен соң, отты сөндіріп, қазанның бетін қақпағымен жауып қойды.

Бір арқа орылған алабота құрайын көтеріп келген ұлы:

– Тәте, ет асып отырсыз ба? – деді біраздан бері қызылсырап жүргенін білдіргендей.

– Жоқ, балам, соғымның сүйектерінің майын алайын деп қайнаттым.

Ұлы «Оны қайтесіз?» деген сауалды қоймаса да, Рәзия жауабын тұспалдап қана айтқан.

– Оны ертең көресің, балам. – Ұл «Не істесеңіз де өзіңіз білесіз» дегендей велосипедіне мініп, кеткелі тұрғанда шешесі:

– Балам, алаботаңды жайып қой. Әбден кепсін, – деген.

Ертеңіне ұлы екеуі онсыз да жаздың ыстығымен қураңқырап тұрған алаботаны тақыр жерге үйіп, от қойған. Әп-сәтте бұрқ етіп жанған құрайдың сары жалқын түтіні будақтап жанып бітіп, орнында аппақ күлі ғана қалды. Күл суып болған соң, оны қалақшамен үлкендеу дорбаға салып алды. Сөйтті де өзіне көмекші болып жүрген ұлына бұл шаруасының сырын айтпаған күйі «Құпиямның сырын соңынан бір-ақ білесің» дегендей:

– Жұмысымыздың бір бөлігін бітірдік. Енді ең жауапты бөліктері қалды деп, кешеден суытып қойған қазанның қақпағын ашып, сорпа бетіне төрт елідей болып қатып тұрған тоң майды бір ыдысқа салып қойды да, мәрмәр тастай аппақ болып қалған сүйектерді алып, сорпасын төкті.

– Бұл майды тамаққа қосамыз ба? – Санжар шыдамы таусылғандай кезекті сауалын қойған.

– Қазір көресің! – Рәзия тағы да ұлына негізгі мақсатын айтпаған. Ол күлдің ұнтағын жуылған қазанға төгіп, үстіне аздап су құйды да, әбден араластырып, күл ірімтіксіз қоймалжыңға айналған үстіне бір шелек су құйып тағы да араластырғанда, жарты қазан ақшулан ерітінді пайда болған.

– Бұл шаруамыздың екінші бөлігі – деген Санжарға – Қазандағы ертітіндінің суы буланып ұшып кетіп, қазан түбінде ұнтақ қалғанша бәсеңдетіп от жаға беру сенің міндетің, – деген.

Суы буланып ұшып, қазан түбінде қалған ұнтақты ұлына көрсеткен Рәзия:

– Мұны сақар қайнату дейді. Ал «сақар» деп, осы аппақ ұнтақты айтамыз, – деген.

Рәзия қазанның астына тал, қамыс сияқты жамба отынды баяу ғана жағып, қазандағы



сақардың үстіне екі литрдей сүйек майын құйып, ағаш қалақшамен араластыра бастады. Баяу отты үстемелеп жаға отырып, «қайтпай бар-қайтпай бар» деген сөзді қайталаумен болған.

– Бұл не деген сөз?

Ұлының сұрағына шешесі: «Балам, біз шешелеріміздің тәсілімен қазақтың ғасырлар бойы жасап, пайдаланған қара сабынын даярлап отырмыз, – деп, бағанадан құпиялап келген сырын ашқан. «Қайтпай бар» деп сабынымыз айнып, іріп кетпес үшін айтылатын киелі сөз. Бұйыртса, мұндай сабын, біріншіден, кірді жақсы шығарады. Екіншіден, бірден езіліп кетпей, 4-5 рет кір жууға жетеді, үнемді. Үшіншіден, денедегі безеу сияқты теріге шығатын бөрткендерге шипалық қасиеті бар.

– Қазақтың ойлап тапқан химиясы десеңізші!

– Солай десе де болар, бала кезімізде шешелеріміз көмектескен балаларға «бұзаушық» деп кішкене ғана үлес беретін. Оны біз жайлаудағы хош иісті гүлдердің күлтелеріндегі шырындарын шырпының қорабына салынған бұзаушығымыздың үстіне сығып, иісі бұрқыраған кішкентай иіс сабын даярлап алатынбыз. Сабын қайнатқан кезде балалар алабота орып әкелген соң, ауылға бөтен адам келмес үшін қара жолдың бойында күзетке тұратын. Даярлап жатқан сабынды бөтен адам көрсе, ол айнып кетеді екен дейтін де ырым бар. Келе жатқан жолаушыға: «Біздің үй сабын қайнатып жатыр еді» десе, жөн білетін жолаушы: «Ә, солай ма?» деп бұрылып кете барады. Шешейдің қыстай жинаған сүйек атаулының қайнатып алған майынан даярлап алған жұдырықтай 3–4 қара сабыны бір жылға жетіп қалар еді.

Рәзия әбден қоймалжыңданған қайнатпаны кішкене кеселерге толтырып, тақтайдың үстіне төңкеріп-төңкеріп, кептіріп қойды.

Ертеңіне кепкен сабындар бір-бір кесек қара тасқа айналып қалғандай еді.

Рәзия жасаған сабындардың біреуін сұрап алған көршінің әйелі бұған келіп, алғысын жаудырған, денесіне бөрткен шығып жүрген кішкентай қызына сабын шипа болып, екі-үш күнде құлан-таза жазылып кетіпті. Көп ұзамай шипалы сабынның дақпырты бүкіл ауылға жайылып, сұраушылар көбейген. Тіпті қара сабын жасау үшін ең қасиетті екі зат – алабота мен майды өздері әкеліп, тапсырыс беретіндер көбейген. Айтатындары: «Шынында, сенің сабының өте үнемді екен. Жуатын кіріңді бір сүртсең болды, ақ көбігі бұрқырап шыға келеді. Анау-мынау тері кінәраттарын да жазады екен». Қой-ешкі сияқты ұсақ малдарын күту мен екі сиырының сүтін сауып, құрт-май әзірлеу, балаларын күтіп, бағып, тамақтандыру сияқты көзге көрінбейтін шаруалардан екі қолын төртеу ете алмай жүргенде сабын қайнату дейтін өзі тілеп алған қосалқы шаруа Рәзияны мұрттай ұшыратын.



Оның шипалы сабынының атағы ауылды қойып, ауданға, тіпті одан тысқары жерге жете бастаған.

Бір күні ертеңгі шай үстінде отағасы ақыл айтқан.

– Қазір еңбегіңді сатқанның айып-шамы жоқ. Сабыныңды

даярлап, әуреленгеніңмен қоймай, текке үлестіре бергенше неге сатпайсың? Май іздесең орталықтағы дүкендерде тұрған тоң майды сатып әкелейік. Алаботаны өзім-ақ молдап даярлап берейін, – деген.



Арада екі жыл өткеннен кейін Рәзияның сабындарын жәшік-жәшік қып, басқа қалалардан келіп алып кететіндер көбейді. Баспаханаға тапсырыс беріп, «Шипалы қара сабын» деген жазуы бар кішкене қорапшаларды да жасатып алған. Ағзам болса қасына бір көмекші алып, алабота, ол азайса, көлге жақын жазықта өсетін көкпек дейтін бұта тектес өсімдікті шауып әкелетін болған. «Оның да аппақ күлі алаботадан айнымайды екен» дегенді біреулерден естіп, тәжірибе жасап көрген. Рас екен. Үлкен көлдің бергі жағындағы сары далаға бітік өскен көкпектің қоры таусылмайтын қазына еді.

Ағзамның ақылымен, бастаған еңбекті сату деген мәселе Рәзияның бұл шаруасының бірте-бірте өрісін кеңейтіп, құлашын аша түсуге жол ашқан. Басында бір кесек сабынын көрші-қолаңға бес жүз теңгеден ұяла-ұяла сатқанмен, сұраушылар көбейе берген соң және дүкендерден мол-молдап алып алатын тоң майдың құнын шығару үшін бес жүзге үш жүз, одан екі жүз теңге қосып көрген. «Мынауың қымбат» деген ешкім болмаған. Соңғы бір-екі айдан бері бір қорабына тағы екі жүз қосып еді, шын мәнінде «Анау үшін ақшаны қайдан аламыз?» деген күн ұмытылды. Қазір отбасының үлкен-кішісі бар, оған қоса ауылдас үш-төрт әйелге жұмыс тауып беріп, жә деген жарнамасыз жалпақ жұртқа жария болған кәсіпкер атанған.

Отағасы да сабын қайнататын, оны кептіретін кең-мол жай тұрғызып, оған сабын қайнататын тайқазан орнататын, алабота, көкпек өртейтін асты цементтелген алаң даярлаған. Тіпті кейінгі кезде екеуі қайнатқан сабындарды сұранысқа үлгермейтін болған соң шағын цехтарының орнына зауыт сияқты бірдеңе салуды қиялдай бастаған.

Сөйтіп, ауылда да қара сабын қайнатудың қазақы химиясынан бастау алған кәсіптің бір нұсқасы өмірге келіп еді.

РЕЗЮМЕ *В статье через процесс изготовления «чёрного мыла» раскрывается исследовательский дух казахских женщин и их способность сочетать народные традиции с научным подходом.*

SUMMARY *The article explores the research-oriented nature of Kazakh women through the traditional craft of «black soap» making, showcasing their skill in integrating ancestral knowledge with practical science.*

САУАЛНАМА

КӨРІСУ ДӘСТҮРІ — ТАТУЛЫҚТЫҢ ОШАҒЫ

Наурыз айы – жаңару айы, түлеу маусымы. Жер ана тағы бір жаңбырмен жуған жемістей тазарып, өзгеше түрге енген мезгілінде ұлтымыздың жаңа жылы – әз Наурыз мерекесі келеді. Сонымен қатар былтыр ғана наурыздың онкүндігіне еніп, алғашқы болып тойланған Көрісу күнінің мағына, мәні ерекше. Көрісу – ынтымақ пен берекенің, қарға тамырлы қазақтың татулығының көрінісі іспетті. Көшпелі елдің көшін түзеп, құдалар төс қағыстырып, ағайын араздығын жоятын гибратты мерекенің мән-мағынасын кейінгі ұрпаққа ұғындыру – айнымас борыш. Осы орайда назарларыңызға Көрісу мейрамы хақында сан-салалы пікірлер шоғырын ұсынамыз.

Әкім Ысқақ, ақын-сазгер:

– Наурыз күнінің бір ерекшелігі – бұл күн көрісуден басталады. Ұлыс күнінде сәлемдесудің қалыптасқан дәстүрі бар, кісілер бір-бірімен кездескенде: Наурыз құтты болсын! Өмір жасың ұзақ болсын! Ұлыс бақты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін! Пәле-жала жерге енсін! – деп құттықтап ер адамдар қос қолдасып, төс соғыстырады, ал әйелдер болса құшақ айқастырады. Осы әдеп те сақталыну керек. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Осыларды азаматтар заманға сай өз істерімен шынайы көрсете білсе құба-құп болар еді. Ұлыстың ұлы күні ешкімді ренжітпейді, өзі де ренжімейді, дауыс көтермейді, әбес сөйлемейді, шарап ішпейді, құрбандық шалмайды. Міне, осы жағдаяттар ұлтымызда дағды болып, қалыптасқан. Шындығында Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланса, Көрісу күні елімізде қыстан аман шығып, бір-бірімен аман көріскен ақеділ қазақтың пейілін білдірген. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Елімізді бауырмалдыққа, адамгершілікке үндейтін Көрісу күні жаңғыра берсін, ағайындар!

Аманжол Қалыш, ғалым:

Көрісу – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Бұл дәстүр еліміздің батыс өңірлерінде (Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында) ерекше аталып өтеді. Қатал қыстан аман-есен шыққан тұрғындар көктем шыға, наурыз айында бір-бірін жасымен, жаңа жылымен құттықтап, амандасып, өзара қауышуы түрінде тойлап өтетін болған.

Бүгінгі Қазақстан аумағында алдымен Маңғыстауда 14 наурыз күні – Жыл басы, Ұлыстың ұлы күні болып атап өтіледі. Осы өңірде бұл күн (14 наурыз) – күн мен түннің теңелетін, көктем туатын кезеңі болып саналады. Ал еліміздің басқа өңірлерінде бұл мереке 22 наурызда тойланады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша бұл күні халық қыстың ауыртпалығынан құтылып, малдың аман-есен сақталғанына қуаныш білдіреді. Наурызға әрбір отбасы алдын ала жеті тағамнан тұратын ғұрыптық дәм (наурыздық) дайындайды. Ол үшін жергілікті халықтың дәстүрлі тамақтану жүйесін пайдаланды. Бұл тағамды тоя жеу арқылы тұрғындар жыл бойы тоқ жүруге үміттенді. Наурызды тойлау үш күнге созылады. Мерекеде барлық ауылдастар бір-бірін құттықтап, бақыт пен сәттілік тілейді.



Көрісудің адамның жынысына, үлкен-кішілігіне сай ерекшеліктері де болады. Ер адамдар кездескенде бір-бірімен төс қағыстыра құшақ айқастыра, әйелдерде өзара төс қағыстырып амандасады, әрі бет тигізіп, ишара

жасайды. Келіндер үлкендерге тізе бүгіп сәлем салады. Келген адамдар «жасыңмен!», «жас құтты болсын!» деген тілектер айтады. Жасы кішілері үлкендерге үйге сәлем бере кіріп, көрісіп



жақсы тілектерін білдіреді. Көрісуге келгендерге үйден дәм ауыз тигізу міндетті жоралғылардың қатарында саналады. Келгендердің құттықтауға келген үйлеріне сый-кәдесін ала келетін дәстүрі де болған. Жасы үлкендер де кішілерге ырымдап сый тарту ететін болған.

Мырзан Кенжебай, жазушы, журналист:

– Мен білетін «көрісудің» бірнеше түрі бар. Мәселен, біз студент кезімізде ауылға барып «Ассалаумағалейкүм!» десек, «көріспейсің бе» дейтін. Яғни «құшақтасып амандаспайсың ба» дегені. Шұрқырай құшақтасып, көрісіп жататын қазақ салты бүгінге таңсық емес. Бұл – бауырмалдықты, ағайындықты білдіретін ғажайып дәстүр өрнегі. Келесі түрі, бір адам қаза болғанда жоқтау айтып жатқан адамдарды құшақтауды да «көрісу» деп атайды. Қазаға қайғырып, қабырғасы қайысқан жандарды құшақтап көрісіп, қайғы болған үйдің жарасын жеңілдетіп, аласұрған көңіліне басу айтады. Бұл да – көрісудің бір түрі.

Қызылордадан ары қарайғы елдер құшақтасып-қауышып көріседі. Тіпті кейбір ағайындар көрісуге келмеген адамдарға өкпелеп, «көрісуге келмеді» деп тонын теріс жамылып біразға дейін ренжіп жүретін болған. Наурыздың жайма-шуақ күндерінде бір-бірін іздеген халық көшенің сәнін кіргізіп, тамаша салтымызды айқындайды. Құдалар көкірек түйістіреді. Мұны да көрісу деп атайды.

Жалпы, «Көрісу» салтын жаңғыртсақ, одан алар тағылым-тәлім мол деп есептеймін.

Жарас Сәрсек, ақын:

– «Көрісу» салты Батыс Қазақстанда кеңінен таралғаны мәлім. Ал біздің ауылда (Алматы облысында) жоқтың қасы болатын. Наурыз мейрамы – ағайын туыстың арасын жақындатып, араздықтың тыйылуына бірден-бір себепші мейрам. «Көрісу» салты жаңғырса, қазақтың қонақжайлығы өрби түседі. Құдалар төс қағыстырып, құрбылар табысып, мәз болатын мезгілдің жайма-шуақ кезеңі көңілдегі кірбіңді кетіріп, достыққа жол ашады. Қыс бойы аяздан қаталаған ағайын, көктемде көрісіп, сырларын бөлісіп, жүректері шуақ шашқанға не жетсін!

РЕЗЮМЕ

В опросе подробно говорится о достоинстве и значении традиции «көрісу» в жизни общества. Эта добрая традиция сегодня переживает свое возрождение и вновь занимает достойное место в духовной жизни народа.

SUMMARY

The survey highlights the dignity and significance of the Korisu tradition in society. This noble tradition is now experiencing a revival, reclaiming its rightful place in the spiritual life of the nation.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

ИБРАЕВА Ақмарал – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

ӘЛІМБАЙ Нұрсан – Т.ғ.к., профессор, музей саласының ардагері

САРОВ Сержан – Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі

ЖУМАБЕКОВА Гулайым – Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының өнер музейі

САҒАДИЕВ Ұлан – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы

ДҮКЕНБАЕВ Нұрлан – «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей -қорығы

АХМЕТЖАНОВ Нұрболат – «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

БОЛДЫҚОВ Жандос – «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

АМИРОВА Сабина – «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

МЕРГЕНБАЙ Нұржан – «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ҚОЙЛЫБАЕВ Әзімхан – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ДАНДЫҒАРАЕВА Бибігүл – «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

ИСМАТОВ Бахадир – «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейі

ЖАНДОСОВ Айбек – «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы

ӘБІЛСЕЙІТ Мұқтар – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ОСПАНОВ Ғалым – **"Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи** музей-қорығы

МЫРЗАБЕК Құдайберді – Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

ДҮЙСЕНҒАЛИ Мейрам – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

КИПИЕВ Мұхамбетқали – Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

АБЛАНОВА Эльвира – Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі

САФУЛЛИН Жантас – Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЛИАКПАРОВ Арман – Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі

ІЛИЯС Сейітжан – Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЯЗБАЕВА Рысжан – Жетісу облысы М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ержан – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі

МЕНДЕКИНОВА Гүлжан – Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі

КӨЗЕЙБАЕВ Сапар – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

САДЫРБАЕВ Қайрат – Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі

МҰҚЫШЕВА Гүлнәр – Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ШУБАЕВ Ерболат – С. Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық тарихи-өлкетану музейі

АЙТЫМБЕТ Баян – Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ТӨЛЕУБЕКОВА Эльдар – Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат комитетінде
16.08.2024 жылы тіркелген. Куәлік №KZ91VPY00099077

***«Музей әлемі»* танымдық журналына жазылыңыздар**
Журнал жылына 4 рет шығады

***Бір жылға жазылу бағасы* – 21 674,08 тг**
***Алты айға жазылу бағасы* – 10 837,04 тг**
***Үш айға жазылу бағасы* – 5 418,52 тг**
***Бір нөмірдің бағасы* – 5 418,52 тг**



Журналдың 2026 жылға арналған газеттер мен
журналдар каталогіндегі индексі – 76244
«Қазпочта» АҚ